

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ
САҚТАУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ МИНИСТРЛІГІ
ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ**

**ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ АУЫЛ
ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ**

**Қ.Ә. Әлиханова, Б.К. Омарқұлов
редакциясымен**

Қарағанды, 2015

ӘОЖ 614 (574.3) (035.3)

Қ 41

Пікір берушілер:

Уразова С.Н. - «Астана медициналық университеті» АҚ №2-ші жалпы дәрігерлік тәжірибе кафедрасының меңгерушісі, медицина ғылымдарының докторы

Канафина А.К. - Қарағанды облысы денсаулық сақтау Басқармасының бас терапевт маманы

Тайжанова Д. Ж. - ҚММУ №1 аурулар кафедрасының меңгерушісі, медицина ғылымдарының докторы

Қ 41 Қарағанды облысы ауыл тұрғындарының денсаулығы: монография / ред.Қ.Ә. Әлиханова, Б.К. Омарқұлов. – Қарағанды: «Гласир», 2015. – 212 б.

ISBN 978-601-202-200-1

Монографияда Қарағанды облысы ауыл тұрғындары арасындағы әлеуметтік маңызды аурулардың эпидемиологиялық туралы мәліметтер берілген. Ауыл тұрғындарына медициналық көмек көрсетуді ұйымдастырудың қазіргі жүйесін зерттеу нәтижелері берілген. Монография АМСКК мамандарына, жалпы тәжірибелік дәрігерлерге, үздіксіз кәсіби дамыту факультетінің резиденттері мен тыңдаушыларына арналған.

ӘОЖ 614 (574.3) (035.3)

Берілген басылым құқығы авторларға тиісілі. Осы басылымның қандай да бір түрде болмасын бөлігін немесе тұтас басылымды көбейту және таратуды - құқық иесінің қолжазбалық рұқсатынсыз жүзеге асыра алмайды.

ISBN 978-601-202-200-1

© Ұжым авторлары, 2015
© Қарағанды мемлекеттік медицина университеті, 2015

МАЗМҰНЫ

Анықтама	6
Белгілеулер мен қысқартулар тізімі	7
Кіріспе	9
1 АНАЛИТИКАЛЫҚ ШОЛУ. АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ ДЕН- САУЛЫҒЫНЫҢ ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ. АМСКК ДЕҢ- ГЕЙНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ, АЛДЫН АЛУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ	12
1.1 Ауыл тұрғындарының денсаулық жағдайы.....	12
1.2 Ересек ауыл тұрғындары арасындағы созылмалы әлеуметтік маңызды аурулардың таралуы.....	27
1.3 Денсаулық жағдайын анықтайтын ауыл тұрғындарының өмір сүру салттары мен шарттары.....	28
1.4 Ауыл тұрғындарына көмек көрсетуді ұйымдастыру және бас- қару мәселелері.....	32
1.5 АМСКК деңгейінде инновациялық қызметті ұйымдастыру, алдын алу, оңалту технологиялары.....	44
2 БАҒДАРЛАМА, МАТЕРИАЛДАР МЕН ЗЕРТТЕУ ӘДІС- ТЕРІ	52
3 2005-2013 ЖЫЛДАРЫҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША МЕДИЦИНАЛЫҚ-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	57
3.1 Облыстың ауыл тұрғындарының сырқаттылығы.....	71
3.2 Ауыл тұрғындарының мүгедектігі.....	82
3.3 2011-2014 жылдары облыстарда ауыл тұрғындарын жылжымалы медициналық кешенмен алдын алу зерттеулерінің нәтижелері.....	91
4 АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ АРАСЫНДА СОЗЫЛМАЛЫ ӘЛЕУ- МЕТТІК МАҢЫЗДЫ АУРУЛАРДЫҢ ҚАУІПТІ ФАКТОРЛА- РЫНЫҢ ТАРАЛУЫН ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ	112
4.1 Терапия саласының әлеуметтік маңызы бар аурулары бойынша зерттелетін ересек ауыл тұрғындарына сауалнама жүргізудің нәти- желері.....	112
4.2 АМСКК деңгейінде скринингтік тест жүйелерді қолдану нәтижелері.....	119
4.3 Терапия саласының әлеуметтік маңызды ауруларының қауіпті факторларын зерттеу бойынша сауалнама жүргізу нәтижелері.....	123
5 АУЫЛ АЙМАҚТАРЫНДА МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ БАҒАЛАУ (МЫСАЛЫ БҰҚАР- ЖЫРАУ АУДАНЫ)	128
6 АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫН БАСҚАРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ	150

6.1 Жүрек – қантамыр аурулары бар ауыл тұрғындарына медициналық көмек көрсетуді жетілдіру.....	150
6.2 Артериальды гипертензияның асқынған түрлерімен ауырған науқастарға медициналық көмек көрсету технологиясы.....	152
6.1.2 Артериальды гипертензия фондында мүгедектерде ми инсультын анықтау реабилитациясының технологиясы	
ҚОРЫТЫНДЫ.....	156
ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	172
ҚОСЫМША А.....	193
ҚОСЫМША В.....	202
ҚОСЫМША С.....	206
ҚОСЫМША D.....	209

БАСЫЛЫМНЫҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

Бас редакторлары:

Әлиханова Қарлығаш Әнгельбайқызы – ҚММУ үздіксіз кәсіби дамыту факультетінің жалпы дәрігерлік тәжірибе кафедрасының меңгерушісі, медицина ғылымдарының докторы, профессор

Омарқұлов Бауыржан Кәденұлы – ҚММУ тұлөктерін жұмыспен қамту және клиникалық бөлімінің бастығы, медицина ғылымдарының кандидаты, доцент

Авторлар ұжымы:

Әлиханова Қарлығаш Әнгельбайқызы - м.ғ.д., профессор

Абуғалиева Тлеужан Оразалықызы - м.ғ.к., доцент

Алпысова Айгүл Рахманберліқызы - м.ғ.к, доцент

Байғожин Мұрат Әлімұлы - Бұқар-Жырау ауданының бас дәрігері

Жақыпбекова Венера Амантайқызы - м.ғ.к., доцент

Искаков Ернар Бокенбайұлы - ассистент, магистрант

Кұлмағанбетов Серік Әуесханұлы - ассистент, магистрант

Омарқұлов Бауыржан Кәденұлы - м.ғ.к., доцент

Рождественский Александр - Қарағанды облысының РМК

Викторович РЦЭЗ филиалының директоры

Серікова Майя Сағындыққызы - ассистент, магистрант

Такирова Айгүл Тлеуханқызы - ассистент

АНЫҚТАМА

Осы монографияда анықтамаларға сәйкес келетін келесі терминдер қолданылған:

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ – азаматтардың денсаулықтарын қорғауға бағытталған әлеуметтік – экономикалық, медициналық және басқа да шаралардың жиынтығы.

ӘДІСНАМА – бағдарлама жоспарын орындау тәсілін қамтамасыз ететін іс-әрекеттің логикалық бейнесі және әдістері.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ РЕСУРСТАРЫ – 1) медициналық қызметкерлер (адами ресурстар); диагностикалық және емдеу құрылғылары; ғимараттар және оның материалдық – техникалық қамтамасыз етілуі және мазмұны; дәрі - дәрмек және тағамдық азық – түліктер; білім және тағы басқалары; 2) денсаулық сақтау жүйесі қызметі үшін лайық ұғымдар. Денсаулық сақтау ресурстары денсаулық сақтау қызметінде және басқа да секторларда адам ресурстарын; құрылыс және инженерлік қызметтерді, санитарлық, медициналық мекемелердегі қоғамдық жылу жүйесін пайдалануы мен қолдануын; құрылғылар және оны жеткізу, қаржы, білім және басқа да технологияларды қамтиды. Бұл ресурстар саяси құрылымның ішінде және денсаулық сақтау шараларын басқарудың тізімінде орналасқан. Денсаулық сақтау жүйесімен салыстырғанда денсаулық сақтау ресурстарының сапасы маңызды фактор болып табылады. Әдетте денсаулық сақтау ресурстарының сапасы көптеген жағдайларда заң бойынша және стандарт бойынша анықталады. Стандарттардәрігерлер және медбикелермен лицензияланып, білікті мамандарды анықтауы мүмкін.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІ – медициналық көмек алуға және денсаулық сақтауға бағытталған азаматтардың құқықтарын қамтамасыз ететін денсаулық сақтау субъектілерінің және мемлекеттік органдарының жиынтығы.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

АҚ	Артериялық қысым
АГ	Артериялық гипертензия
ҚАЖ	Қан айналым жүйесінің аурулары
ДА	Дәрігерлік амбулатория
ДДСҰ	Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы
ЖТД	Жалпы тәжірибе дәрігері
АИТВ	Адамның иммундық тапшылық вирусы
АМТ	Алғашқы мүгедек болып табылғандар
ТМККК	Тегін медициналық көмектің кепілдірілген көлемі
ДССҰАЖ	Денсаулық сақтау саласының ұлттық ақпараттық жүйесі
ДССБАЖ	Денсаулық сақтау саласының бірыңғай ақпараттық жүйесі
ЖИА	Жүректің ишемиялық ауруы
ҚК	Қарқынды көрсеткіш
ОДБ	Оңалтудың дербес бағдарламасы
ЕАМ	Емдеу- алдын алу мекемелері
ТҚЛ	Төмен қысымды липопротеиттар
ЖҚЛ	Жоғары қысымды липопротеиттар
ДСМ	Денсаулық сақтау министірілігі
ЖТМ	Жалпы тәжірибе медбикесі
ҒЗЖ	Ғылыми – зерттеу жұмысы
ЖДТ	Жалпы дәрігерлік тәжірибе
ӨСҚШ	Өмір сүру қызметінің шектеулігі
ОСӨСҚО	Облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы
АМ	Алғашқы мүгедектік
ЖМК	Жылжымалы медициналық кешен
АМСКК	Алғашқы медициналық – санитарлық көмек көрсету
ШЖҚ	Шаруашылықты жүргізу құқығы
ҚР	Қазақстан Республикасы
РФ	Ревматоидты фактор
ОДА	Отбасылық дәрігерлік амбулатория
РА	Реактивті ақуыз
ФАБ	Фельдшерлік акушерлік бекет
СЖЕА	Созылмалы жұқпалы емес аурулары
ФК	Функционалды класс
ЦВА	Цереброваскулярлы аурулар
МОД	Мүгедектердің орталық дерек қоры
НР	Helicobacter pylori
СӨСҚЖҰО	Салауатты өмір салтын қалыптастыратын Жобаның Ұлттық орталығы
ЖҚА	Жүрек-қантамыр аурулары
АХЖ-10	10-шы рет қаралған аурулардың халықаралық жүйесі

ҚД	Қант диабеті
ӨМИ	Өткір миокард инфарктісі
ФГДС	Фиброгастродуоденоскопия
УДЗ	Ультродыбыстық зерттеу
ЭКГ	Электрокардиограмма
КДҚ	Консультативті- диагностикалық қызметтер
ЖҚЖ	Жүрек-қантамыр жүйесі
АІЖ	Асқазан-ішек жолдары
ОЖЖ	Орталық жүйке жүйесі
ІА ҒЗИ	Ішкі аурулардың ғылыми зерттеу институты
БМҚЖЖ	Бас ми қанайналымының жедел бұзылуы
ТЖМК	Төтенше жедел медициналық көмек
СМП	Жедел медициналық көмек
МБ	Медициналық бекет
АБА	Ауылдық бөлімшелік аурухана
ОАА	Орталық аудандық аурухана
КБОҒҚ	Кардиологтардың Бүкілодақтық ғылыми қоғамы
ЖЖЖ	Жүректің жиырылу жиілігі
ТИА	Транзиторлы ишемиялық шабуыл
ЭЭГ	Эхоэнцефелография
ӨЖВ	Өкпенің жасанды вентиляторы
ФК	Функционалды класс
МӨЭ	Медициналық – әлеуметтік экспертиза

КІРІСПЕ

Қазіргі уақытта дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) нұсқауы бойынша аса жиі кездесетін аурулардың, өлім жітімнің және алдын алудың, аурушандықтың таралуын зерттеу, бұл халық денсаулығын сақтау ұлттық бағдарламаның маңызды құрамдас бөлігі, сондай-ақ, госпитальды және госпитальға дейінгі деңгейлерде медициналық көмек беру жоспарының негізі болып табылады.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев 27.01.2012ж. өзінің Қазақстан халқына жолдаған Жолдауында еліміздің жаңа даму кезеңінде денсаулық сақтау жүйесінің жоғары технологиялық дамуы және медициналық қызмет сапасының жақсаруы мемлекеттік саясаттың бірі болуы керек екенін атап өтті. Халықтың денсаулығы кез келген мемлекеттің әлеуметтік – экономикалық жағдайы жүйесін қалыптастырушы факторына жатады. Әр адамның дербес денсаулығы бәсекеге қабілетті қоғамның негізгі көрсеткішінің бірі болып табылады. Жүргізілген талдаулар негізінде Қазақстан Республикасының 2011-2015ж. арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік денсаулық сақтау стратегиялық бағдарламасы Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесінің және қазіргі денсаулық жағдайы бағытының дамуын механикалық іске асырылуының басымдылығын анықтады. Осы бағдарлама негізінде балалармен ересек адамдарда кездесетін әлеуметтік маңызы бар ауруларды қанайналу жүйесін, тыныс алу ағзаларын, эндокриндік жүйе, туберкулез, онкологиялық және жұқпалы ауруларды; балаларда туа біткен кемістікті; әйелдерді скринингтік зерттеу арқылы репродуктивті жүйеде онкопатологияны ертерек анықтау, скринингтік зерттеулерді күшейту жоспарланған. Сонымен қатар, ауыл тұрғындарының денсаулықтары, өмір сүру сапасы туралы сұрақтары өз шешімін тапқан жоқ. Ауыл тұрғындарының денсаулықтарын сақтау туралы сұрақтары бойынша сектораралық және ведомствоаралық өзара әрекеттесу механизмдері толық өнделмеген. Сонымен қатар, әлеуметтік - маңызды аурулармен қатар өмір сүру қызметінің шектеулігіне халықаралық танылған критериалды бағасын енгізумен бірге сауықтыру және әдіснамалық қорды жетілдіру үшін медициналық-әлеуметтік сараптаманы жүргізу қажет. Алғашқы медициналық – санитарлық көмек көрсету(АМСКК) деңгейінде осы мәселелердізерттеу денсаулық сақтау саласы жүйесінің алдын алу бағытын күшейтуге мүмкіндік береді [1].

Әртүрлі дәрежедегі ауыл тұрғындары арасындағы әлеуметтік маңызды ауру қауіпінің үдеу факторларын, сонымен қатар олармен күресу жолдарын анықтау, алдын алу механизмдерін зерттеу мәселесі туындап отыр. Қазіргі қаржылық-экономикалық дағдарыс, жұмыссыздық, стресс, депрессия адаптациялық үрдістерді зерттеу қажеттілігін ұшықтырды, оның ішінде барлық мүшенің қорғаныш реакциясына қатысатын маңызды гомеостаз жүйесі ретінде ерекше орынды қан жүйесі алады.

Соңғы он жыл ішінде қалыптасқан еліміздегі әлеуметтік – экономикалық жағдай халық денсаулығына елеулі зақым келтірді. Бұл мәселелер ресей елінің ғалымдарын да толғандырады, шұғыл іс - шараларды жүргізу денсаулық сақтау жүйесімен қоса мемлекет тарапынан да орындалуы керек деп санайды [2,3,4,5,6,7,8,9,10]. Қазіргі уақытта бүкіл дүниежүзілік қауымдастықты қамтыған экономикалық дағдарыс, денсаулық сақтау құқығын ұстануға қатысты, сауықтыру бағдарламасын іске асуының шектеулігі, мемлекеттік кепілдіктің айтарлықтай қысқаруы, барлық халықты қолжетімді және сапалы медициналық көмекпен қамтамасыз ету мәселелерін шешу көптеген мемлекеттер үшін түрткі болды [8,9,10,11,12,13].

Қоғамның әлеуметтік - экономикалық мәселелері көп жағдайда ауыл тұрғындарының денсаулықтарына әсер етуде, соның нәтижесінде елімізде әлеуметтік және экономикалық қайта құру барысында емдеу - диагностикалық базасы, медициналық мекемелердің материалды – техникалық жабдықталуы, ауылдың денсаулық сақтау саласын ресурстармен қамтамасыз етілуін әлсіретті. Ауылдың денсаулық сақтау құрылымында медицина мамандарының жеткіліксіз жинақталуымен бірге қуаттылығы аз емдеу - алдын алу мекемелері басымырақ, қаржыландырудың тапшылығы барысында және ауылдың денсаулық сақтау мекемелерінде материалды - техникалық базасының тозуы, ауыл тұрғындарын сапалы медициналық көмекпен қамтамасыз ету мүмкіндігіне шектеу қояды.

Бірқатар зерттеушілердің пікірі бойынша [8,9,10,11], медицина-лық көмек көрсету ұйымдарының басқа да мәселелеріне денсаулық сақтау жүйесінің барлық бөлімдерінің өзара әрекеттесуі және әлсіз сабақтас-тығы, ауылдық жерлерде ресурстық базасын қолдану тиімділігінің төмен болуын айтады.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында ауыл тұрғындарының денсаулық жағдайының ерекшеліктері мен заңдылықтар негізгі интегративті бағаны алуға мүмкіндік беретін, Қазақстан Республикасының ауыл аймақтарын қалпына келтіру бағдарламасы және диагностикалық - емдеудің алдын алу, тәжірибелік жалпы сауықтыру, ғылыми және мақсатқа бағытталған әзірleme базасының негізі үшін қызмет атқаратын және жүзеге асырылатын, емханалық - амбулаториялық және стационарлық көмектің қажет нормативтерін анықтау әлеуметтік - гигиеналық жүйесіне жақындау әдіснамасы негізделді.

Осыған орай қоғамда әлеуметтік - экономикалық қайта құру жағдайы барысында тұрғындар денсаулығының медициналық - демографиялық көрсеткіштерін жақсарту мақсатында ауылдық жерлерде тұратын халыққа медициналық көмек көрсетудің сапасын және қолжетімділігін арттыру жолдарының тиімділігін іздеу аса маңызды. Сонымен қатар, ауыл тұрғындарының денсаулық жағдайларына әлеуметтік - тұрмыстық, материалды - экономикалық, өндірістік, коммуникациондық, мәдени - білімдік және мінез - құлықтық факторлары

әсер ететінін ескеру қажет, оларды зерттеу ауыл халқына медициналық көмек көрсету жүйесін арттыруға көмек беретін, ғылыми сараптамалық-ұйымдастыру жобасын әзірлеуге мүмкіндік береді.

1 АНАЛИТИКАЛЫҚ ШОЛУ. АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ ДЕН- САУЛЫҒЫНЫҢ ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ. АМСКК ДЕҢГЕЙІНДЕ- ГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ, АЛДЫН АЛУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

1.1 Ауыл тұрғындарының денсаулық жағдайы

Көптеген онжылдар бойы ауыл тұрғындарының денсаулық мәселелері терең зерттелу құралы болды. ҚР-ң 13.02.1991ж. «Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешеннің және ауылдың даму бағыты туралы» заңында (20.12.2004 ред.) денсаулықты сақтау сұрақтары қарастырылды (41 бап «Денсаулық сақтау мекемесі торының дамуы»), ол ауыл тұрғындарына жалпы қолжетімді, тегін, білікті медициналық қызметті және ауыл мен қала тұрғындарына медициналық қызмет көрсету деңгейлерін жақындастыруға бағытталған іс - шараларды іске асыруға кепіл болды. Дер кезінде медициналық көмек көрсетілуін және қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында орналастыру сипатын есепке алу, ауылды елді мекендерде денсаулық сақтау мекемесінің даму желісі іске асырылды [14].

Сонымен қатар, Қазақстанда ауыл тұрғындарының денсаулығын нығайту мен сақтауға бағытталған 1997 - 2013 жылдар аралығында «Дені сау ауылдар» атты Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының жобасы іске асырылуда. Бұл жобаға 300-ден астам ауыл қатысады [15,16]. Республика аумағында жыл сайын өткізілетін «Дені сау ауыл» атты Республикалық конкурс жобаның тәжірибе негізінде жұмыс құралы ретінде болды, оның міндеті –жергілікті басқару органдарын ауыл мәселелеріне назар аударту еді. Жобаның негізгі мақсаты: ауыл тұрғындарының денсаулығын нығайту мен сақтауға қолжеткізу үшін сектораралық ынтымақтастықты түзету.

Жоба қызметін ұлттық үйлестіруші Салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемалары Ұлттық орталығы (СӨСҚПҰО) және аймақтық үйлестіруші салауатты өмір салтын қалыптастыратын 14 облыстық орталықтың қалыптасуын қадағалайды (СӨСҚПОО). Тұрғындардың денсаулығын қорғау (облыс әкімдерінің орынбасарлары) үйлестіруші төрайым кеңесінің басшылығымен «Дені сау ауыл» атты конкурс облыс әкімдерінің қолдауымен іске асырылуда және ауыл тұрғындары арасында аса танымал. Жобаның тиімділігі Республикалық «Дені сау ауыл» конкурсының қорытындылары бойынша бағаланады. Жобаға шамамен 300-ден астам ауыл қатысты. Конкурс III кезеңде өтті: аудандық, облыстық және республикалық деңгейде. Жобаны іске асырудың нәтижесінде ауылдардың су жүйесімен қамтамасыз етілуі, қоршаған ортаны адамдар мен жануарлардың нәжістерінен ластануынан қорғау, қатты тұрмыстық қалдықтарды жою және оларды шығару жүйесін реттеу мәселелері шешіледі. Денсаулық сақтаудың тұрақты жүйесі қалыптасады, мәдени үйлер, спорттық құрылыстар жүргізіліп,

тұрғылықты үйлер жабдыкталады: электр, газ және кәріз жүйесімен қамтамасыз етіліп, көлік жүйесі ұйымдастырылып, тұтастай ауыл халқының өмір сүру сапасы жақсарады. Сөйтіп, ДДҰ-ң «Дені сау ауыл» жобасы ауыл тұрғындарының денсаулығын жақсарту мен Қазақстан ауылдарын және ауыл тұрғындарының салауатты өмір салты әдістерінің тиімді құралдарының бірі болып табылады.

Ауыл бойынша басқа құқықтық құжат 2003 жылдың 10 шілде №1149 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы «2004-2010 жылдары Қазақстан Республикасында ауыл территориясының Мемлекеттік даму бағдарламасы туралы» болды. Құжаттағы ерекше көңіл бөлетін мәселелер ауылдық елді мекендерді денсаулық сақтау объектілермен қамтамасыз ету, өйткені ауыл халқының денсаулық жағдайы және көрсетілетін медициналық көмек деңгейі талаптардан артта қалуда, көрсетілетін медициналық көмек сапасы мен көлемі өсіп келе жатқан ауыл тұрғындарының қажеттілігін қанағаттырмайды. Тұрғындардың денсаулықтарының нашарлауы нашар экологиялық жағдайы, таза ауыз сумен толық қамтамасыз етілмеуі әсер етті. Ауылдық емдік – сақтандыру ұйымдарының материалдық – техникалық базалары нашар жағдайда қалып қоя берді. Медициналық ұйымдар санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келмейтін, ыңғайсыз (суық және ыстық су жүйесімен, телефонмен қамтамасыз етілмеген) бөлмелерде орналасқан, санитарлық автокөлікпен, жұмсақ және қатты инвертармен, заманауи медициналық құрылғылармен толық қамтамасыз етілмеген. Дәріхана дүңгешектері ауылды жерлердің денсаулық сақтау объектілерінің барлығында кездеспеді [17].

Қашықтықтан мамандандырылған білікті медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі 2004 жылдан бастап «Ауылды елді мекендерде денсаулықты сақтау саласында телемедицина мен мобильді медицинаны дамыту» инвестициялық жобасын жүзеге асыруда. Осыған орай ауылдық жерлерде телемедицинаны кезең-кезеңмен енгізу жүргізіліп отыр, бүгінгі таңда ол 14 аймақта енгізілген [1,17,18,19,20].

2010 жылы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтауды дамытудың «2011-2015 жылдары Қазақстан Республикасының мемлекеттік денсаулық сақтау «СаламаттыҚазақстан» бағдарламасының дамуы енгізілді, онда ауыл халқының денсаулығын сақтауды жітілдірудің міндеттері анықталған. Денсаулық сақтау салаларының 50 ұйымында денсаулық сақтаудың біртұтас ақпараттық жүйесі енгізілген (ДСБАЖ) [1,20].

Облыстық денсаулық сақтау саласын білікті мамандармен қамтамасыз ету әлі күнге дейін толық шешілмеген күрделі мәселе болып отыр. Бүгінгі таңда облысымызда 59 мыңға жуық дәрігерлер қызмет атқарады. Жоғары білімді медицина мамандарының саны жыл сайын артуына қарамастан шамамен 9,5% - ға артық. Медициналық жоғары оқу орындарына оқушыларды қабылдаудың жоғарлау есебінен бітіріп шық-

қан жас мамандардың артуына қарамастан, денсаулық сақтау саласында мамандардың жетіспеушілігі сақталуда, әсіресе ауылды жерлерде. Ауыл халқын дәрігер мамандармен қамтамасыз етудің көрсеткіші қалаға қарағанда 4 есе аз. Қазақстан аймақтары бойынша дәрігер мамандарының біркелкі бөлінбеуі өте жоғары деңгейде сипатталады және де кейбір аймақтарда (Алматы облысында) 10 мың халыққа 9,5 дәрігерден 19,3 дәрігерге дейін (Қарағанды облысында) келеді [1,21,22].

Мамандардың «қартаю» тенденциясы байқалады. Медицина саласына жас мамандардың ағымы көптеп келуіне қарамастан, олардың үлесі жеткіліксіз және барлық дәрігер мамандарының жалпы санының 4%- ақ құрайды. Бұрынғысынша мамандыққа деген тартылымдылықтың төмен болуынан және жоғары оқу орнын бітірушілердің жұмыспен қамту деңгейінің мотивациялық механизмнің болмауынан оларды жұмыспен қамту деңгейі 87% -дан аспайды [22,23].

Әлі күнге дейін дәрігерлік көмекке қол жеткізудің біркелкі еместігі және медициналық көмектің сапасы өте төмен болуы сақталуда. Соған қарамастан, Қазақстан халқының 40%-дан жоғары үлесі ауыл халқы бола тұра, қазіргі уақытта денсаулық сақтаудың инфрақұрылымы мегаполистерде, атап айтқанда Астана және Алматы қалаларында шоғырланған. Бұл еліміздің әртүрлі аймақтарынан келген науқастардың сапалы және жоғары технологиямен жабдықталған медициналық қызметтерге қол жетімділігін қиындатады. Сонымен қатар, аймақтар бойынша ресурстардың біркелкі болмай бөлінуі де байқалады. Мысалы, 2009 жылы тегін медициналық көмектің мемлекеттік көлемінің шығынын бөлгенде (ТМКМК) 1 тұрғынға шаққанда 12 964 мыңнан 21 289 теңгені құрады.

Осыған байланысты аймақтық денсаулық сақтау мәселесі ерекше көңіл бөлуді талап етеді, сондықтан Мемлекеттік бағдарламаның бірден бір міндеті медициналық көмекті аймақтар бойынша қаржыландыруды теңестіру болып табылады. Бұл Қазақстан халқының сапалы және жоғары технологиялық медициналық көмекке шынайы теңдікпен қамтамасыз етілуіне мүмкіншілік туғызады [1].

Бағдарламаның 5,4 тармағына сәйкес «Денсаулық сақтаудың біртұтас басқаруды және қаржыландыруды жетілдіру» одан әрі дамытуды жоспарлайды және ауыл халқына алғашқы медициналық – санитарлық көмекті көрсетудің сапасын жетілдіруді жоспарлайды. Бұл бағдарламаға ауылдағы медицина қызметкерлерінің біліктілігін әрі қарай жоғарлатуда енеді. Мысалы, оларды тұрғын үйлермен қамтамасыз ету, бір реттік төлем ақы төлеу, ауылдық жерлерде медициналық көмекке қиын қол жеткізетін аймақтағы тұрғындар үшін күшті медициналық бригадаларды қалыптастыру қажет [1].

Халықтың денсаулық жағдайын сипаттайтын негізгі көрсеткіштерді, ұлттық ерекшеліктерін ескермей шетелдік монетаристік сценария бойынша құрылған нарықтық инфрақұрылымға ауысу елімізде қайта құрылу көптеген жағымсыз салдарға әкелді, оның ішінде демографиялық көрсеткіштердің келеңсіз жағдайына, халық денсаулығының келеңсіз

көрсеткіштеріне әкелді [1,2,3]. Бұл жиналған ақпараттардың негізгі үлесі оның ішінде дәлелді медициналық материалдары бұл келеңсіздікке маңызды рөлді экономикалық, әлеуметтік, экологиялық және институционалдық детерминанттардың алатыны айтылған. Популяциялық деңгейде экономикалық және әлеуметтік жағдайда маңызды рөлді атқаратыны жайында толық мәліметтерді анықтауға болады [4].

Адам үшін ең маңызды құндылық – ол оның денсаулығы, ал мемлекет үшін бұл дегеніміз – ең басты приоритеті. Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы халыққа жолдаған Жолдауында оның ішінде «Қазақстан 2050» стратегиясы» жолдауында денсаулық сақтаудың ұлттық жүйесін қайта жобалау төңірегінде медициналық көмектің біртұтас сапалы стандарттарын енгізуді қажет екені көрсетілген. Бұл дегеніміз – мемлекет барлық азаматтарға медициналық көмектің бірдей қолжетімділігін қамтамасыз ету керек [5].

Салауатты өмір салтын бекіту және медицинаның дамуы Қазақстан халқының тіршілік ету жасының орташа ұзақтығы 80 жас және одан да жоғарлатуға мүмкіндік береді. Қазақстан медициналық туризмнің бірден бір Евразиялық орталығының маңызды жетекшісі бола алады. Денсаулық сақтаудағы ең басты басымдылық - ол алғашқы медико-санитарлық көмекті дамыту. Жұмыс берушілердің және жұмыскерлердің денсаулығы - медициналық көмекпен қамтамасыз ету жүйесінің ең басты қағидасы, мемлекеттік жауапкершілікке жатады. Спортпен шұғылдану, дұрыс тамақтану, үнемі алдын алу тексерулерден өту бұл – аурудың алдын алудың негізі болып табылады [5].

Қазақстан Республикасы кодексін іске асыру мақсатында денсаулық сақтау ұжымының «Денсаулық сақтау жүйесі және халық денсаулығы туралы» (2009) мемлекеттік нормативтері өңделіп, бекітілген. Онда мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарын реттеу жүйесін құру қарастырылады. Көп бейінді ауруханалар жүйесін құру ең алдымен ауыл халқының медициналық көмекке қолжетімділігін қамтамасыз етуі қарастырылады [24,25].

Қазақстан халқының жартысынан көп бөлігі ауылды жерлерде тұрады, бірақ қазіргі медицина ауыл халқының барлығына бірдей толық қол жетімді емес. Денсаулық сақтау ұйымы жүйесінің мемлекеттік нормативтерге сәйкес медициналық ұйымдарға қойылатын талап төменгі деңгейге түсірілген. Нормативтер былай өзгертілген: ауылдық жерлерде емханалар салудың орнына олар дәрігерлік амбулаториялардың санын арттыруды көздейді. Яғни, қазір аудандық ауруханалардың саны сәйкес келгенімен, стандарт бойынша қойылатын барлық нормативтік жүктеме денсаулық сақтау ұйымдарының амбулаториялық мекемелердің төменгі деңгейіне аударылған. Осы деңгей мемлекеттік стандартқа жан – жақты сәйкес келуі керек. Ал, стандарттар халықтың ең маңызды мұқтаждығына сәйкес келіп, барлық халықты қамтамасыз етіп, осылайша халықты толық медициналық көмекпен қамтамасыз етуі керек. Қазіргі кездегі нормативтер адам саны 50-ге жетпейтін ауылдық елді мекендерде

медициналық көмекпен қамтамасыз етуді қарастырмайды. Ал мұндай елді мекендер әртүрлі бағалар бойынша 400-ден артық. Олардың тұрғындары медициналық көмектің мемлекеттік кепілді минимальды көлемінен тыс қалуда. Бұрынғысынша ауылдық жерлерде дәрігерлер мен фельдшерлер жетіспейді, амбулаториялар мен акушер – фельдшерлік бекеттер де жетіспейді. Медициналық құрылғылармен, автокөліктермен нашар жабдықталған, ал ең бастысы – білікті медициналық мамандардың жетіспеушілігі байқалады, міне осылар бүгінгі таңдағы ауыл медицинасының ең қатаң күндері [6,25].

Халықтың ауруға шалдығуы қоғамда болып жатқан күрделі әлеуметтік – экономикалық үрдістер салдарының көрінісі болып табылады. Емдеу-алдын алу ұйымдар жүйесінің қысқаруына байланысты медициналық көмекке қол жетімділігі шектеулілігі, халықтың дәрігер көмегіне жүгінуінің төмендеуіне және осының салдарынан ауруды анықтаудың азаюына әкеледі.

Соңғы жылдары емдеу - алдын алу мекемелер жүйесінің біртіндеп қалпына келуі медициналық көмекке қол жеткізуді кеңейтеді, соның нәтижесінде 2000 жылдан бастап ауруды анықтау саны жоғарлаған, сонымен қоса аурудың барлық түрлерін қамтамасыз етуі де өскен, (оның ішінде медициналық мекемелерге халықтың сирек қаралатын психикалық бұзылыстар мен тәртіп бұзушылықтардан басқасы). Аурудың жекелеген кластары бойынша әртүрлі аурулардың өсу қарқынының көрсеткіштері әртүрлі [26,27,28,29].

Халық денсаулығының аса маңызды және объективті сипатының бірі – өлім көрсеткіші болып табылады, онда халық денсаулығына тікелей және жанама әсер ететін күрделі (медико - биологиялық, әлеуметтік - экономикалық, демографиялық және т.б.) факторларының өзара әрекеттесуі көрінеді. Сонымен, ауруды төмендету мақсатында денсаулық сақтау ұйымдары мен мекемелерінің бірінші кезектегі назар аударуын талап ететін аурудың нақты нозологиялық түрлері және басымдылық кластары негізделді [7,27,28,29].

Ауыл тұрғындарының денсаулық жағдайы әлі күнге дейін жағымсыз тұрақты трендке ие. Ауылдық елді мекендердің аудан орталықтарынан алшақ орналасуы, ауыл халқының медициналық көмекке қолжетімділігін төмендетеді. Байланыс құралдарымен, әсіресе ғаламтор желісімен төмен деңгейде қамтамасыз етілуі медициналық көмекке деген қолжетімділігін қиындатады. Сонымен қоса барлық ауылдық жерлерде денсаулық сақтау ұйымы үшін арналған ғимараттар санитарлық норма ережелеріне сәйкес келе бермейді [29,30]. Сонымен қатар, соңғы жылдары ауыл тұрғындарының денсаулық сақтау жағдайы, ауылдық денсаулық сақтау саласының материалдық – техникалық базасы, ауыл халқына көрсетілетін медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігі біршама жақсарған. 2011 жылдың қорытындысы бойынша ауыл халқының жалпы ауруға шалдығуы 2010 жылмен салыстырғанда 3,5 % -ға төмендеген.

Дегенмен, оның көрсеткіштері қалалық көрсеткіштен 1,5 есе төмен [6,27,29].

Соңғы жылдардағы ғылыми басылымдарда Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау саласында жүргізілген қайта құрулардың негіздері жайында және оның қорытындысы туралы мәселелер кеңінен талқыланып отыр. Көптеген авторлар: отандық денсаулық сақтау саласының жаңартуы мен қайта құрылуы ұзақ уақыт бойы жүргізілуіне қарамастан, қазіргі кездегі Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласының қызмет ету үлгісін қолайлы деп санамайтын тұжырымға келді. Бұрынғысынша қаржы және ресурс қорымен қамтамасыз етілудің жеткіліксіздігі, емдеу – алдын алу мекемелерінің (ЕАМ) қуаттылығы және құрылымы аймақтың экономикалық мүмкіндіктеріне, халықтың медициналық көмек мұқтаждығына сәйкес келмейді, медициналық саланы басқарудың тиімділігі және медициналық көмектің сапасы төмен болуы ең басты мәселе болып отыр [31,32].

Қазіргі кезде Қазақстанда ауыл тұрғындарының денсаулық жағдайы қанағаттанарлықсыз деп саналады: тіршілік етудің орташа ұзақтығы төмен, ауру көрсеткіші жоғарылауда, ауылдық жерлерде тұратын халықтың денсаулығы қалалықтармен салыстырған біршама төмен (денсаулық сақтау индексі - 10 пайыз). Ауылдық жерлерде алғашқы мүгедектік деңгейі Республикалық көрсеткіштен 1,6 есе артық, ауыл мекемелерінің материалдық – техникалық базасы төмен деңгейде қалып отыр [8,9,10]. Бірқатар авторлар [11,12,13] отандық денсаулық сақтау саласының қайта құрылуының салдарынан келеңсіз үрдістердің болғанын атап көрсеткен. Халық денсаулығын сақтаудың мәселелерін шешуде кешенді әдістің басымдылық деңгейі төмендеген, медициналық мекемелерді басқаруда әкімшілік элементтерін жоюлуы болған. Осының нәтижесінде олардан экономикалық механизмдер негізінде өтемақы алуға мүмкіндік болмады. Сондықтан көптеген отандық оқымыстылар қайта құрудың жағымсыз салдарының қатарына отанымыздың қауіпсіздік мәселесінің бірден бір негізі болып саналатын халық денсаулығының жағымсыз мәселелері бар екенін жатқызып отыр. Қазақстан халқының қоғам денсаулығының сәтсіздігінің негізгі себебіне өлімнің аса жоғары болуы мәселесі, бала туу деңгейінің, әлеуметтік маңызды патологиялардың (туберкулез, психикалық аурулар, артериальды гипертония, жүректің ишемиялық ауруы, алкогольизм, өз-өзіне қол жұмсау, жұқпалы аурулардың оның ішінде жыныстық жолмен берілетін аурулар, уытты және нашақорлық) кеңінен таралуына байланысты болып отыр. Бүгінгі таңда Қазақстанда денсаулық сақтауды басқаруды, оның құрылысын жетілдіруді, жаңа инновациялық шешімдерді енгізуді, жаңа ғылыми және институционалдық даму технологияларын қолдануын енгізуін талап етеді.

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрлігінің мәліметтері бойынша «Қазақстан Республикасындағы денсаулық сақтау

секторында технологияларды беру және институционалдык қайта құруларды жүргізу» жобасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің және бүкіл дүниежүзілік банктің стратегиялық серіктестігі төңірегіндегі бірден бір біріккен ықылас ынтасы болып келеді [33].

«Халықаралық тәжірибе негізінде денсаулық сақтаудың біртұтас ұлттық жүйесі төңірегінде медициналық көмектің сапасын және оның нәтижесінің жоғарлауын жандандыратын денсаулық сақтау саласының қазіргі кездегі қаржыландыратын әдістерін енгізу бойынша аймақтардағы алғашқы реттік көмек көрсететін денсаулық саласын қаржыландыруын әділетті болуын қамтамасыз ететін және ол жұмыстың нәтижесінде азаматтардың денсаулық сақтау ұйымдарын таңдауға мүмкіндік береді» деп ведомстволарда айтылған. Одан басқа денсаулық сақтау ұйымдарын басқару тиімділігін жоғарлату үшін автономды жеке ауруханалық басқарманы жоғарлату механизмдері ұсынылды және 50 жақсы ауруханалардан 50 жақсы амбулаториялық – емханалық ұйымдардан менеджердерді оқыту бағдарламасын үйлестіру іс-шаралары жүргізілді. Ұлыбританияның ұлттық кәсіби стандарттарының негізгі қағидалары негізінде денсаулық сақтау менеджерлері үшін жаңа біліктілік стандарттары жасалып шығарылды. Сондай – ақ 5 облыс үшін (Ақмола, Қарағанды, Қызылорда, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе облыстары) ауруханалық секторлар құрылыстарының қайта өзгерту жұмыстарының жоспары жасалып шығарылды, бұл жоспарда халықаралық қағидалар, және қазіргі кезде халыққа көрсетілетін медициналық көмектің сапасын жоғарлату және ресурстарды қолданудың нәтижесінің сапасын жоғарлатуға шақыратын халықаралық қағидалар қолданылады [33,34,35].

Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметі бойынша жоба төңірегінде халықаралық стандарттарға сәйкес ауруханаларды, амбулаториялық–емханалық ұйымдарды, жедел жәрдем мен медициналық көмекті тағайындау стандарттары жаңартылды. Жаңартылған стандарттар денсаулық сақтау ұйымдарының алғашқы 5 - де қабылдану жүргізілді. Дәлелді медицинаны қолдана отырып халықаралық тәжірибеге сәйкес жаңартылған әдістер негізінде хаттамалар мен клиникалық қолданылымдарды шығару басталды. Тәжірибелік денсаулық сақтауда клиникалық хаттамаларды енгізу және оларды шығару бойынша каскадтық оқытулар жүргізілді [34,36].

Әдеби оқулықтардың мәліметтері бойынша және халық денсаулық деңгейінің өзгерісі (1981-2008) созылмалы жұқпалы емес ауруларға байланысты (СЖЕА) және ең бірінші кезекте жүрек - тамыр ауруларының эпидемиялық сипатқа ие болуына байланысты, бірінші кезектегі жүрек - қантамыр ауруларын (ЖҚА) сақтамайынша, халық денсаулығының өзгеру деңгейін арнайы емес аурулардың сенімді жүйесін құрмайынша және халықтың денсаулығын нығайтпайынша қоғамның әрі қарай дамуы мүмкін емес. Алдын алу шаралары және әртүрлі авторлардың бағдарламалары: қауіпті факторларының популяциясын түзету және өлімнің төмендеуі тек жүрек- қантамыр (ЖҚА) ауруларынан ғана емес,

сонымен бірге басқа да созылмалы жұқпалы емес аурулардан (СЖЕА) байқалғанын дәлелдеді [27,28,37,38].

АҚШ- да және бірқатар Европа елдерінде жүргізілген зерттеулер мынаны дәлелдеп көрсетті: бірінші кезектегі құрал ретінде қолданылған жүрек -қантамыр ауруларымен (ЖҚА) күресуде медициналық көмектің жоғары технологиялық түрлері сенімін ақтаған жоқ [7,39].

Шет елдің көп жылдық тәжірибесін ескере отырып, халық денсаулығын жақсартудағы, сондай-ақ осы зерттеулердің жарияланған мәліметтерін ескере отырып, 2007 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметі 13 ақпанда «2007-2009 жылдарда Қазақстан Республикасында кардиологиялық және кардиохирургиялық көмекті дамыту бағдарламасын бекіту жайында» № 102 қаулысын қабылдады. Бұл қаулы шын мәнінде халықтың қанайналу жүйесі ауруларынан (ҚЖА) өлімді төмендетуге бағытталған іс - шаралардың алғашқы құжаты болып табылады. Қазақстан халқына іс жүзінде кардиологиялық көмекті көрсетудегі және денсаулық сақтау саласының тарихындағы алғашқы құжат, алғашқы іс-шара болып отыр. Үкіметтің осы қаулысы қабылданған соң, соңғы екі жылда өлім көрсеткіштері тұрақталды, бірақ халық арасында жүрек қантамыр аурулары әлі де көп кездесуде. Бұл АМСКК құрылымдарының халық арасында алдын алу жұмыстарының жеткіліксіз болуымен байланысты [40].

ҚР-ң Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің (ДСӘДМ) мәліметтері бойынша, халық арасында өлім себептерінің ішінде қан айналым жүйесі ауруларынан өлу бірінші орында тұр. Соңғы жылдары ҚР-ң скринингтік бағдарламасының кеңінен қолданылуына байланысты 2012 жылы 100 000 адамға шаққанда 2454 адамнан 2013 жылы 100 000 адамға 2523 адамға дейін жүрек-қантамырлар ауруларының жоғарлағаны анықталған. Сондай-ақ, жоғары технологиялық диагностиканы кеңінен қолдану және ерте анықтау және уақытында емдеу 2013 жылы осы аурулар бойынша өлім көрсеткішін 14% төмендетуге мүмкіндік берді. Дегенмен, СҚО, ШҚО, Қарағанды, Павлодар, Ақмола облыстарында және Алматы қаласында өлім көрсеткіші Республикалық көрсеткіштен асып түседі [33,36].

Халық денсаулығы ұлттық қауіпсіздіктің жүйе тұзуші басты факторы болатынын ескере отырып, көптеген елдің басты міндеті барлық халықты қолжетімді және сапалы медициналық көмекпен қамтамасыз ету, азаматтардың денсаулығын сақтауда мемлекеттік кепілдікті анықтау болып табылады. Отандық және шетелдік көптеген ғалымдардың айтуынша, халықты медициналық көмекпен қамтамасыз етуде мемлекеттік кепілдіктің ерекше мәні экономикалық қиындықтар туындағанда анықталады, өйткені халық денсаулығына әсер ететін маңызды факторлардың бірі мемлекеттің экономикалық даму деңгейі болып табылады [41,42,43]. Сонымен бірге, мемлекеттің экономикалық өркендеуі халық денсаулығын жақсартуға мүмкіндік береді.

В.О.Щепин және Е.А. Тищук (2005) денсаулық сақтау жүйесінің құрылымын қайта құруды іске асыруда, басқару ұйымдары медициналық көмек еліміздің барлық халқына бірдей қолжетімді болу үшін конституциялық құқықтарының мәселесіне, медициналық көмектің көлеміне, сапасына, түріне сәйкес әлеуметтік кепілдікке арқа сүйеуі керек деп есептейді [44,45].

В.О.Щепин және Е.С.Пояркова (2008) 1990-2005 жылдар арасында жүргізген денсаулық сақтаудың мемлекеттік жүйесінің құрылымдық қызметтік қайта құрылуын талдау жалпы алғанда барлық мамандықтар бойынша дәрігерлер саны өзгермегенін көрсетеді, ал орта буын медициналық қызметкерлерінің саны 8,6% азайғанын көрсетеді. Олардың мәліметтері бойынша қалалардың дәрігерлермен қамтамасыз етілуі 60,0 пайызды құрайды, ал ауылдық жерлердің дәрігерлермен қамтамасыз етілуі 10 000 адамға-12,5% құрайды. Ауруханалық мекемелер 28,4% қысқарған, қалаларда 19,1%, ауылдық жерлерде 36,9%. Ауылдық жерлердегі ауруханалардың 70% жабылған. Халықтың ауруханалық көмекпен қамтамасыз етілуі 103,5%; 2005 жылы 10 000 адамға шаққанда ауылдық жерлерде 55,8; және 2006 жылы 53,2 құрайды [44,45].

Э.Н.Матвеев және басқа да авторлар (2002) дәрігерлердің әлеуметтік статусын және кәсіби қызметтерін қиындататын жағымсыз факторлардың қатарына еңбек ақының төмен болуын, есеп беру құжаттарымен жұмыс көлемінің көп болуы, әлеуметтік мәселелері басым науқастардың көп болуын, медбикелердің жетіспеуін жатқызады. Бұл құбылыстар ауылдық жерлерде өндірістің құлдырауы, ауыл тұрғындарының тіршілік ету деңгейінің төмендеуі, денсаулықтың нашарлауы, өмір сүрудің орташа жасының азаюы, ауру және өлім деңгейінің өсуіне әкелетін кедейшіліктің кең таралуы ауылдық жерлерде әлеуметтік экономикалық жағдайдың аса қолайсыз болуымен қоса жүреді [46].

Біздің елімізде денсаулық сақтау жағдайын талдау қоғамдағы әлеуметтік экономикалық жағдайдың көп деңгейде ауылдық жерлерде медициналық көмекті ұйымдастыруына әсер ететінін көрсетті. Ауылдың емдеу алдын алу мекемелерінің материалдық техникалық базасының төмен болуы, медициналық мамандармен жеткіліксіз қамтамасыз етілуі, қазіргі кездегі жаңа медициналық технологияның, арнайыланған медициналық көмектің болмауы, медициналық көмектің сапасын және оған қолжетімділігін төмендетеді деп бірқатар авторлар өз ойларын айтқан [47,48,49]. В.З.Кучеренко және бірқатар басқада (2005) авторлардың айтуынша, қазіргі кездегі денсаулық сақтаудың бірден бір шешілмеген мәселесі ол қала және ауыл тұрғындары үшін медициналық көмектің әртүрлі деңгейде қолжетімді болуында [50,51,52,53,54,55].

Ауыл тұрғындарының ерекше экономикалық статусы, арнайы әлеуметтік-мәдени – тұрмыс жағдайы, ауыл шаруашылығында еңбек ету, білім және мәдени деңгейінің төмен болуы, тұрғындар арасында жұмыссыздық және зейнеткерлердің басым болуы, көлік қиындықтары,

емдеу мекемелерінің науқас адамдардың тұратын жерінен алшақ орналасуы, міне осының барлығы ауыл тұрғындарына медициналық көмек көрсетуді қосымша қиындатады. Ю.Л. Забиннің айтуынша (2001), бұл шаралар ауыл еңбеккерлерінің әлеуметтік - материалдық және психологиялық жағдайын анықтайтын экономиканың әртүрлі саласының жұмыс нәтижесі болуы тиіс деп санайды. Аса маңызды ең басты рөл мемлекетке тиісті болуы керек, оның міндетіне ауыл тұрғындарын қолжетімді және тегін медициналық көмекпен қамтамасыз ету бойынша конституционалдық кепілдікпен қамтамасыз ету кіреді [55,56].

Барлық аталған факторлар ауылдық денсаулық сақтау жүйесін қайта құру қажеттігін, осы популяциялық топта емдеу - алдын алу көмегін ұйымдастыруда қосымша мүмкіндіктерді іздестіруді анықтайды [56,57].

Денсаулық сақтау жүйесі жұмыстарының нәтижелілігі, дәрігерлік көмектің қолжетімділік деңгейі алғашқы медико - санитарлық көмектің жағдайымен және оның дамуымен анықталатыны белгілі [54,58]. Бұл кезде медициналық көмек сапасының оның қолжетімді және нәтижелі болуына әкелетін инновациялық технологияны енгізуге және жасап шығаруға үлкен назар аударылады [32,34,36]. Дегенмен, оқулықтарды талдау барысы кезінде, зерттеу жұмыстарына енгізілген инновациялық үлгілердің жұмыс нәтижелерінің тиімділігін бағалауда, оларды енгізуге және жасап шығаруға кешендік тәсілдің жоқ екені көрсетілуде [20,33]. Осыдан, денсаулық сақтау секторына инновациялық технологияны қолдануда жиналған тәжірибелерді объективті бағалау және бөлшекті, яғни жан-жақты талдануы жасалуы қажет [36,59,60,61,62,63].

Халықтың денсаулық жағдайының деңгейі еліміздің әлеуметтік – экономикалық, мәдени және өндірістік даму деңгейін анықтайды. Халықтың тұрмыс жағдайының тұрақты өсу көзқарасы бойынша, медициналық көмек көрсетудің сапалы, қолжетімді, өз уақытында көрсетілуін қамтамасыз етуге бағытталған біртұтас дамыған, әлеуметтік бағдар жүйесіндегі денсаулық сақтау саласы, Қазақстан Республикасында бірден - бір басты басымдылығы болып саналады [59,64].

Қазіргі кездегі қоғамдық денсаулық сақтауды ұйымдастыру қағидаларының арасында қала және ауыл тұрғындарына медициналық көмектің біртұтас және дамудың сабақтас тәртібін сақтау маңызды болып табылады. Ауыл тұрғындарына медициналық көмек денсаулық сақтау ұйымдарының негізгі қағидалары бойынша құрылады. Дегенмен, қала және ауыл арасындағы айырмашылықты анықтайтын факторлар ауылдық денсаулық сақтау саласының жұмысын ұйымдастыру түріне және әдістеріне әсер етеді [65].

Ауылды елді мекендерде денсаулық сақтау ұйымдарын құруға әсер ететін негізгі факторлардың бірі – оның аумағында халықтың орналасу тығыздығы және олардың тарала бөлініп орналасуы жатады. Қазақстанда халықтың орташа тығыздығы 1 км² жерге 5 адамнан келеді. Қазақстан жерінің үлкен болуы, елді мекендердің шашыраңқы орналасуы

және мал шаруашылығының кеңінен дамуы, ауылдың емдеу - алдын алу, санитарлық -эпидемияға қарсы жұмыстарды іске асыруға, дәріханалар мен денсаулық сақтаудың басқа да ұйымдарының жұмыстарына біраз қиындықтар туындатады [21,27,30,32,33].

А.Кумар (2013) өзінің зерттеу жұмыстарында мемлекетке 777 аурухана (оның ішінде 179 орталық аудандық және аудандық аурухана, 143 ауылдық бөлімшелік аурухана) және 1825 емханалық - амбулаториялық ұйымдар (оның ішінде 1513 дәрігерлік амбулатория және 16 орталық АМСКК) тиісті екенін атап көрсеткен [65].

Денсаулық сақтауды қайта құру бағдарламасының төңірегінде АМСКК инфрақұрылымы, әсіресе ауылдық жерлердің денсаулық сақтау ұйымдарының жүйесінде мемлекеттік нормативтерге сәйкес, сондай - ақ 2001-2010 жылдары ауыл төңірегін дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес келтірілген және жаңартылған. 2009 жылы жергілікті бюджет есебінен денсаулық сақтаудың 612 нысанына (жалпы 11 млрд. тенгеге) күрделі жөндеу жұмысы жүргізілген [32,59].

Ауылдық жерлерде алдыңғы қатарлы негізгі мәселенің бірі мамандардың жетіспеуі. Ұлттық және жергілікті деңгейде осы мәселелерді шешуге шаралар қабылдануда. Ауыл әкімдері жас мамандар үшін әлеуметтік көмекті жақсартты; оған қаржылық көмек ретінде 200 000- 300 000 тенге; жер телімін алуға көмегі, жеңілдіктер, коммуналдық төлемдер, қоғамдық көліктерде жүріп-тұру, мектепке дейінгі мекемелерге балаларды орналастыру және т.б жатады.

Соңғы бірнеше жылда ауылдарға 600 дәрігер тартылды. Дегенмен, 2009 жылы ауылдық жерлерде жұмыс істеу үшін 2000 дәрігер мамандары жетіспеді. Басқа мәселелер Қазақстанның ауылдық аймақтарында алыс орналасқан ауылдар мен аудан орталығына қатынасатын көліктің (қоғамдық және жеке меншік көліктің) тапшылығымен, медициналық көмекке қолжеткізудің қиындығымен байланысты болып отыр. Ауылдық және алшақ орналасқан елді мекен тұрғындарына медициналық көмекке қолжеткізуді жақсарту үшін ҚР-ң денсаулық сақтау Министрлігі диагнозын анықтау және кеңес беру үшін мамандарға арақашықтықтық конференциялар өткізуге мүмкіндік беретін телемедицинаның дамуын қолдайды. 2004 жылдан бастап ҚР-ң денсаулық сақтау министрлігі шалғай орналасқан ауылдар мен алыстағы аудан тұрғындарына жоғары арнайыланған көмекке қолжеткізуді жақсарту үшін «Ауылдық жерлерде мобильді медицинаны және телемедицинаны дамыту» инвестициялық жобасын іске асыруда [17,18,19].

Қазақстан денсаулық сақтау саласын дәрігер мамандарымен қамтамасыз ету деңгейі бойынша әлемде 10 - шы орын алады. ҚР-ң ДСӘДМ С.З. Қайырбекованың айтуы бойынша мамандармен қамтамасыз ету мәселесін тиімді шешу мақсатында 2013 -2016 жылдары денсаулық сақтау саласын мамандармен қамтамасыз етуді дамытудың бекітілген кешенді іс-шаралар төңірегінде медициналық мамандарға деген мұқтаждықтарды болжаудың және жоспарлаудың мемлекеттік

жобасын құру қарастырылған. Сондай-ақ, денсаулық сақтау саласы мамандарының білімін және дағдылануын тәуелсіз бағалайтын институттарды енгізу және медбикелік қызметті ұйымдастырудың жаңа қағидаларын енгізу қарастырылған. Министрдің мәліметі бойынша, медициналық жоғары оқу орындарын жылына 3 мың студент бітіріп шыққанына қарамастан, медицина саласында мамандардың табиғи кемуі 1,5 мыңды құрайды. Статистика мәліметі бойынша 2013 жылдың 1 қаңтарында Республикамызда денсаулық сақтау саласында 5 865 штаттық бірлік жетіспейді. Сол кезде медицинаның бірден - бір ең басты звеносы болып саналатын орта буын медицина қызметкерлерінің потенциалы өте нашар қолданылуда. Денсаулық сақтау министрлігі басшысының мәлімдеуіне сәйкес амбулаториялық – емханалық ұйымдарда дәрігер мамандарының жетіспеушілігі басым, ол жалпы мамандар жетіспеуінің 60% құрайды. Сонымен қатар, ауруханалық көмек көрсету деңгейінде жеке мамандықтар бойынша әжептәуір артық болуы байқалады [22,33,34,59].

Денсаулық сақтауды дамытудың 2011 – 2015 жж. «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында бірден бір маңызды бағыт – көліктік медицинаны дамыту болып табылады. Бұл жұмыс ауылдық елді мекендерде шұғыл жағдайларда, жол – көлік апаттарда, жедел медициналық көмекті жетілдіру үшін жүргізіледі. Халықтың 40%-ы ауылдық жерлерде тұратынын ескере отырып, ауыл тұрғындарын қолжетімді медициналық көмекпен қамтамасыз ету бірінші сатыда тұрған маңызды мәнді мәселе. Сондықтан, Қазақстанда күшті медицинаны дамыту ауыл тұрғындарын мамандандырылған медициналық көмекпен қамтамасыз етуге, скринингтік зерттеулерге және көрсетілетін медициналық көмектің жылдамдығын жоғарылатуға бағытталған. Сонымен қатар, ауылдық аймақ тұрғындарын қолжетімді медициналық көмекпен қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жүргізіледі. Мысалы: Қазақстанда 3 емдеу-диагностикалық поезд шығарылды, олар 110 станцияның тұрғындарына 260 000 емдеу - диагностикалық көмек көрсетті, 52 000-нан астам адамдарды қарап, тексерді, оның ішінде 15 000 жуығы балалар [33,36,59].

Қоғамдық денсаулықтың ең маңызды сипаттамасының бірі медициналық - демографиялық көрсеткіштер, оның өзгеруі денсаулықтың маңызды интегралды өлшемі, халықтың тіршілік ету сапасы болып саналады және жаңа әлеуметтік - экономикалық жағдайларға бейімделу деңгейін көрсетеді. Зерттеушілердің пікірі бойынша Ресей Федерациясындағы демографиялық жағдайлар, қазіргі кезде келеңсіз жағдайды көрсететін өлімнің жоғарғы деңгейі болып табылады, әсіресе, еңбекке жарамды жастағы адамдар арасында [66,67,68,69].

Келесідей мәліметтер анықталған: өлім көрсеткішінің жоғарлауы 25-44 жас аралығына сәйкес келуіне қарамастан (1,1 -1,87 есе өсу), сол уақытта қарт адамдар арасында өлім-жетімнің көрсеткіші 2 - 14%-ға дейін жоғарлаған [70,71,72,73].

Еңбекке жарамды халық арасында бала және ана өлімінің төмендеуіне, сонымен қатар АИВ/ЖИТС және туберкулез ауруынан қайтқандарға қарағанда жүрек-қантамыр ауруларынан және жарақаттардан болған өлімнің төмендеуі өмір сүрудің орташа ұзақтығына қатты әсер етуші еді деген пікір бар [74].

Ауылдық елді мекендегі демографиялық жағдайды зерттегенде бірқатар авторлардың айтуынша келесідей жағымсыз үрдістерді анықтаған. Солардың бірі ауыл халқы санының азаюы, ол біріншіден, жастардың қалаға көп кетуіне, екіншіден, бала туу деңгейінің төмендеуіне, үшіншіден ауылдық жерлерде әсіресе, бала және еңбекке жарамды жастар арасында өлімнің жоғары болуына байланысты [75]. Ауылдық жерлерде қартайған және қартаң тартқан тұрғындардың орташа тығыздығы 22 - 23,2% [76].

90-шы жылдары ауылды жерлерде демографиялық үрдістердің талдауы халықтың миграциялық көшіп-қонуына қарамастан ауыл халқының табиғи кемуі жүріп жатқанын көрсетті, ол әр жерлерде халықтың азаюына әкелді. Миграциялық үрдістер көбінесе жастардың орын ауыстыруымен байланысты болды, ал табиғи қозғалыс туудың төмендеуімен және қарт адамдар өлімінің жоғары болуымен сипатталды. Ауыл тұрғындарының XXғ. аяғымен XXIғ. басында өлім деңгейін талдау В.А.Рогожник, В.И.Стародубов, Г.Г.Орлова (2004) зерттеулерін жүргізіп, мынаны анықтаған: ауыл тұрғындарының арасында өлім құрылымын талдағанда, бірінші орынды әйелдер мен ерлер арасында қанайналым жүйесі аурулары алады. Ерлер үшін олардың үлес салмағы 51,% және 50,4%; ал әйелдер арасында 64,2% және 61,4% дейін. Екінші орынды әйелдер мен ерлер үшін жаңа пайда болған ісік аурулары алады. Олардың үлес салмағы осыған сәйкес 13,9% және 13,6%. 2000 жылдан бастап ерлер арасында жарақаттардан, әртүрлі уланулардан өлу көп болып отыр, олар екінші орынды алады, үлес салмағы 17,2% құрайды. Төртінші орын ерлер арасында тыныс алу жолдарының аурулары (6,2%) алады, ал әйелдер арасында осы класс нақты анықталмаған жағдайлардан кейін бесінші орынды алады. Ас қорыту мүшелері аурулары алтыншы орында тұр, ас қорыту мүшелері ауруларынан болған өлім құрылымының мөлшері ерлер арасында 3% және әйелдерде 2,8%. Жетінші орынды өлім құрылымының көрсеткіштері біқатар жұқпалы және құрт ауруларымен ауыратын аурулар алды, олардың үлес салмағы 2,1% және 0,8%-ге дейін. Осы өлім көрсеткіштерінің жеті класы ауыл тұрғындарының өлім көрсеткішінің басты себебі болып отыр [48,52].

А.А. Евсюкова және онымен бірге жұмыс атқарған бірқатар авторлардың мәліметі бойынша (2008), 1990 жылдан 2005 жылға дейінгі аралықта қала халқы арасында қан айналым жүйесі ауруларынан болған өлім көрсеткіші 2,0 есе, ал ауыл тұрғындары арасында – 1,6 есе өскен. 2005 жылы осы патология бойынша қала тұрғындарына қарағанда ауыл тұрғындары арасында өлім - 1,5 есе артқан (сәйкесінше 100 000 тұрғынға шаққанда 940,0 қарсы 720,0). Қала тұрғындары арасында әртүрлі жастағы

халықтың көрсеткіштерін стандартты көрсеткіштермен салыстырғанда жүрек - қантамыр ауруларынан болған өлім көрсеткіші жоғары болады. Қала тұрғындары арасында жарақаттардан болған өлім көрсеткіші ауыл тұрғындарымен салыстырған әлдеқайда жоғары екенін анықтаған. Сыртқы себептерден болған өлім көрсеткішінің деңгейі және өзгерісі ауыл тұрғындары арасында өте жағымсыз екенін көрсеткен. Осы авторлардың мәліметтері бойынша сыртқы себептерден болған өлім Башқұртстан мемлекетінде қала тұрғындарына қарағанда ауыл тұрғындары арасында жоғары, мысалы 1990 жылы - 1,4 есе; 2005 жылы 1,3 есе жоғары болған. Башқұртстан мемлекетінің халқы арасында жарақаттардан, уланудан және басқа да сыртқы әсерлерден болған өлімнің орташа жасы қала тұрғындары арасында 46,0 жасты, ал ауыл тұрғындары арасында 42,1 жасты құрайды [4].

Барлық ауыл тұрғындары үшін «потенциалды өмірдің жоғалған жылдары» негізінен халықтың қарт жастағы еңбекке жарамды адамдар арасында басым екені анықталған. Бұл дегеніміз, XX ғасырдың соңғы 10 жылында ауыл тұрғындарының өсу көрсеткіші төмендегенін көрсетеді, ол ең алдымен қан айналым жүйесі ауруларымен байланысты. Барлық зерттеу кезеңі аралығында жоғалудың негізі әртүрлі жарақаттармен және уланулармен анықталды [77,78,79].

Бірден бір тұрақты демографиялық көрсеткіш болып еңбекке жарамды халықтың бір бөлігі болып табылады. XX ғасырда Ресейде ауыл тұрғындарының демографиялық дамуын кешендік талдау келесідей тұжырым жасауға мүмкіндік берді: Ресейдің ауылды жерлерінде бүкіл әлемде байқалатын заңдылық үрдістері жүретіні анықталған. Қалаға қарағанда ауыл халқының қартаю үрдісі, жастар үлесінің төмендеуі аз қарқынмен жүруде [80,81]. Ауылды жерлердегі халықтың өлу деңгейінің жоғары болуы еліміздің әртүрлі аймақтарында өзгеріп отырады. С.Ю. Кладов, В.П.Новоселов (2008) көрсеткендей, Томск облысында қала халқының жалпы өлу деңгейі ауыл тұрғындарымен салыстырғанда 34,7% (100 000 халыққа шаққанда 12,8 қарсы 17,2). Қалаға қарағанда ауылдық жерлерде әрбір 1000 халыққа орта есеппен алғанда 3 адамнан көп өледі. Пермь облысында М.Я.Поддужныйдың және басқа да бірқатар авторлардың (2008) айтуы бойынша ауыл тұрғындары арасындағы өлім коэффициенті қала халқымен салыстырғанда 20% - ға жоғары [76].

Т.М.Максимованың (2006) айтуынша Ресейде және ТМД елдерінде өлімнің жоғарлауының басты себебі экономикалық қайта құрылуларға байланысты алкоголь ішімдіктерін пайдалыну және стресс жатады. Осы себепке байланысты ең ауыр жағдай еңбекке жарамды жастардың арасында (30-44 жас) ауру мәселесі болып отыр, еңбекке жарамды адамдардың үлесіне негізгі жүк түседі; бала тәрбиелеу, өздеріне жақын қарт адамдарын қолдау [77].

Халықтың өлу деңгейімен басқа бір маңызды медико-демографиялық көрсеткіш өзара байланысты. Атап айтқанда, алда тұрған тіршілік етудің күтілетін ұзақтығы. Бірқатар зерттеушілердің [77,78]

айтуына карағанда алда тұрған тіршілік етудің күтілетін ұзақтығы өмір сүрудің минимумына байланысты: бұл демографиялық көрсеткіш халықтың еңбектен алған кірісі тіршілік ету минимумынан аса жоғары болған аймақтарда статистикалық тұрғыдан алғанда нақты болып саналады. Тіршілік ету ұзақтығы төмен халық топтары үшін басқа да жағымсыз сипаттама бар, бұл авторлардың айтуы бойынша ауыр физикалық күштердің әсері болып саналады. Ауыр физикалық еңбек көптеген ауыл тұрғындарының мамандықтарына тән сипат. Б.Л. Колесников (2007) ерлер арасындағы алдағы тіршілік етудің орташа ұзақтығының теріс динамикасын анықтаған, бірақ қалада тұратын ерлер арасында аса айқын (ауылда тұратын ерлер арасында 13,9 жас қарсы 10,5 жасқа төмендеген)[78,79].

Еліміздің әртүрлі аймақтарындағы ауыл тұрғындары арасындағы өлім себебін талдау, өлім көрсеткіштерінің ең жоғарғы мөлшері қан айналым жүйесі ауруларына, сыртқы себептерден болатын ісіктерден, ас қорыту мүшелері ауруларынан болатынын көрсетті. Мұндай құбылыстар Оренбург облысында, Башқұртстан Республикасында анықталған.

Башқұртстан Республикасында пайда болған қатерлі ісіктерден өлім көрсеткіші жалпы өлім құрылымының ішінде үшінші орын алады, қалалық 100 000 тұрғын халыққа шаққанда 163,0 және ауыл тұрғындарының 100 000 халқына шаққанда 127,1. Осы авторлардың мәліметі бойынша 100 000 халыққа шаққанда ерлер арасындағы өлімнің стандартты көрсеткіші - 176,1, әйелдер арасында - 79,9, екі жыныс бойынша - 118,6. Ауылды жерлерде тұратын тұрғындардың арасында барлық өлгендердің құрылымында 21,5% трахей ісігі, бронх және өкпені, 14,3% - асқазан ісігі, 6% - ұйқы безі және өнештің ісігі құрайды. Ауылды жерлерде тұратын әйелдердің қатерлі ісіктерден өлгендердің арасында 13,1% - сүт безінің қатерлі ісігі, 12,7% - асқазанның қатерлі ісігі, 7,1% - жатыр мойынның ісігі, 7,0% -тік ішектің ісігі құрайды [79].

Л.Г.Розенфельдтің және басқа да авторлардың (2008) мәліметтері бойынша қатерлі ісіктерден өлу деңгейінің аса жоғары болуының себебі, ауруды ең соңғы сатысында анықтау болып отыр [80]. Бұл мәселе ауылдық жерлерде аса айқын байқалуда, авторлардың пікірі бойынша ол ауыл тұрғындарын алдын алу тексерулермен аз қамтылуымен, диагностикалық көмектің алыс орналасқан ауыл тұрғындары үшін қолжетімділіктің төмен болуымен байланысты. Нәресте өлімі қоғамның жақсы индикаторы болып келеді. Нәресте өлімі әрқашанда ауылды жерлерде жоғары және жоғары болып қала береді. Ауылды жерлерде бір жасқа дейінгі балалар өлімінің себептері арасында құрт және жұқпалы аурулар, тыныс алу мүшелері ауруларының маңызы үлкен.

Өлімнен басқа, әлемдегі және әрбір нақты аймақтарда демографиялық жағдайы бала туумен сипатталады, оның деңгейіне көптеген себептер әсер етеді. Демограф Е.В. Жилинский (2008), оның ішінде негізгілерін бөліп қарастырды, олардың көптеген отбасыларда ақша кірісінің төмен болуы, жақсы тұрғын - үй жағдайының болмауы, аз

бала болуын жоспарлауы, толық емес отбасы санының артуы, азаматтық неке, көп әйелдердің ауыр физикалық жұмысты атқаруы, еңбек ету жағдайы санитарлық – гигиеналық талаптарға сәйкес келмейді, бала туу денсаулығының төмен деңгейі, жүктілікті үзу жиілігінің жоғары болуы жатады [81].

1.2 Ересек ауыл тұрғындары арасында созылмалы әлеуметтік маңызды аурулардың таралуы

Созылмалы әлеуметтік - маңызды аурулар көптеген елдерде оның ішінде Қазақстанда да мүгедектіктің, өлім себебінің көшбасшысы болып отыр. Көптеген мемлекеттерде жүргізілген ДДСҰ-ң зерттеу қорытындысы бойынша алдын алу жүйесін тиімді қолдану барысы кезінде ғана созылмалы жұқпалы емес аурулардың қауіп-қатерімен нәтижелі күресуге болады [27,28,29,39,63,69].

Денсаулық сақтау саласы бюджетінің 70-80% медициналық қызметті қарқынды түрде пайдаланатын созылмалы аурулармен ауыратын науқастарға және созылмалы ауруларды емдеуге жұмсалады. Ерте жастағы өлім, мүгедектік және созылмалы аурулар отбасы мен қоғам үшін ауыр экономикалық зардаптарын туғызады. Кадрлардың тұрақсыздығы мен еңбек өнімділігінің төмендеуі, жұмыс күндерін жоғалтып алуымен байланысты қоғам мен жұмыс берушілер зардап шегеді. Қоғам мен отбасылардың әлеуметтік төлемақы мен әлеуметтік қамтамасыз ету тәуелділігінің жоғары болуы және зейнеткерлік жасқа ерте шығу, кірістердің қысқаруы, денсаулықтарын сақтау үшін ауыртпалық түсуде. Осылайша 2005 жылы Ресей Федерациясында жүрек - қантамыр, инсульт және диабет ауруларымен байланысты ұлттық табыстың шығыны 11 млрд. долларды құрады, ал, 2005 жылдан 2015 жыл аралығында бұл мемлекет 300 млрд. аса долларды жоғалтады. Мұндай жағдай Қазақстанда да күтілуде. Мұндай созылмалы әлеуметтік - маңызды аурулар Қазақстан үшін өзекті мәселеге айналуға [7,33,36,47,69].

Бүгінгі таңда «2011 -2015 жылдары Саламатты Қазақстан» атты мемлекеттік бағдарламада созылмалы жұқпалы емес ауруларды (СЖЕА) бақылау және алдын алу үшін салауатты өмір салтын қалыптастыруда созылмалы жұқпалы емес аурулардың барлық шоғырына бағытталған көп деңгейлі және сектораралық шаралардың орындалуын қажет етеді [1,27,34,36].

2010 жылы енгізілген денсаулық сақтау саласының бірыңғай ұлттық және ақпараттық жүйесі созылмалы әлеуметтік - маңызды аурулар құрылымының және олардың қауіп факторларын өзгеруін бақылауға; алдын алу бағдарламасының нақты мақсаттары мен міндеттерін анықтауға, индикаторларды өндіруге және оның тиімділігін, сонымен қатар созылмалы әлеуметтік - маңызды ауруларға жүргізілетін алдын алу бағдарламасының нәтижелерін бағалауға мүмкіндік береді.

ДДСҰ-ң нұсқауына сәйкес әрбір елде созылмалы әлеуметтік - маңызды аурулардың қауіп факторларының анықталуы, олардың нақты түзетілуі, сонымен қатар олардың өзгеруін бақылау (СЖЕА) алдын алу факторларының негізгі жүйесі болып табылады. Осы көзқарас бойынша алдын алу іс - шараларын жоспарлағанда және оның тиімділігін бағалауда бірдей құралдың көмегімен алынған мәліметтер маңызды болады. Сонымен қатар, алынған мәліметтерді талдауға және алынған мәліметтерді басқа зерттеулердің қорытынды нәтижелерімен салыстыруға мүмкіндік береді. Алдын алудың сұрақтары бойынша жалпы ой-пікірді қалыптастырады [82].

Жұқпалы емес аурулардың таралуын оқу барысында біздер тарапынан эпидемиологиялық тәсіл қолданылды (ДДСҰ, 2002). Бұл әдіс нақты таралуды анықтауға, оның пайда болу себебін, кейбір объективті заңдылықтардың ағымын; паталогиялық үрдістің шырқау жағдайын анықтайды. Сонымен қатар, эпидемиологиялық әдіс алдын алудың жаңа бағыттарын әзірлеуге мүмкіндік береді.

Жалпы тәжірибелік дәрігер қызметінде (АМСКК) жұмысында аса маңызды міндеттерінің бірі болып (СЖЕА) қауіп факторларын алдын алуы қарастырылады. Міне осы науқастарды оқыту Бағдарламасын енгізу (СЖЕА) тиімді әдісі болып саналады.

1.3 Денсаулық жағдайын анықтайтын ауыл тұрғындарының өмір сүру салттары мен шарттары

Қазіргі замаңғы Қазақстанның дамуы қоғам өмірінің саяси және әлеуметтік - экономикалық аясында серпінді өзгеруімен сипатталады. Ең бастысы, республика халқының денсаулық жағдайы аса маңызды, әсіресе ауыл халқының денсаулығы. Қазақстанда адамдардың денсаулық жағдайына жағымсыз әсер ететін көптеген факторлар сақталуда, соның салдарынан ауруға шалдығу, өлім, мүгедектік жоғары деңгейде екенін айта кету керек. Тұрғындардың денсаулық жағдайы халықтың ауруға шалдығуымен сипатталады және еңбек ету жарамдылығына, қаражат кірісін алуға, тұтыну сапасының қанағаттанарлығы, өмір сүрудің ұзақтығына, өмір сүру деңгейін анықтауға жағымсыз әсер етеді. Республика тұрғындары өлімінің негізгі себептері болып (2006 ж. мәлімет бойынша) қан айналым жүйесі ауруы (51,9%), улану және жаракаттану, келеңсіз жағдайлар (14,6%), қатерлі ісіктердің пайда болуы (11,5%), тыныс алу мүшелерінің ауруы (5,3%) және басқа аурулар жатады, олардың үлесі 5% аз [27,38,83,84,85].

Экологиялық факторлар адамның таңдау мүмкіндігіне айтарлықтай әсер етеді. Кедейлік, таңдау шектеулігі әдетте экологиялық деградацияға ұшырауына ықпал етеді. Өз кезегінде әл ауқаттың өсуі өмір сүру салтының экологиялық жағдайды таңдау еркіндігін мүмкіндігінше қамтамасыз ету құралы болып табылады [83,85,86].

Қазіргі уақытта дені сау халықты және оның еңбекке деген жарамдылығын қалыптастыруда басты артықшылық әлеуметтік фактормен тағайындалған. Қазіргі кездегітәуелсіз мемлекеттердің достастығын құру кезеңінде, өмір сүрудің күрт қымбаттауынан халықты әлеуметтік қорғау түсінігі өсу үстінде екені кездейсоқ емес. Денсаулықтың 50%-ы өмір сүру салтын және өмір сүру жағдайын қамтитын әлеуметтік факторларға байланысты.

Қазақстан Республикасының ауыл тұрғындарында қауіпті идентификация кезеңінде су факторымен байланыстырылған ауру дамуының қауіптілігін бағалау кезінде, органолептикалық көрсеткіштер бойынша (иіс, түс, бұлыңғырлық) нормативтердің жоғары болуы, минералдың жоғары деңгейі, санитарлы–эпидемиологиялық нормалардың мынадай химиялық заттар бойынша жоғары болуы: темір, нитрат, мұнай өнімдері, хлорорганикалық қосылыстар және микробиологиялық ластануы анықталды. Зерттеулер көрсеткендей, зерттеудің барлық кезеңі бойында жылдам (рефлекторлық) реакциялар дамуының қауіптілігі 1000 тұрғынға шаққанда шамамен 250 - ден 1000 жағдайға дейін ауытқып отырды. Бұл әрбір төртінші, ал кейбір жеке жылдары әрбір ауыл тұрғыны жылына бір рет болса да, ауыз судың жағымсыз түсін, иісін, дәмін байқағанын айтады, оны әлеуметтік зерттеулер дәлелдейді. Ауыз су сапасымен байланысты мұндай келеңсіз жағдай еліміздің ауыл аймақтарындағы жұқпалы аурулармен ауыратын тұрғындардың жағдайына қатты әсер етті. Ең бірінші кезекте бұл су факторымен берілетін аурулар: жедел ішек инфекциясы, дизентерия, брюшной тиф, вирусты гепатит А. Ауыл халқының денсаулығына әсер ететін қауіп факторының жиынтығын бағалау кезінде, факторлық әдістерді және көптеген корреляциялық талдауларды қолдану барысында, зерттелетін аймақтар үшін ең бастысы болып саналатын жұқпалы және жұқпалы емес аурулардың қалыптасуы, су факторының үлес салмағын орнатуға мүмкіндік береді [83,88].

Ресей елі халқының қазіргі денсаулық жағдайын талдау барысында, оның аса жақсы емес екендігін көрсетті. Көптеген зерттеушілердің пікірі бойынша [69,89,90], ол экономикалық тұрақсыздықпен сипатталатын әлеуметтік – экономикалық қайта құрулар, әлеуметтік алаңдаушылық экологиялық жағдайдың нәтижесі болып отыр. Халық ішінде өлімнің және аурулардың көбеюіне ықпал ететін факторлардың арасында қоғамның өмір сүру деңгейінің төмендеуі, халықтың қартаюы, антропогендік күштің ұлғаюы және қоршаған ортаның ластануы, қоғамның әлеуметтік бөлінуі, сумен қамтамасыз етудің және тамақтану сапасының нашарлауы теңгерімсіздігі аса маңызды орын алады [69,91,92,93,94].

М.Я. Подлужная, С.А.Рыжаков, С.Л. Шилова (2008) денсаулық көптеген факторлардың өзара әсерлесуіне байланысты деп санайды, ол жеке адамның денсаулығына, сонымен қатар популяциялық топтардың денсаулығына және жалпы мемлекет халқына ықпалын тигізеді. Ресей

халқы денсаулығының нашарлауының басты себептері ретінде шылым шегуді, нашақорлықты, жеткіліксіз тамақтануды, қоршаған ортаның жайсыздығын, еңбек шарттарын, техникалық қауіпсіздікті және қайта құру стратегиясының «естен тану» жағдайын айтады [95,96].

С.А.Молодцов (2005) пен В.Б.Филатов бірқатар авторлармен (2006) ауыл тұрғындарының денсаулығына көптеген жағымсыз әлеуметтік - экономикалық, өндірістік, білім факторлары әсер етеді деп айтқан. Отандық ауыл шаруашылық өндірісінің қирауы, көптеген себептердің салдары болып табылады, оның ішінде негізгісі ретінде ауыл мен колхоздардың асығыс жеке меншіктенуі, жердің парцеллизация курсы, ірі ауыл шаруашылық өндірісі фермерлікпен алмасуы, аймақаралық, сала аралық және шаруашылық аралық байланыстардың үзілуі, мемлекеттің ауыл шаруашылығын қолдаудан бас тартуын жатқызуға болады [93,96].

Өз кезегінде ауыл шаруашылық өндірісінің тиімділігі мен көлемінің төмендеуі, мемлекеттің әлеуметтік - қорғау қызметінің әлсіреуі апатты түрде ауыл халқының денсаулық жағдайына, өмір сүрудің әлеуметтік гигиеналық жағдайына әсер етті.

Бірқатар авторлардың зерттеулерінде [69,95,97], медициналық көмектің қолжетімді болуының төмендеуі, аудандардың аумақтық алшақтығы, халық тығыздығының төмен болуы, қиын қолжетімді елді мекендерде өмір сүруі, олардың арасында жол - көлік хабарының қанағатсызданарлығымен байланысты. Мұның барлығы ауылды елді мекендерде емдеу - сауықтыру шараларын өткізуін қиындатады.

Ауыл халқының денсаулығын ауыл шаруашылықтың еңбек өзгешелігіде анықтайды, ол физикалық еңбек күшінің төмен мамандануымен, жұмыстың жыл мезгілдеріне байланысты болуы, үй шаруашылығында қосымша жұмыстың болуымен, көптеген қауіпті физикалық, химиялық, биологиялық факторларымен сипатталады.

Ауыл тұрғындарында қала тұрғындарымен салыстырғанда тұрмыстық жағдай, оның ішінде білім беру деңгейі төмен, еңбек шарттары нашар, кіріс төмен. Ауылдық аймақтарда орташа айлық жалақы 1997 жылы елімізде орташа жалақы төлемінің 43,5% құраған. Ауыл тұрғындарының материалдық қамтамасыз етуден артта қалушылығының ұлғаюы жалғасуда, қалалықтармен салыстырғанда бюджеттің үлкен үлесі ауыл тұрғындарының тамақ шығындарына кететінін дәлелдейді.

Ауыл тұрғындарына жалпы және санитарлық мәдениеттіліктің жетіспеушілігі, олардың тұрмыс салтын және стилін өзгерту арқылы халық денсаулығын бекітуінің басты тірегі болып табылатын салауатты өмір сүру салтына тартуды қиындатады. Ауылды елді мекендердің медицина қызметкерлерінің өмір салты және стилінің кейбір жақтары, С.А. Молодцовпен бірге басқа авторлардың (2005) зерттеулері, ауыл аймақтарындағы науқастардың салауатты өмір салтын қалыптастыруда медицина қызметкерлерінің дайындығы әлсіз екенін көрсетті [96].

Біз авторлардың пікірімен келісеміз, барлық зерттелген факторлардың әсеріне тереңдетілген кешендік талдауларды жүргізу үшін, қоғамдық денсаулықты интегралды бағалау қолдануды талап етеді [97,98,99]. Қазіргі уақытта әртүрлі популяциялық топтарда жүрек–қантамыр ауруларының таралуына психологиялық және әлеуметтік факторлардың әсер ететіні көптеген мәліметтерде жинақталған [100,101,102]. Авторлардың бұл зерттеулері ХХ ғасырдың аяғында қан айналым жүйесі ауруынан өлім деңгейі ауытқуы жас және орта жаста анық байқалғанын және көбінесе психоәлеуметтік күйзеліске ұшырағандар арасында кездесетінін көрсетті.

Аз қамтылған халық арасында денсаулыққа зиян келтіретін жүріс - тұрыс (шылым шегу, дұрыс тамақтанбау, ішімдік ішу) жиі кездеседі. Сонымен қатар, мұндай адамдардың алдында салауатты өмір салтын таңдау үшін кедергі келтіретін қаржылық және басқа бөгеттер бар. Нашар тұрмыстық жағдай, еңбек жұмысы шарттарының қатаңдығы және медициналық қызмет көрсетудің қолжетімділігінің шектеулігі халықтың осал топтарының қауіп қатерін ұлғайтады. Экономикалық, мәдени және экологиялық жағдай, мысалы, еліміздегі экономикалық және нарық еңбегіндегі жағдай қоғам өмірінің барлық өмір сүру деңгейлеріне ықпал етеді [103,104]. Қоғамдағы жалпы өмір сүру деңгейі адамның тұрғын үй таңдауына, жұмысына, әлеуметтік қоршаған ортаға сонымен қатар, оның тамақтану тәртібіне, ішімдіктерді пайдалануға әсер етеді. Әртүрлі елдерде жүргізілген зерттеулер кірістің денсаулыққа өзара әсер етуін және өз кезегінде, денсаулықтың кіріске деген әсерін көрсетеді [105,106,107,108]. Қырғыз Республикасында ауыл халқына медициналық көмектің шығынын талдау, ауыл тұрғындарының көпшілігіне, олардың медициналық қызметке кеш қаралуы және медициналық қызметке кедергі келтіретіндігін көрсетті [109].

Жалпы, Marc Suhrcke және басқалардың [102] ойлары бойынша, халық денсаулығының басты детерминанты болып еліміздің экономикалық әл ауқат жатады. Аймақтағы халықтың өліміне экономикалық прогрестің және регрестің деңгейі үлкен роль атқарады. Өйткені экономика мен денсаулық бір-бірімен байланысты, денсаулықтың төмен деңгейі өз ретінде еліміздің экономикалық нашарлауына әкеледі [110,111].

Өмір салтымен байланысты негізгі қауіп қатер факторы бұл – ішімдікті қолдану; шылым шегу және дұрыс тамақтанбау. Бүгінгі таңда халық денсаулығының нашарлауының негізгі себебінің бірі ішімдіктерді қолдану күмәні жоққа шығарылған [111,112,113]. Н.Ю.Трифорова мен бірқатар авторлардың (2008) зерттеулері ауылды жерлерде тұратын қарт адамдар арасында аптасына бір рет болса да ішімдікті 23,8 % қолданғанын көрсетті. Қолданған ішімдіктердің ішінде спирт ішімдігі (76,3%), сыра (17,6%), суррогатты ішімдік - (0,8 %). Екінші маңызды қауіпті фактор – бұл шылым шегу. Ауылды жерлерде еңбекке жарамды жастан үлкеншылым шегетін ер адамдардың үлесі 39,3%, 1,4% әйелдер

құрайды [100]. Өткен ғасырдың 80 - ші жылдарына дейін темекі шегушілердің арасында ер адамдардың үлесі жоғары болды, ал қазіргі таңда көптеген елдерде шылым шегетін әйелдер саны қарқынды өсіп отыр [114,115]. Шылым шегудің кең таралуы шылым шегушілердің өзіне ғана емес сонымен қатар, пассивті шылым шегушілерге де әсер етеді [115,116].

Т.М. Максимованың (2005) зерттеулерінде Батыс Европа еліне қарағанда, Ресей елінде ер адамдар арасында шылым шегушілер басым, ал әйелдер арасында – төмен. Соған сәйкес, ересек халықтың жан басына шаққандағы жылына тартылған темекі үлесінің саны ұлғайған [2,77].

Үшінші қауіпті фактор – дұрыс тамақтанбау. Қазіргі уақытта тез тамақтану жүйесі мекемесінің жан – жақты таралуы, жоғары калориялы тамақты пайдаланудың нәтижесінде семіздіктің қауіпін жоғарлатады [117]. Шылым шегу, ішімдікті пайдалану және дұрыс тамақтанбау көптеген әлеуметтік - психологиялық факторлармен түсіндірілуі мүмкін [118]. Дұрыс тамақтану, әсіресе рационда жаңа піскен жеміс – жидектердің болмауы және майларды аса көп пайдалану, жүрек - қантамыр ауруларының жиі кездесу себептерінің бірі болуы мүмкін. Өкінішке орай В.И.Сорокунның (2004), О.В.Полозованың (2008) мәліметтері бойынша қазіргі уақытта еліміздегі халықтың өз денсаулықтарына деген көзқарасы төмен белсенді екендігі байқалған [116,119].

Қолжетімді әдебиеттер көзінің талдауы ауыл халқының денсаулығы үшін мәселе болып отырған қауіп қатер факторын анықтауды, мұндау зерттеулердің аз екенін және бұл мәселелер ары қарай өңделуді талап ететінін көрсетеді.

1.4 Ауыл тұрғындарына көмек көрсетуді ұйымдастыру және басқару мәселелері

Ауыл тұрғындарына медициналық көмекті ұйымдастыру және оны басқару мәселелері, ауыл тұрғындарының анықталған денсаулық мәселелері, денсаулыққа әсер ететін факторларды талдау, ауылдық жерлердегі емдеу -алдын алу мекемелері қызметтерінің көрсеткіштері қолжетімді медициналық көмекпен қамтамасыз ету мақсатында ауылдың денсаулық саласын жетілдірудің қажеттілігін көрсетті.

Қазақстанда ауылдық жерлердегі алдыңғы қатардағы негізгі мәселенің бірі -мамандардың жетіспеушілігі болып отыр. Бұл мәселені ұлттық және жергілікті деңгейде шешуге шаралар қолданылуда. Ауыл әкімдері жас мамандар үшін әлеуметтік көмекті жақсартты; оған қаржылық көмек ретінде 200 000 - 300 000 теңге; жер телімін алу көмегі, жеңілдіктер, коммуналдық төлемдер, қоғамдық көліктерде жүріп - тұру, мектепке дейінгі мекемелерге балаларды орналастыру және т.б жатады. Соңғы бірнеше жылда ауылдарға 600 дәрігер тартылды. Дегенмен, 2009 жылы ауылдық жерлерде жұмыс істеу үшін 2000 дәрігер мамандары

жетіспеді. Басқа мәселелер Қазақстанның ауылдық аймақтарында алыс орналасқан ауылдар мен аудан орталығына қатынасатын көліктің (қоғамдық және жеке меншік көліктің) тапшылығымен, медициналық көмекке қолжеткізудің қиындығымен байланысты болып отыр. Ауылдық және алшақ орналасқан елді мекен тұрғындарына медициналық көмекке қолжеткізуді жақсарту үшін ҚР-ң Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі диагнозын анықтау және кеңес беру үшін мамандарға дистанциондық конференциялар өткізуге мүмкіндік беретін телемедицинаның дамуын қолдайды. ҚР-ң Денсаулық сақтау Министрлігі 2004 жылдан бастап ауылдық және шалғай орналасқан аудан халқына жоғары арнайыланған көмекке қолжеткізуді жақсарту үшін «Ауылдық жерлерде мобильді медицина мен телемедицинаны дамыту» инвестициялық жобасын іске асыруда [18, 19, 120, 121].

Денсаулық сақтауды дамытудың 2011-2015 жж. «Саламатты Қазақстан» Мемлекеттік бағдарламасы аясында бірден бір маңызды бағыт - көліктік медицинаны дамыту болып отыр. Бұл жұмыс ауылдық елді мекендерде шұғыл жағдайларда, жол-көлік апаттарда, жедел медициналық көмекті жетілдіру үшін жүргізіледі. Халықтың 40% - ы ауылдық жерлерде тұратынын ескере отырып, ауыл тұрғындарын қолжетімді медициналық көмекпен қамтамасыз ету бірінші сатыда тұрған маңызды мәнді мәселе болып отыр. Сондықтан, Қазақстанда күшті медицинаны дамыту ауыл тұрғындарын мамандандырылған медициналық көмекпен қамтамасыз етуге, скринингтік зерттеулерге және көрсетілетін медициналық көмектің жылдамдығын жоғарылатуға бағытталған. Сонымен қатар, ауылдық аймақ тұрғындарын қолжетімді медициналық көмекпен қамтамасыз ету бойынша іс - шаралар жүргізіледі. Сондықтан Қазақстанда 3 емдеу-диагностикалық поезд шығарылды, олар 110 станцияның тұрғындарына 260 мың емдеу - диагностикалық көмек көрсетті, 52 мыңнан астам адамдарды қарап, тексерді, оның ішінде 15 мыңға жуығы балалар [1, 20, 31, 59, 112].

Көптеген авторлар [2, 6, 7, 29, 30, 122, 123], денсаулық мәселесі – ол тек медицинаның емес, сонымен бірге ең алдымен әлеуметтік мәселе деп дұрыс айтады. Бұл жерде денсаулық сақтау жүйесі идеологияны өндей отыра, үкіметке қоғамның денсаулығын сақтауға және нығайтуға бағытталған саясатты қалыптастыруға көмектеседі. Бұл жайында шетел авторлары да жазады, олар денсаулық сақтаудың әлеуметтік бағыты барлық азаматтардың денсаулығын бірдей тиісті деңгейде қамтамасыз ете алатын халық денсаулығын қорғайтын жүйе құруын талап етеді [124, 125].

Осыған байланысты медициналық қызмет көрсету жүйесінде тек қана қайта өзгерту, қайта құру көмегімен денсаулықты жақсартуға жету мүмкін емес. Тек қана қоғамдық - саяси тіршіліктің түбегейлі қайта құрылуы оң нәтиже беруі мүмкін, олардың арасында денсаулық сақтау жүйесі ел азаматтарының денсаулығын қорғайтын өте ауқымды жүйенің тек бір бөлігі ғана болып табылады.

Бүкіл Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұжымының қазіргі кездегі саясаты негізгі төрт бағытта құрылған: денсаулық қорғау жүйесін шын мәнінде жақсарту, кедей халық арасындағы артық өлімді азайту, басты қауіпті факторларды жою және денсаулықты қоғамның даму сапасының критерийі тұрғысында алдыңғы қатарға қою [126]. Осыдан барып, ұлттық деңгейде көптеген Еуропа елдерінде халық денсаулығын қамтамасыз етуде жиынтықты кешендік ведомствоаралық әдісті ескере отырып, денсаулық сақтау төңірегінде стратегия жасап шығарды немесе жасау үстінде [7, 69, 127]. Бұл кезде қоғамның денсаулық элементтері әркезде белгілі аймақтық арнайылықта болатынын ескеру керек.

Мұндай жағдай ауылдық жерлерде алғашқы медициналық көмекті жетілдірудің қажет екендігін айта отыра, осы мәселемен айналысатын көптеген авторлар дұрыс деп санайды [128,129].

К.Ю. Лакунин (2001), Ю.Л. Забин (2001) елімізде соңғы он жылда әлеуметтік экономикалық қайта құрылулар ауылдық жерлердегі емдеу - алдын алу мекемелерін (ЕАМ) ресурстармен қамтамасыз етуге теріс әсер етеді деп атап өткен [123,124]. А. А. Калининский және бірқатар басқа да авторлар (2006), арнайы зерттеулер жүргізіп, көптеген ФАП материалдық-техникалық базасы қанағаттанарлықсыз деп тапты [130,131]. Коми республикасында, Ивановский, Ростов, Омск, Еврей автономды облыстарында, Чуваш Республикасында ФАП-тің 76,7 % арнайы бейімделген бөлмелерде орналасқан, олардың жартысына жуығы күрделі жөндеуді қажет етеді. Олардың 87,2 % - орталықтанған жылу жоқ, 93,2 % - су құбырлары өткізілмеген, 93,7 % -кәріз жоқ. ФАП тек 77% телефонмен, көлікпен тек 0,1 %, қамтамасыз етілген. Ал 1,1% тіс емдейтін дәрігер кабинеті бар. Осы сияқты үлкен күрделі мәселелер ауылдық жерлердегі денсаулық сақтау саласымен байланысты дәрігерлік амбулаторияда, жедел жәрдем көмектерінде де бар [132, 133, 134]. Осы авторлардың мәліметтері бойынша 2004 жылы ауыл тұрғынының 1000 адамына шаққанда жедел жәрдем көмегімен орташа есеппен алғанда 240,1 шақырылым болған, ал Ресейде бұның орташа көрсеткіші – 335,7. Жедел жәрдем көмегінің нақты жететін уақыты 1 сағат, бұл уақыт ішінде бригада келгенше өлім пайызы жоғары болуы мүмкін. В.И. Стародубованың және онымен бірге жұмыс атқарған бірқатар авторлардың (2002) мәліметтері бойынша, Ресейдің Тверь облысының орталық аудандық ауруханаларына ауыл халқының жатқызу деңгейі 1000 адамға шаққанда 120,4 орнына 112,9 болған, ал бөлімше ауруханаларында осыған сәйкес 1000 адамға шаққанда 37,4 және 29,7 құрайды [135].

Қазіргі кездегі жағдайларда одан ары қарай ауыл халқына алғашқы медициналық - әлеуметтік көмекті жетілдіру және қала халқына көрсетілетін көмекке жақындату дәрігерлік амбулаторияларды нығайту және дамытуды іске асыру есебінен, жалпы тәжірибелік дәрігерлік институттарды енгізуді талап етеді, жедел көмек көрсету орталықтарын және жедел дәрігерлік көмекті ауылдық амбулатория құрамында ашуды талап етеді, ауданның медициналық мекемелерінің төсек фондын қайта

құру, ауылдық дәрігерлік амбулаторияларда күндізгі стационарларда болатын төсек орнының санын қоса өсірумен іске асырылуы тиіс, дәрігерлік көмекті жетілдіруді одан ары қарай дамыту медбикелік науқастарға медбикелік күтім көрсететін ауруханаларда болуы керек, олар әлеуметтік қызметті атқарады. Мұндай мұқтаждық негізінен ауыл тұрғындарының қартаюымен байланысты болады, сондықтан ауылдық аудан орталықтарында қарт және қартайған адамдарға медициналық әлеуметтік көмектің қолжетімділігін және тиісті көлемде көрсетілуін талап етеді. Ульянов облысында жабық бөлімшелік аурухана базасында педиатриялық бөлімшенің ашылғаны жазылған, онда терапевтық және неврологиялық бейіндер бойынша емдеу жұмысы қоса жүреді. Педиатриялық бөлімшенің үш жылдық жұмыс тәжірибесі мынаны көрсеткен: өзінің медициналық және экономикалық тиімділігін, қартайған жастағы ауыл тұрғындарына арнайы медициналық көмектің қолжетімділігінің жақсарғаны көрсетілген. Олардың тіршілік ету сапасы жоғарлаған, сондай ақ қалған өмірінде еңбек ету қабілеттілігін сақтауға мүмкіндік жасалған. В.З. Кучеренко бірқатар басқа авторларымен қоса (2005) ауыл және қала халқы үшін қолжетімді медициналық көмектің айырмашылығы бар екенін көрсеткен [50, 136].

Басты мамандардың пікірі бойынша [135, 137, 138], ауылдық жерлерде денсаулық сақтаудың дағдарыс жағдайы медициналық көмек сапасының төмендеуімен, алдын алу жұмыстарының әлсіреуімен, аурудың көбеюімен және халық арасында өлімнің көбеюімен көрінеді. Көптеген авторлардың ойы бойынша [133,134,138,139, 140, 141, 142, 143, 144], ауылдық жерлерде денсаулық сақтаудың негізгі мәселесі болып емдеу алдын алу мекемелерінің құрылымында аз қуатты ауруханалардың басым болуынан, біліктіліктің төмен болуы, дәрігер мамандарымен қамтамасыз етілмегендіктен және мамандардың жоғары деңгейде келіп кету ағымының төмен болуынан, ресурстық базаларды қолдану нәтижесінің төмен болуы, ФАП ғимараттары тозған, дәрігерлік амбулаториялар, ауылдық бөлімше ауруханаларының ғимараттары тозған.

Ауылдық жерлерде стационарлық көмекті ұйымдастыру төмендегідей мәселелермен сипатталады: ауруханаға дейінгі толық зерттеу көрсеткіштері төмен, уақытында ауруханаға жатқызылмайды, ауыл тұрғындары өз беттерімен аудандық және қалалық ауруханаларға қаралады, шұғыл жағдайларда ауруханаға жатқызудың деңгейі өте жоғары және қарқыны өсіп келе жатыр. Негізсіз ауруханаға жатқызудың үлес салмағы жоғары, сондай-ақ арнайыланған ауруханалық көмек облыстық және республикалық мекемелерге ығысқан. Ауылдық жерлерде медициналық көмекті ұйымдастыру міне осындай мәселелермен сипатталады [145, 146].

Г.А. Лаврищева (2003), жүргізген бөлімшелік және орталық аудандық ауруханаларда емделген науқастардың ойын зерттеу барысында олардың ойы бойынша; бөлімшелік ауруханаларда қаралуының негізгі

себебі аудандық ауруханаларға қарағанда олар үйлеріне жақын орналасқан, туысқандардың қатынауына ыңғайлы, тамақтану сапасы жоғары болып келеді. Автор ауыл тұрғындарына стационарлық көмектің үлкен қолжетімділігіне жету мақсатында бөлімшелік ауруханаларды сақтап қалу қажет екені жайында қорытындыға келді [147].

Бірден бір қиын шешілетін мәселе ол ауыл тұрғындарына қолжетімді арнайы медициналық көмекті дұрыс ұйымдастыру болып табылады. В.И. Стародубов, В.И. Гройсман (2007) былай деп болжаған: арнайыланған медициналық көмекті ауданаралық бөлімдерде ұйымдастыру алдағы уақытта келешегі зор деп болжайды, ол үшін осы ұжымдық құрылымның негізгі қызметін ұйымдастыру үшін қаржылық негізі қажет деп тапқан [148].

А.А. Калининский мен бірқатар бірге жұмыс атқарған авторлар (2007), аудан орталықтарының бөлімшелік ауруханалардың басшыларымен бірге жүргізген әлеуметтік зерттеуінде мынаны анықтаған: олардың материалдық – техникалық базасы әлсіз, қаржы жеткіліксіз, қолжетімділік жеткіліксіз, ауылды жерлерде медициналық көмектің арнайы түрлері жеткіліксіз екенін анықтаған [149].

Кейбір авторлар [150] ауыл тұрғындарына көрсетілетін хирургиялық, травматологиялық, стационарлық көмек сәйкес келмейді деп өз ойларын айтқан. Н.В.Комаров бірқатар авторлармен (2005) ауыл халқына хирургиялық көмекті іске асырудың бір жолы және қымбат тұратын құрылғыны тиімді пайдалану ауыл тұрғындарына қызмет көрсететін ауданаралық эндоскопиялық орталықтарды құру керек деп ойлайды.

Ауыл халқына онкологиялық көмектің қолжетімді болу мақсатында Л.Г.Розенфельд және бірқатар авторлар (2008), кешенді ұйымдастыру технологиясын жасап шығарды және ұсынды, оның құрамына емхананың тексеру кабинетінің жұмысын ұйымдастыру, алдыңғы қатардағы медицина қызметкерлерінің онкологиялық ауруларды ерте анықтау мотивациясын жоғарылату, жасы 30-дан асқан және одан жоғары жастағы адамдар үшін онкологиялық скринингті іске асыру кіреді [144]. Көптеген авторлар ауыл тұрғындарына медициналық көмек көрсетуді ұйымдастырудың қазіргі үлгісі медициналық және экономикалық тұрғыдан алғанда тиімсіз, сондықтан құрылымдық және түбегейлі қызметтік қайта құруды қажет етеді деп санайды [144,151].

Авторлар бірнеше бағыттарды ұсынады: ауыл тұрғындарына медициналық көмекті ұйымдастыруды айта құру; Т.Г. Светличная және бірқатар басқа да авторлар (1996) ауылдық жерлердегі денсаулық сақтаудың аралық деңгейдегі мекемелерімен қоса шетелдік үлгіні ұсынады, біздің елімізде бұл бөлімшелік ауруханалар болуы тиіс. Бірден бір түрі ретінде қаржыландырудың төрт кезеңдік аралас бюджеттік сақтандыру үлгісін атауға болады [141].

Ауылдық жерлерде денсаулық сақтауды басқарудың екінші үлгісіне дәстүрлі түрі жатады және ол халық денсаулығына интегральды

сипаттама беруді, ауыл тұрғындарының медициналық көмекке мұқтаждықтарына жүйелік баға беруді; оның көлемінің аймақтық нормативтерін анықтауды қолдануды ұсынады. Жалпы тәжірибелік дәрігердің және басқа да құрылымдардың жекелеген қызметтік бөлімдерін біріктіру үшін жергілікті есептеу және ақпараттық жүйелерін құрудың мәні маңызды болып табылады. Г.А.Юй (1996) жалпы тәжірибелік дәрігерді ақпараттық қамтамасыз ету қызметі көрсетілетін халық жайында, оның денсаулығы жайында, қолданылатын медициналық технологиялар жайында, дәрігер жұмысының сапасын бағалау жайында жекелеген мәліметтер жинағын жасауға мүмкіншілік туғызады деп санайды; дәрігерге анықтамалармен, ақпараттық кеңестермен, рецепт – бланкілермен, тексеруге арналған жолдамалар бланкаларын қолдануға, кеңестер алуға және ауруханаларда емделуге мүмкіншілік туғызады. Басқарудың үшінші жағдайлық үлгісі: жоғарғы басқару мекемелерінің нұсқауымен басқару шешімін қабылдауды болжайды [152].

Ресейде ауыл тұрғындарына медициналық көмек көрсетудің қазіргі кездегі клиникалық -ұйымдастыру үлгісі әртүрлі кезеңдердегі денсаулық сақтауды ұйымдастырудың ерекшеліктерін салыстыруды ескере отырып құрастырылған. Бұл үлгі Ресей Федерациясы Денсаулық сақтау Министрлігінің «Халыққа алғашқы медициналық көмек көрсету жүйесінің үлгісі және мекемелер жүйесінің қайта құрылуын ескере отырып халықты ауруханалық көмекпен қамтамасыз ету» деген әдістемелік нұсқауларын жасап шығаруда ескерілген[147].

Г.С.Шестаков, Е.С.Швец (2008) емдеу - алдын алу мекемелерін қазіргі кезде қаржыландыру және мамандармен толықтырып қамтамасыз ету саясатында жаңаша әдістерді қолдануды талап етеді деп ойлайды. Емдеу диагностикалық үрдістерді қамтамасыз ету үшін, ауылдық жерлерде медициналық көмектің сапасы жоғары болуына қолжеткізу үшін медицина мамандарының құрылымына, санына талдау және объективті баға беру үшін муниципальды деңгейде мәліметтердің біріктірілген базасын жасау қажет. Еңбек ақысын адекватты төлеумен қатар медицина мамандарының еңбек етуін жандандыратын басқа да факторлардың рөлі арта түспек [153].

Қазіргі кездегі күрделі экономикалық жағдайда ауылдық жерлерде денсаулық сақтау мәселелерін табысты шешуде басшы тек қана біліктілігі жоғары маман дәрігер болуымен бірге, сонымен қатар оның арнайы кәсіби дайындығы бар басшы болуы қажет, яғни денсаулық сақтау менеджері болуы тиісті деген пікір бар [154].

Қазіргі кезде муниципальды денсаулық сақтауды қайта құрудың негізгі стратегиялық бағыты жалпы тәжірибелік дәрігер институтын құру болып саналады, онда көптеген зерттеушілердің ойынша, маңызды экономикалық, әлеуметтік және медициналық тиімді, нәтижелі, амбулаториялық көмек сапасы жоғары болады деп болжайды [158,159, 160, 161].

Ауылдық және қалалық жерлерде денсаулық сақтаудың алдыңғы звеносын қайта құрудың осы бағытын іске асырудың негізгі және белсенді өткізгіші болып Самар облысы саналады. 2007 жылы ауылдық жерлердің амбулаториялық емханалық мекемелерінде 88 сертификат алған жалпы тәжірибелік дәрігерлер және 48 жалпы тәжірибелік медбикелер жұмыс жасады. Санитарлық автокөлікпен, медициналық техникалармен жабдықталған жалпы дәрігерлік тәжірибе берудің тармақталған жүйелерінің офисі құрылды. Жалпы тәжірибелік дәрігер қызметінің соңғы нәтижесінің индикативті үлгісі жасалып шығарылды [161, 163].

Самар облысы Волжск ауданының тұрғындарына медициналық көмекті ұйымдастыру ауылдық жерлерге тән байырғы кезең жобасы бойынша құрылған. Ауыл тұрғындарына медициналық көмекті ұйымдастырудың бірінші кезеңінің жағдайы жалпы дәрігерлік тәжірибелік (ЖДТ) дәрігер қағидасын ұстануға толығымен сәйкес келеді. Самар облысында 2005-2010 жж. ауылдық жерлерде ЖДТ дамыту бойынша мақсатты бағдарлама жұмыс жасайды. Ол бағдарламада облыстық бюджеттен қосымша еңбек ақы төлеу, жеңілдікті ипотекалық кредитпен дәрігерлер мен орта буын медицина қызметкерлерін тұрғын үймен қамтамасыз ету, екі жолмен ауылдық жерлерде ЖДТ бөлімшесін құру қарастырылған. Бірінші нұсқада ФАБ базасында ЖДТ құру ұсынылады. Екінші нұсқада ауылдық дәрігерлік амбулаторияны ЖДТ жекелеген топтық бөлімшелерін құруды немесе бөлімшелік ауруханалар базасында жекелеген топтық ЖТД қызмет етуін қамтамасыз етеді [162, 163].

Бірінші медико - санитарлық көмек беру деңгейінде медициналық көмек көрсетудің бірден бір ең үнемді тәсілі медбикелердің көмек беруі болып табылады. Жалпы дәрігерлік тәжірибенің медбикесіне оның дайындық деңгейіне сәйкес дәрігер орындауға тиіс көптеген міндеттер жүктеледі. Жалпы дәрігерлік тәжірибе медбикесінің өздігінен орындайтын жұмыстарының негізгі түрлері: науқас адамның үйіне патронаж жасау, «науқастарға арналған мектептерде» сабақ жүргізу, емханаларда науқастарды қабылдау [164].

Жалпы тәжірибелік фельдшер де науқас балалар мен ересек адамдарға бірдей үйдеріне барып көмек бере алады. Амбулаториялық буында орта буын медицина қызметкерлері есебінен көмек күшейеді, фельдшер және екі медбике 2800 ден 3200 адамға дейін тұратын елді мекендерде көмек көрсете алады [164,165]. Жалпы тәжірибелік дәрігер бөлімінің жұмыс нәтижелері отбасылық қағида бойынша көмек көрсетудің тиімділігі жайында тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

В.В. Павловтың (2008) және бірқатар авторлардың В.В. Стрючкова және А.Г.Сапрыкинаның (2008) зерттеулері жалпы дәрігерлік тәжірибені енгізу ауруханаларда емделетін адамдар санының азайғанын, күндізгі стационарларда емделушілер санының артқанын, қызметтік зерттеулер санының жоғары болуын, физитерапиялық емдеудің жоғары болуын,

санитарлық ағарту жұмыстарының белсенді болуын, алдын алу мақсатында келіп қаралушылар санының артқанын кеш сатысында анықталған қатерлі ісік аурулар санының азайғанын көрсетті [166].

Е.Ю. Лудупова (2002), Б.В. Головский және бірқатар авторлардың (2005) зерттеулері ауыл халқына көрсетілген жалпы тәжірибелік дәрігер көмегіне оң жоғары баға береді, жедел жәрдем көлігін шақыру 10 есе азайған, арнайы жеке мамандарға кеңес алу үшін жіберілетін науқастар саны 2-3 есе азайған, тәуліктік ауруханаларға жатқызу көрсеткіштері төмендеген, барлық баптар бойынша бір дәрігерге жұмсалатын шығын 200 мың сомға дейін төмендеген [167].

Жалпы тәжірибелік дәрігер үшін бөлімше дәрігерлерге қарағанда медициналық көмек көлемі ауқымды болуы тән қасиет. Бұл медициналық көмек көрсету бойынша жекелеген аралас мамандықтардың көмек көлемі ауқымды болуымен түсіндіріледі [168,169]. Аурудың алдын алу қызметтері ерекше ажыратылады. Аурудың алдын алуы үшін бөлімшелік – терапевт-дәрігерге келіп қаралушыларға қарағанда (ЖТД) жалпы тәжірибелік дәрігерге келушілер саны әлдеқайда басым болады. Халықты ауқымды вакцинациялау, флюорографиялық зерттеулермен қамту; диспансерлік бақылаумен қамтамасыз ету жоғары болып тұр. Терапиялық бөлімшелердегі терапевтерге қарағанда бөлімшелерде жалпы тәжірибе дәрігерлері өте аз, жедел көмекті шақыру жиілігі ауруханалардың көрсеткіштеріне қарағанда төмен [170].

В.С.Нечаева, К.Б.Кошман [171] зерттеулері бойынша медициналық көмек сапасын интегральды бағалау бөлімшелік дәрігерлермен (0,76) салыстырғанда жалпы тәжірибелік дәрігер көрсеткіштерінің жоғары (0,86) болуын көрсетеді. ЖТД аурудың алдын алу жұмыстарының сапасын зерттеу нәтижелері бойынша олардың аурудың алдын алу және ақпараттық ағарту шараларын іске асыру үшін потенциалды мүмкіншіліктері өте жоғары болатынын көрсетті. ЖТД 90% басқа мамандық дәрігерлерге қарағанда алдын алу жұмыстарына көп деңгейде назар аударады. ЖТД жұмыс жасайтын емханаларда медициналық көмектің аурухананы ауыстыратын түрі басым әрі белсенді дамыған, ал ауылдық жерлердегі ауруханаларда – медбикелік көмек көрсету төсектері басым болатынын көрсетеді [172, 173].

Жалпы дәрігерлік тәжірибе ұйымының зерттеушілерінің айтуынша [174, 175], қазіргі уақытта денсаулық сақтаудың бірінші буын қызметін және жалпы тәжірибелік дәрігердің жұмысын реттеуге мүмкіндік беретін, әсіресе ауылды жерлерде ғылыми – әдістемелік және нормативті – құқықтық база әлі толық өңделмеген.

И.Н.Денисова (2007), денсаулық сақтауды қайта құруды жүргізу үрдісі кезінде жаңа заңдылық базасын құру, жаңа жағдайда жұмыс жасаудың бейімделу механизмін жасау, денсаулық сақтауды қаржыландырудың өзара әрекеттесу механизмін қайта жасап шығару және өзгерген жағдайда мекеменің қызмет етуі үшін ұйымдастыру қағидаларын енгізу қажет деп ойлайды [172]. Орталық аудандық

ауруханалар басшыларының, зерттеушілердің, медициналық мекемелердің сақтандыру сарапшылары ауылдық жерлерде медициналық көмек көрсету сапасын жоғарылату емдеу мекемелерін тек қазіргі кездегі емдеу-диагностикалық құралдармен жабдықтауда, жүктемелерді азайтуда, еңбек ақысын жоғарылатуда, дәрігерлердің біліктілігін жоғарылатуда, емдеу-алдын алу мекемесі басшыларының өзін-өзі қаржыландыруында ғана мүмкін болады деп ойлайды [174, 175].

В.О.Корецкий және оның серіктес авторлары (1999), В. Стрючков және оның серіктес авторлары (2008) былай деп болжайды: ауылдық денсаулық сақтауды қайта құрудың негізгі бағыттары құрал жабдықтарды тиімді пайдалануда, тиімді технологияны жасап шығару және оны өндіріске енгізуде, ауыл тұрғындарына медициналық көмек көрсетудің жаңа түрлерін енгізуде, жалпы дәрігерлік тәжірибе, аурухананы алмастыратын технология, бөлімшелік ауруханалардың рөлін және міндеттерін қайта қарастыру, аудан аралық емдеу-алдын алу, диагностикалық және кеңес беру орталықтарын ашу, ауыл үшін дәрігер мамандардың біліктілігін арттыру деп санайды [176,177].

Ауылдың емдеу–алдын алу мекемелерінің материалдық – техникалық базасының әлсіз болуын, білікті медициналық маман кадрларының жетіспеушілігін, емдеу–алдын алу мүмкіндіктердің шектеулігін ескере отыра, арнайыланған кеңес беру медициналық көмектің дамуына ең басты рөл берілген, оның ішінде емдеу - алдын алу көмектің жылжымалы түрлеріне және әсіресе емдеу орталықтарының жоғары технологияларды қолдана отырып немесе аудан аралық кеңес беру – диагностикалық орталықтар пайда болуын қажет етеді [178].

Бірқатар авторлар ауылда медициналық көмек көрсетуді жетілдірудің бірден бір мүмкін болатын түрі, медицинаны бюджеттік сақтандыру жағдайында ауыл тұрғындарына көрсетілетін медициналық көмекті білікті және арнайы көмекке жуықтататын жағдайдың облыстық денсаулық сақтау мекемелерінің жоспарлы түрде ауылдарға шығып жұмыс жасау болып табылады деп санайды [179]. Жұмыстың мұндай түрі Нижегород, Новгород және Ростов облыстарында, Коми, Дағыстан Республикаларында белсенді қолданылады. Шалғай орналасқан аймақтардағы халыққа арнайы амбулаториялық-емханалық медициналық көмекті жақындату мақсатында Кемер облысында қуаты күшті Губерндік медициналық-диагностикалық кешенавтопоезд негізінде ауылдарға шығып көмек беретін емхана жабдықталған. Оның міндеттері шалғай ауылдардағы халыққа қазіргі кездегі стандарттар негізінде диагнозын анықтау және емдеу тәртібіне түзетулер енгізу болып табылады: элеуметтік маңызды болып келетін аурулардың асқынуларын ерте анықтау, алғашқы реттік диагнозын ерте анықтау, алдын алу шараларының жоспарларын құрастыру. В.В.Стрючков және А.Г. Сапрыкина (2008) ауылдарға шығып медициналық көмек көрсететін бригадалар жұмыстарының ұйымдастыруларына жоғары баға береді. Олардың жұмыстарын ауыл халқына медициналық көмек беруді

ұйымдастыруда жалпы тәжірибелік дәрігер институтының дамуы бірден бір басты бағыт деп санайды [180].

В.В.Степанов және бірқатар авторлар (2006), мемлекеттік кепілдік бағдарлама ауыл халқына медициналық көмектің қолжетімді болуына жету жолында кездесетін жағымсыз үрдістерді болдырмауға бағытталған бірден бір ең тиімді адекватты шара деп санайды. Ауыл тұрғындардың денсаулығының күрделі мәселелері, денсаулық сақтау саласының жағдайы ерекше назар аударуды талап етеді және ауылда медициналық көмек көрсетуді басқару мен ұйымдастырудың ұсынылған аймақтық үлгілерін талдауды қажет етеді [181].

Ресей Федерациясы субъектілерін басқару ұйымдарының басшыларына жүргізілген әлеуметтік сұрастыру мына жағдайды көрсетті: респонденттердің 64,1% ауылдық жерлерде медициналық көмек беруді ұйымдастыруды қайта құрудағы кездесетін мәселелердің арасында бірінші орынға қаржы жеткіліксіздігін атады. 59,0% респонденттер ауыл тұрғындары денсаулығының негізгі мәселелері әлеуметтік маңызы бар аурулардың, атап айтқанда туберкулездің, АИТВ инфекциясы, ішімдікті шектен тыс пайдаланудың, нашакорлық, табиғи-ошақтық аурулардың жоғары деңгейде болуы деп атады. Сұрастырғандардың 25,4 % қолайсыз демографиялық жағдай деп атап көрсеткен.

Сұрастырғандардың әрбір төртіншісі ұйымдастыру сипатындағы мәселе әкімшіліктің әлсіз болуы деп атаған. Сұрастырғандардың 35,9 % міндетті медициналық сақтандырудың жеткіліксіздігіне жұмыссыз адамдарға төлем ақыны ретсіз төлеу, науқас құқығын қорғау, нормативтік құқықтық базаның жетілмеушілігі, науқас құқығын қажетті ресурстармен қамтамасыз етілмеуі деп атап көрсеткен.

Самар облысында ірі қалалардағы аудандық ауылдардың халқына медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлінген. Олар кәдімгі ауылдық жерлерден әлеуметтік құрылымымен, халықтың еңбек ету сипатымен, тіршілік ету тәртібімен, маятник сипатты көшіп қонудың кеңінен таралуымен ерекшеленеді. В.В. Павлов және онымен бірге жұмыс жасағандар (2008), С.А. Суслин (2007, 2008) ең тиімді, үнемді басқару деп облыстық корпоративтік аймақтық медициналық орталық ашып, ұйымдастыру деп санайды. Оның құрамына өзара байланысты емдеу - алдын алу мекемелерінің (ЕАМ) кешендері кіреді; олар алдын ала жасалған келісім шарт бойынша мамандырылған дәрігерлік көмек көрсетеді [182].

Орталықты осы орталықтың құрамына кіретін емдеу - алдын алу мекемелерінің басшыларынан құрылған координациялық кеңес басқарады. Осындай өзара әрекеттесулер аудан халқына дәрігерлік көмек көрсетудің сапасын жақсартады, қаржы шығынын азайтады, науқастың көпшілігі көрсетілген көмекке қанағаттанатын болады. Ауыл тұрғындарына көрсетілетін медициналық көмек сапасының жоғары болуына және қолжетімді болуына аурудың алдын алу жұмыстарын күшейту үлкен рөл атқарады. Бұл жұмыс әр облыста әртүрлі технология

көмегімен іске асырылады. А.А.Калининская және онымен бірігіп жұмыс жасағандар (2006) Тула және Нижегородск облыстарында дәрігерлік - алдын алу орталықтары және емдеу - алдын алу мекемелерінде (ЕАМ) дәрігерлік-алдын алу кабинеттері ашылғанын атап көрсеткен. Красноярск өлкесінде ауыл халқына әр үйге барып адамдарды өз денсаулықтарының жағдайы және оған әсер ететін факторлар бойынша сұрастыру және қарау жүргізілген. Ставрополь өлкесінде механизаторлар мен ауыл шаруашылық өнімдерін өсірушілер арасында дәрігерлік көмекке қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін оларды егістікке, жұмыс алаңдарына барып қарайтын медициналық бригадалар ұйымдастырылған. Пенза облысында денсаулық сақтау басқармасының саясаты ауылдық жерлердегі жұмыс жасап тұрған емдеу - алдын алу мекемелерін сақтап қалуға бағытталған [183].

Медициналық көмекті жетілдіру бағытының бірі [184,185] денсаулық сақтау саласын ақпараттандыру, ауылдық денсаулық сақтау саласының алдыңғы қатарлы буынына және шалғай орналасқан ауылдық жерлерге іс жүзінде телекоммуникациялық технологияларды енгізу болып табылады. Ресейде халыққа медициналық көмек көрсетуде ақпараттық телекоммуникациялық және медициналық технологиялар жаңа бағыт жасады; телемедицина көптеген елдердің медициналық тәжірибесінде кеңінен қолданылады. Телемедицина шалғай орналасқан ауылдарға кеңес беруге, шұғыл жағдайларда, техногендік апаттарда медициналық көмекті ұйымдастыруды қамтамасыз етуде кеңінен қолданылады [186].

Телемедицинаның басты артықшылығы медициналық орталықтың басты және арнайы мамандарының көмегіне шалғай аудан тұрғындарының қолжеткізе алуына көмек жасауында.

А.Г. Сердюков және оның бірге жұмыс атқарғандармен бірге (2008) телемедициналық технологиялардың табысты дамуы үшін Федерация субъектілерінің денсаулық сақтау министрлігінде басқару құрылымын құру және телемедициналық орталық жұмыстарын реттейтін нормативтік құжаттар жинағын жасап шығару қажет деп санайды [187].

Ауылдық аудандардағы муниципальды денсаулық сақтау ұйымдарының жұмысын ғылыми бағалау медициналық көмек көрсетуді қайта құруда басты назарды алғашқы буынға аудару қажет екендігін көрсетеді [188,189]. Олардың көзқарасы бойынша алғашқы медико-санитарлық көмек көрсету жүйесінің барлығы бірдей жұмыс істеп кетуі үшін қала және ауылдық жерлер үшін жалпы тәжірибелік дәрігер үлгісін жасап шығару қажет, аймақтық бағдарлама қабылдау керек, мақсаты қаржыландыру және жалпы тәжірибелік дәрігер жұмысының бас маманын тағайындау қажет, ол аймақ деңгейінде үйлестіруші қызметін атқаратын болады.

Ауылдық жерлерде денсаулық сақтауды қайта құрудың бірден бір мысалы Чувашия республикасында осы бағытта жүргізілген жұмыстар. Олар қайта құруды бөлімшелік ауруханаларды қайта құру жолынан

бастаған. ФАБ-терді күндізгі стационарлары бар дәрігерлік амбулаторияларға, күндізгі төсектерге, медбикелік күтім жасау төсектеріне ауыстырған; жалпы тәжірибелік дәрігерлерді енгізген; кеңес беру- диагностикалық емханалардың сыртқа шығып көмек көрсететін бригадаларын құрастырған; ауданаралық әйелдер босанатын үйлерді ұйымдастырған; тері венерологиялық және фтизиатриялық диспансерлер ұйымдастырған [190].

О.А.Волобуевтың пікірінше (2004) [191], аудандық денсаулық сақтау жүйесін жетілдірудің маңызды кезеңдерінің бірі аудандық емдеу - алдын алу мекемелерімен (ЕАМ) облыстық орталықтың медициналық мекемелері арасындағы бірігіп жұмыс жасауды кеңейту болып табылады. Бұл кезде денсаулық сақтау саласын басқарудың нәтижелігін жоғарылату үшін әлеуметтік зерттеулердің маңызы үлкен болмақ. Бұл зерттеулер халыққа көрсетілген медициналық көмекке, олардың қанағаттанулары жайында көп ақпараттар береді [199].

Ауылдық жерлерде жедел дәрігерлік көмек көрсету қызметі аса үлкен сұранысқа ие және солай бола тұра оның мәселесі де үлкен. Ауылдық жерлердегі жедел жәрдем көмегін ұйымдастырудың ерекшелігі сол, ол бір-бірінен алшақ орналасқан халқы аз ауылдарға жедел жәрдем көрсетеді және ол емхана мен ауруханаларды өзара байланыстырып қана қоймайды, сонымен бірге ауыл халқына медициналық жәрдем берудің барлық кезеңдерін байланыстырады. Осы мәселені зерттеушілер ауылдағы жедел жәрдем беру жүйесін де қайта құру керектігін дұрыс атап өтуде [192, 193].

Е.А. Финченко және оның серіктестері (2008) жүргізген Новосибирск облысының ауылдық жерлерінде медициналық қызметтерді қайта жанартуды зерттеу нәтижелері амбулаториялық-емханалық және жедел жәрдем көмегінің нақты қолжетімділігі жоғарылағанын және ауруханаларда жатып емделу көрсеткіштері төмендегенін көрсетеді [193].

Қоғамдық денсаулықты және денсаулықты сақтау саласын зерттеушілердің көзқарастары бойынша ауылдық жерлердегі денсаулық сақтау саласындағы туындаған жағдайларды өзгерту үшін кешенді ведомстволар арасында тәсілдің болуы, биліктің барлық тармақтарының бірігуі консолидациясы болуы, жеке меншіктің, ведомстволардың және қорлардың әртүрлі түрлерін ұйымдастыру қажет болады [194, 195].

Қазіргі уақытта шет елдерде медико - санитарлық көмек қызметі, ағарту жұмыстары, көлік, байланыс құралы, тұрғын үй құрылысы, сумен қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығындағы шағын өнеркәсіп қызметтерін біріктіру концепциясы аудандық деңгейде жасалып, муниципалистердің бақылауымен іске асырылуда [196, 197].

Сонымен денсаулық жағдайы туралы әдебиеттер мәліметтерінің талдауы, ауыл халқының шарттары мен өмір сүру салттары, ауылды жерлерге медициналық көмек көрсету ұйымдарының ерекшеліктері ауылдық денсаулық сақтау ұйымдарында шешілмеген мәселелердің бар екенін және осы экономикалық және әлеуметтік жағдайларда ауыл

халқына медициналық көмекте жаңа технологияларды іздеу және басқару жолдарын қарастыру керек екенін көрсетті.

Бүгінгі таңда Қазақстанның ауылдық жерлердегі денсаулық сақтау саласы оның құрылымдық жағдайын жаңа стратегияларды енгізу арқылы әрі қарай жетілдіруді талап етеді, бұл жетілдірулер экономиканың барлық секторларымен біріктірілудің перспективті мақсаттары негізінде болмақ, сондай-ақ дамудың қазіргі кездегі ғылыми және институционалдық технологияларын қолдануға негізделген.

Ауылдық денсаулық сақтау жүйесінің қызмет етуін жоғарылатуға ауылдық жерлердегі медициналық көмекпен қамтамасыз ету деңгейінің қалаға қарағанда қалыс қалуын денсаулық сақтауды басқарудың шеткергі ұйымдары мен денсаулық сақтауды жергілікті өзін өзі басқару ұйымдары арасында өзара әрекеттесудің жаңа түрлерін енгізу жолымен біртұтас жүйелік әлеуметтік саясат қалыптастыру арқылы артта қалдырып, кемістіктерін жоя алады деп болжайды. Кешенді зерттеулер осы мақсатқа жету үшін арналған.

1.5 АМСКК деңгейінде инновациялық қызметті ұйымдастыру, алдын алу, сауықтыру технологиялары

Нарықтық экономика жағдайында денсаулық сақтау жүйесінің қызмет атқаруы медициналық көмектің сапалы және қолжетімді болуына, нәтижесі жоғары деңгейде болуы үшін қолда бар еңбектің, материалдық қаржы – қорларды дұрыс, ұқыпты, нәтижелі пайдалануды талап етеді [61, 198].

Қоғамдық денсаулықты қорғау әлеуметтік – экономикалық қайта құру кезеңінде мемлекеттің әлеуметтік – саяси басым міндеттерінің бірі болып табылады, ал халық денсаулығы еліміздің ұлттық қауіпсіздігінің негізі ретінде анықталады [89, 91, 93]. 2030 жылға дейін Қазақстанның даму стратегиясы және тағы басқа бірқатар құжаттарда (1997) [198] «Қазақстан Республикасының 2005-2010 жж. денсаулық сақтау саласының дамуы және қайта құру жайында мемлекеттік бағдарламасы» (2004) [10], «Қазақстан Республикасы денсаулық сақтаудың бірыңғай ұлттық жүйесін құру концепциясы» (2008), «2015-2030жж Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесін дамытудың мемлекеттік «Саламатты Қазақстан» бағдарламасы» (2010) [1]; «Қазақстан Республикасының 2011-2015жж. медициналық және фармацевтикалық білімді дамыту концепциясы» [199], Қазақстан Республикасының халқының денсаулығын қорғау төңірегінде алдын алу шараларын іске асыруы көрсетілген.

Медициналық көмектің сапасы және қолжетімділігі, денсаулықты қорғау жүйесінің нәтижелі іс әрекеттерінің деңгейі АМСКК жағдайымен және дамуымен анықталатыны белгілі [200, 201, 202, 203]. Бүгінгі таңда медициналық көмектің сапасын жоғарлатуға, нәтижесінің жақсы болуына әкелетін, инновациялық технологияларды жасап шығаруға және

қолдануға үлкен назар беріледі [203, 204, 205]. Бүкіл әлемдік банк сарапшыларының ойынша экономикалық дамуы және кірістің көп болуы халық денсаулығын жақсартуға оң әсерін көрсетеді, бірақ ол сонымен қоса жалғыз негізгі және болашақта денсаулықты сақтауда, қорғауда прогреске жетудің жалғыз стратегиясы болып табылады. Сондай - ақ тіпті кіріс баяу қарқынмен өскен кездің өзінде де, техниканың дамуы денсаулықты жақсартудың негізі болып саналады. Сонымен, көптеген зерттеулердің ойынша, өткен ғасырда халық денсаулығының жақсаруы, тұрмыс жағдайының жақсаруына байланысты болғанымен, ғылыми-техникалық дамудың қарқынды болуына көп байланысты [206, 207, 208].

А.Н.Нұрбақыттың зерттеу нәтижелері бойынша (2010), медициналық көмектің сапасы және медициналық көмекті алу мүмкіншілігінің жоғары болуының қанағаттануы – Денсаулық сақтау саласының қайта қалыптасуының маңызды міндеті. Денсаулық сақтаудың экономикалық мүмкіншілігі шектеулі болуында және қаржы қатынасын жетілдіруде медициналық көмек көрсету мәдениетін және сапасының қолжетімділігін жоғарылатуда жана әдістерді іздестіру жағдайында науқастың ойы, көзқарасы медициналық мекеме қызметін бағалаудың бірден бір өлшемі болып табылады. Осыған байланысты шешім қабылдануда қоғамдық көзқарасты зерттеуге негізделген ақпарат үлкен рөл атқарады [209].

Сәйкес зерттеулер нәтижелері денсаулық сақтауды қайта құрудың және дамуының жағымсыз және жағымды жақтарын көрсетеді, науқастардың медициналық қызмет көрсету қызметінің қанағаттануы төмен факторларды анықтауға мүмкіндік береді [208, 209, 210].

Бірқатар авторлардың ойынша Денсаулық сақтау саласының жинақталған мәселелері келесідей: жаңа қоғамның базистік құндылықтарына негізделген дамудың анық және нақты стратегиясының болмауы; нарық механизмдерінің нашар дамуы, нәтижесіз менеджмент, техниканың және технологияның артта қалуы, жүйелердің қызметтерін мониторингпен бағалау, денсаулық сақтауы ұйымдастырудың қиындығы; ақпараттық және коммуникациялық жүйелердің әлсіз болуы, мамандармен толық қамтылмауы, денсаулық сақтау қызметкерлерінің өз еңбектерінің нәтижелеріне қызығушылығының болмауы және т.б [211, 212, 213, 214].

А.А. Аканов (2006ж.), М.А.Камалиев және тағы басқа бірқатар авторлардың (2000ж.) айтуынша қазіргі кездегі денсаулық сақтау саласына кешенді зерттеулер қажет, ол зерттеулер жүйесінің инновациялық дамуы және инвестиция дамуы арасындағы тепе – теңдікті қамтамасыз ету және денсаулық сақтау нәтижесі мен шығындары арасындағы десинхронизацияны жеңуге бағытталған [207, 213, 215].

Мұндай зерттеулер прогрессивті әлемдік ағымында денсаулық сақтау саласын қайта жаңа үлгіде жаңарту басымдылығы және негізгі бағыттары үшін өзекті тездетілген үлкен көлемде қайта ұйымдастыру

қажеттілігін ескере отырып (Кульжанов М.К. 2003 ж.; Куракбаев К.К. 2006ж.), Қазақстанның модернизациялау қадамы жүйелі болуы қажет және отандық денсаулық сақтау жүйесінің саяси технологияның, интеллектуалдың, инфрақұрылымның артта қалуын жоюға бағытталуы тиіс, және оның бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз етуі тиіс [205, 212, 215, 216, 217].

2003ж. 17 мамырдағы Қазақстан Республикасының Президентінің №1096 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы 2003-2015 жж. индустриалды- инновациялық даму стратегиясы төңірегінде, денсаулық сақтау саласының негізгі міндеттері меншікті ғылыми және инновациялық потенциалды жасаумен және дамытумен анықталады. Оның өзінде денсаулық сақтау төңірегінде мемлекеттің саясаты байырғы бағыттармен бірге денсаулық сақтаудың мемлекеттік медико – элеуметтік және құқықтық қолдану шараларын іске асыру, денсаулық сақтау ұйымдарының материалдық – техникалық базасын нығайту денсаулық сақтауды қазіргі кездегі медициналық технологияны енгізуге бағдарлайды. Сонымен қатар, емдеу және диагнозын анықтаудың клиникалық хаттамаларын қолдау, экономикалық тиімді әдістердің, халыққа медициналық көмек көрсетудің қолжетімділігін жоғарлатуға басым назар аударуы керек [60, 61, 205].

Н.Г. Москвичева (2009ж.) және онымен бірге басқа да авторлардың жұмыстарында халыққа медициналық көмек көрсету жүйесін жетілдіруін ұйымдастыру – талдау үлгісіне негізделген концептуалды тәсілмен келу жұмысы ұсынылған. Оның негізіне ауыл халқының денсаулық жағдайын зерттеудің объективті нәтижелері, ауыл тұрғындарының медико – элеуметтік сипаттамасы, денсаулық саласын анықтайтын басымдылықты басқаруға көнетін факторлар, ауыл тұрғындарын медициналық көмекпен қамтамасыз ететін жүйенің ұйымдастыру жұмысына талдау кіреді. Ұйымдастыру – талдау үлгісін жасап шығарудың және енгізудің мақсаты - денсаулықты сақтау және нығайту, мерзімінен бұрын өлім көрсеткіштерін азайту, ауыл халқына сапалы және қол жетімді медициналық көмек көрсету болып табылады. Ауыл халқына медициналық көмек көрсетуді жетілдіру жүйесін ұйымдастыру – талдау үлгісімен қалыптастырудың стратегиялық басым бағыттары: ауылдық жерлерде денсаулық сақтауды басқару жүйесін жетілдіру; ауылдық жерлердегі денсаулық сақтау мекемелерін мамандармен қамтамасыз ету мәселесін шешу; ауылдық жерлерде денсаулық сақтаудың алдын алу бағыттарын дамыту; халыққа медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру жүйесін максималды жетілдіру; халыққа медициналық қызмет көрсетудің барлық кезеңдерінде көмектің сапасын басқару жүйесін дамыту және жетілдіру; ауылдың денсаулық сақтау саласының құрылымдық нәтижелілігін жетілдіру; ауылдық жерлердің денсаулық сақтау жүйесінің ақпараттық технологиясын дамыту; ауыл халқының денсаулық және қауіпті факторлар мониторингісін іске асыру; ауылдық жерлерде денсаулық

сақтау мекемелерінің жұмыс нәтижелерінің көрсеткіштеріне мониторинг жүргізу жүйесін жасап шығару және оны аудандардың денсаулық сақтау ұйымдарының жұмысына енгізу [218].

К.В.Шипачев (2004ж.) Ресей Федерациясының денсаулық сақтау субъектісінің перспективті үлгісін қалыптастыруды ұсынды; яғни, қаржыландыру, жоспарлау және басқарудың инновациялық – технологиясын енгізу; медициналық және дәрігерлік көмекті ұйымдастыру; денсаулық сақтау жүйесінің нормативті – құқықтық базасын түзету және заңдылық іс - әрекеттерді басымырақ жүргізу; медициналық сақтандыруды енгізу; медициналық көмек сапасын жақсартудың нәтижесін жоғарлату. Бұл үлгінің механизмі мынаны ұсынады: менеджменттің қазіргі кездегі технологиясын енгізу; біртұтас ақпараттық кеңістік қалыптастыру; саланы корпоративті басқару жүйесін дамыту; барлық деңгейде мемлекеттік кепілдіктің аймақтық бағдарламасын іске асыру бойынша емдеу - алдын алу мекемелерінің ғимараттарын қалыптастыру; медициналық көмек көрсетудің көпдеңгейлік жүйесін ескере отырып, қызметтер бойынша басқарудың қызметтік вертикалін ұйымдастыру; науқастың бағытын көтермелеу негізі және қаржымен қамтамасыз етуде профильдік арнайы орталықтар ашу; аурухананы алмастыратын көмек түрлерін дамыту; облыс деңгейінде ерекше назар аударатын контингенттерге медициналық көмек көрсету жүйесін жетілдіру; емдеу - алдын алу мекемелеріне фармацевтикалық менеджмент және формулалық жүйені енгізу; медициналық көмектің сапалы болуын қамтамасыз ететін стратегиялық басқару жүйесін қалыптастыру. Бұл кезде (ЕАМ) медициналық көмекті ұйымдастыру нәтижесін жоғарлатудың инновациялық – технологиясына кіреді; ЕАМ дамуының негізгі стратегиялық бағытын жасап шығару; корпоративті және қызметтік басқару жүйесін асыру; ЕАМ деңгейінде қаржыландыру нәтижелері бойынша басқарудың шаруашылық қатынасының үлгісін жасау; сондай-ақ медициналық мекеменің инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз ету, ұжымды әлеуметтік - психологиялық және экономикалық әдістермен басқаруды енгізу. Денсаулық сақтаудың перспективті үлгілерін енгізу нәтижелері бала туу деңгейіне және бала өлімінің деңгейіне оң әсерін көрсеткен. Алғашқы рет ауырып қалу көрсеткіштері тұрақты, жалпы ауырып қалу көрсеткіштері жоғарлауға бейім, бұл халыққа медициналық көмектің қолжетімді болғанын сипаттайды. Емханаларға келіп қаралу сапасын ескере отырып, амбулаториялық - емханалық мекемелердің қуаты жоғарылағанын байқауға болады [219].

Қазақстан Республикасында «2011-2015жж. «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы» төңірегінде науқасқа бағдарланған АМСКК технологиясын түбегейлі өзгерту жолымен сапалы жаңа деңгейге көтеру мақсатында денсаулық сақтау жүйесін кешенді жетілдіру міндеті қойылған [1].

Аурудың алдын алу және денсаулығын нығайтудың стратегиясын анықтау маңызды мәселе болып табылады [172, 188]. Денсаулық сақтау нәтижелі жүйесінің және алдын алу шараларын жүргізудің негізі – жалпы дәрігерлік тәжірибе қағидасына негізделген АМСК-ң жаңа үлгісі болуы керек; ауруханалық емдеуді емханалық емдеуге ауыстыруға басым назар аудару керек.

Медициналық көмекке қол жеткізуді қамтамасыз ету бойынша және халыққа көрсетілетін қызметтердің тез, уақытында және сапасын жоғарлату бойынша міндеттерді шешу қажет. Бұл ретте басымырақ міндеттер – жылжымалы медициналық жиынтық түрінде көліктік медицинаны құру; санитарлық авиация; ірі жолдар бойындағы медициналық бекеттер және әлеуметтік қызметтер институтын дамыту болып отыр. Әлеуметтік бағыттағы АМСКК құру маңызды, сондықтан амбулаториялық деңгейде медициналық көмек көрсетудің жаңа түрлері енгізілді, оның ішінде әлеуметтік қызметкерлер, яғни емхана деңгейінде қызметтік көмек көлемі кеңейген және олар АМСКК болып құрылуы керек [220, 221].

Әлеуметтік – медициналық қызметтер жеке адамның, отбасының тұтас денсаулығын сақтауға, нығайтуға, еңбекке жарамдылығын қайта қалпына келтіруге, аурудың алдын алуға бағытталған. Бұл кезде науқастардың өздерін және олардың туысқандарын белсенді түрде іске жұмылдыру қажет; олар өз денсаулықтарына жауапкершілікті сезініп, тіршілік ету сапасының жақсаруына және жоғарлауына әкелуі мүмкін, басқа азаматтар сияқты қоғам өміріне араласу мүмкіншілігі туындайды.

Соңғы жылдары денсаулық сақтау саласында әлеуметтік қызметкерлер жұмысы белсенді даму үстінде, олардың саны елімізде екі мыңға жуық. Олар медициналық қызметкерлермен бірге өз құзыреттіліктері төңірегінде халыққа медициналық көмек көрсетуге қатысады [220, 222, 223].

Қазақстан Республикасында енгізілуге тиіс жоспарланған инновациялар аймақтық, демографиялық және әлеуметтік – экономикалық ерекшеліктермен бірге денсаулық сақтаудың қазақстандық үлгісіне бейімделген тек халықаралық тәжірибелерге негізделген.

Көпшілік жағдайда медициналық кірісулердің нәтижесі, сапасы тек емдеу мекемесінің материалдық – техникалық жағдайына және маманның біліктілігіне ғана байланысты болмайды, сонымен бірге науқастың медициналық көмекке қанағаттану дәрежесіне, медицина қызметкерлерінің қарым – қатынасына, денсаулық сақтау жүйесіне сенімділігіне байланысты болады. Қазіргі кезде науқас құқығын қорғау үшін емделіп жүрген науқастардың хабарласуы, олардың өздерінің және туысқандарының әлеуметтік сұрастыруы нәтижесінде мемлекеттік мекемелерде сенім телефоны қызметін енгізуді, ал медициналық мекемелерде ішкі бақылау қызметін енгізу қарастырылуда.

Медициналық қызмет сапасын қамтамасыз ету үшін денсаулық сақтау саласын дамытудың Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру

төңірегінде тәуелсіз медициналық сараптау жүйесі құрылды. Ол объективті және шынайы таза болуын қалайды. Тәуелсіз сарапшылардың көптеген мәліметтер топтамасы бар, шамамен 150 аккредитацияланған сарапшы және алты кәсіби – медициналық ассоциациясы саналуда. 2012 жылы қаңтар айынан бастап сараптау жұмысының сапасы автоматтандырылған «медицина қызметі сапасын басқару жүйесі» кешенді бағдарламаға ауыстырылды. Соның көмегімен сапаның көптеген емделуімен байланысты асқыну, қайта емдеу және сол сияқты қателіктерін, стационарда ем қабылдаған науқас үшін автоматты түрде таңдауға болады. Бірақ, нақты шешім қабылдау үшін осы таңдауға міндетті түрде екі кезеңдік бағалау жүргізіледі, бұл ДДРО деңгейінде көмек көрсету сапаның бірінші реттік бағалауы болып табылады және ары қарай бұл мәлімет сапаны бақылау Комитет деңгейіне және медициналық қызметті төлеу Комитетіне барады, онда ол сарапшылар соңғы қорытынды жасайды. Бағдарлама кешені сапа қызметін бақылау үрдісін және сарапшы дәрігерлердің жұмысы үрдісін жетілдіруін қамтамасыз етеді.

ДБҰЖ енгізуден бастап медицина қызметкерлерінің сапалы медициналық көмек көрсетуге мотивация механизмі өзгерді. Ауруханаларда соңғы нәтижеге бағытталған медицина қызметкерлерінің еңбек ақысын дифференциалды жүйемен төлеу жүйесі енгізілді, амбулаториялық деңгейде емхана қызметкерлерінің жан басына келетін нормативтерін жасайтын еңбек мотивациясы қолданылады [207, 220, 221].

Қазақстан Республикасында (ДБҰЖ) жүйесінің енгізуіне байланысты ауыл халықтары үшін барлық деңгейдегі стационарлық көмекке қолжетімділік жоғарылады. Сол уақытта ауруханалық көмекті ақы төлеу арқылы алудың жаңа әдістері және науқас үшін ерікті таңдау жасау ауылдық ауруханалардың жұмыс атқаруына соққы ретінде кедергі болады. Сол себепті ауыл тұрғындарының денсаулығын нығайту үшін және оның қаржылық тұрақтылығын жоғарлату үшін ауылдық медициналық ұйымдарды қаржыландыру әдісі енгізілген. Бұл үлкен бюджеттік әдіс ауруханаларға белгілі бір кепілдік көлемде қаржыландыру болған уақытта олардың тұрақты жұмыс істеуіне көмектеседі.

Қазақстанда денсаулық сақтау жүйесінің басқару механизмін бағалау төңірегінде белгілі бір тәжірибе жинақталған. Сонымен қоса инновациялық және инвестициялық стратегияны бағалау бойынша жүйелік және кешендік жұмыстары жүргізілмеген [220, 221, 223, 224, 225, 226, 227].

Бұған қарамастан Қазақстан Республикасында жалпы тәжірибелік дәрігерлер жүйесі жұмыс істей бастады, науқастарға жедел көмекті тәулік бойы көрсету, кенеттен денсаулығы нашарлаған жағдайда жедел тәуліктік көмекті көрсетуді тек қана жедел жәрдем ғана іске асырады. Отбасылық дәрігерлердің жұмыстарын реттейтін бұйрықтарда ауыл халқына ғана жедел көмекті көрсету міндетіне тек қана диклоративті нұсқаулар бар,

бірақ оны іске асырудың механизмі жоқ. Осының нәтижесінде жұмыстың бұл түрі отбасылық дәрігерлермен іске асырылмайды. Бұл да жалпы дәрігерлік тәжірибеге инновацияның қажет екенін талап етеді [228, 229, 230].

Жалпы тәжірибелік істі енгізумен қатар жедел және шұғыл көмек көрсету қызметін қайта құру мәселесі алға қойылған. Ол үшін жалпы тәжірибелік дәрігерлер сәйкес құзыреттілікте болуы қажет, сондай-ақ жұмысты тиісті деңгейде ұйымдастыру құқықтық регламенті болуы керек және т.б. [231, 232, 233]. Шетел мемлекеттерінің осындай тәжірибелерін мақсатты түрде қолдану керек, атап айтқанда Ұлыбританиядағы жалпы тәжірибелік дәрігерлер шұғыл көмекті көрсетуге қатысады, бұл зерттеулер қаржыны және құрал жабдықтарды үнемдеуге әкеледі [234, 235].

Сербияда АМСКК жүйесінде халық денсаулығын нығайту үшін қолданылатын бірден бір инновациялық технология ол мобильді телефон жүйесін (В.Стоцин, 2013) енгізу болып табылады. Мобильді денсаулық - мобильді телефония. Денсаулық сақтауда негізгі қызмет көрсетудің көзі болатын жаңа әдіс болып табылады. Ол «Baby is Coming» деп аталады. Оның мақсаты мобильді денсаулықты сақтау үшін көрсетілген мобильді қызметтерге науқастардың қанағаттанғандығын бағалау болып табылады. Оның пайдалы екенін анықтау болып табылады және мобильді телефония жүкті әйелдердің денсаулығын нығайту бойынша ақпараттар беру үшін қажет. Мобильді телефонмен ақпараттарды алу, денсаулық жайында ақпаратты беру үшін өте пайдалы арна болып келетінің зерттеу нәтижелері көрсетті. Денсаулықты нығайту үшін мобильді телефонды қолдану, денсаулықты нығайтудың пайдалы және нәтижелі үлгісі болып табылатынын талдаулар көрсетті [236].

Қазіргі кезде ауыл тұрғындарының денсаулығын нығайту және сақтау мәселесі ерекше маңызды болып отыр. Өйткені қазіргі таңдағы денсаулық сақтауға әсер ететін жағымсыз құбылыстар, сондай-ақ тек біздің ғана қоғамға тән медико-әлеуметтік мәселелер әсіресе ауыл тұрғындары арасында айқын байқалады [237]. Ауыл тұрғындарына арнайы дәрігерлердің көмек көрсетуі төмен. Алғашқы медициналық көмекті көрсету кемшіліктері бар. Іс жүзінде ауруды алдын алу бойынша жұмыстары тоқтап қалған. Халықты диспансерлік бақылау дұрыс жүрмейді, осының барлығы аурудың кеш сатысында анықталу санының өсуіне әкеледі және ауыл халқының денсаулық көрсеткіштерінің әжептәуір нашарлауына мүмкіндік туғызады. Ауылдағы демографиялық жағдайдың жағымсыз үрдістері басым болады. Ауыл тұрғындары арасындағы өлім көрсеткіштері қалаға қарағанда жоғары, оның ішінде ауыл және қала тұрғындары арасындағы өлім көрсеткіштерінің максимальды айырмашылықтары жас адамдарға келеді. Осы жағдай ауыл халқына медициналық көмек көрсетуді ұйымдастырудың жаңа түрлерін енгізуге мұқтаж етеді [238]. Қазіргі кездегі диагностика үшін кездегі технологияларды қолданып алдын алу медицинасының стратегиясын іске

асыру негізінде және денсаулықты түзету қажеттігін талап етеді. Осы жағдай ауыл халқына медициналық көмектің жаңа түрлерін енгізу керек екенін қажет етеді, яғни аурудың алдын алу стратегиясын іске асыру негізінде қазіргі кездегі жаңа технологияларды қолдана отырып ауруды анықтау және денсаулықты түзету негізіне әртүрлі факторлардың денсаулыққа әсер ету дәрежесін бағалау деңгейі жатады [44, 239].

Қазақстандағы ауылды жерлерде денсаулық сақтау қолжетімділікті талап етеді. Емдеу, анықтау үрдісінің нәтижелілігін медициналық қызмет көрсетудің сапасын жақсартуын талап етеді. Бірден бір басымдылық АМСКК деңгейінде медико - әлеуметтік қызметті дамыту болып табылады. Н.Джайнақбаев, А.Т.Маншарипова және басқа да авторлар (2013) әлеуметтік бағдарлау, ұйымдастыру басқару технологиясы және АМСКК беру деңгейінде әлеуметтік қызметін көрсетудің нәтижесі тиімді түрлерін жасап шығарды. Бұл жұмыстарды жылжымалы медициналық кешен көмегімен жасап шығарды. Бұл амбулаториялық емханалық кешен, бұларға жақсы жабдықталған медициналық бригадалар арнайы жабдықталған және арнайы автотранспортпен қамтамасыз етілген бригадалар көмек көрсетеді. Олар халыққа медициналық қараулар жүргізеді аурудың ерте сатысын анықтау мақсатында скринингтер жүргізеді, диспансерлік қараулар жүргізеді, дер кезінде сауықтыру іс шаралары жүргізіледі. Оның ішінде еліміздің алыс және шалғай жерлерінде тұратын балаларға да осы көмек көрсетілген. Жұмыс нәтижесінде әлеуметтік жұмысты көрсету үшін индикаторлар және стандарттар ұсынылған. АМСКК ұйымдастыруда медико-әлеуметтік көмек көрсететін мамандар үшін арнайы құзыреттілік тізімі құрастырылған. Медициналық - әлеуметтік көмекті көрсету бойынша халықты ақпараттандыру жүйесі оқып зерттелген. Жылжымалы медициналық кешендерде жұмыс атқаратын АМСКК ұйымдастыру үшін әлеуметтік және медицина қызметкерлері арасында өзара әрекеттесу алгоритмі ұсынылды [240].

Оқулықтарды талдау нәтижесіндегі мәліметтер бойынша инновациялық әдістерді бағалауды енгізудің және жасап шығарудың жүйелі жиынтықты әдісі жоқ. Ғылыми база жоқ болғандықтан инновациялық технологияны енгізудің нәтижелілігі төмен және осының нәтижесі денсаулық сақтау қызметінің барлық деңгейіне әсер етеді. Тұтас алғанда инновациялық технологияларды талдауға жинақталған талдауларды объективті бағалау және нақты талдау қажет.

Осыдан шыға бұл зерттеулердің негізгі мақсаты инновациялық, ұйымдастыру және алдын алу үлгілерін ғылыми негіздеу болып табылады.

2 БАҒДАРЛАМА, МАТЕРИАЛДАР МЕН ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ


Бұл кешендік, эпидемиологиялық, медико-әлеуметтік, клиникалық, статистикалық зерттеу болып табылады. Зерттеу проспективті, тұтас және таңдаулы болып келеді. Зерттеу дизайны 1 суретте көрсетілген. Зерттеу бағдарламасы келесі кезеңдерден тұрды:

- Ұйымдастыру (дайындық);
- Медициналық-демографиялық көрсеткіштердің, ауырсынудың, мүгедек және өлім көрсеткіштерінің жиынтығы;
- Алынған талдаудың нәтижелері;
- Материалдың статистикалық әзірлемесі;
- Ересек жастағы ауыл тұрғындары арасында аса кең таралған терапиялық аурулардың алдын алу және қайта қалыпқа келтіру шараларының инновациялық модельдердің қалыптасуы;
- Оны АМСКК деңгейінде енгізу, енгізілген технологияның тиімділігін бағалау;

Зерттеу жоспарына зерттеу әдісін таңдау және оның сипаттамасы, мақсаты мен міндеттерін талқылау, көлемін анықтау, нысан мен бақылау бірліктері кірді, сонымен қатар оны жүргізудің ережелері (1 кесте).

1 кесте - Зерттеу кезеңдері, әдістері, міндеттері, бақылау нысаны және зерттеу көлемі

Зерттеу кезеңдері	Зерттеу міндеттері	Зерттеу әдістері	Бақылау нысаны, ақпарат көзі және зерттеу көлемі
1 кезең	<ul style="list-style-type: none"> • Мәселе жағдайымен танысу • 2012-2014жж. Қарағанды облысы халқының денсаулығының эпидемиологиялық талдау көрсеткіштері • Қаралу мәліметтері бойынша аудандарда анықталған СЖЕА талдау 	<ul style="list-style-type: none"> • Аналитикалық • Эпидемиологиялық • Статистикалық (орташа көлемнің есебі) • Сарапшы бағалауының әдісі • Модельдеу 	<p>Ауыл халқы. Ресми статистикалық материалдарЕАМ (форма 12,14,15, 17,21,24, 30,31,32,40,43,47,52,5, 9,60АСУ «Кадры», АСУ «ТЭП», АИС «Профтексерулер») – 270 бірлік</p>
2 кезең	<p>Ауыл аймақтарының медико - әлеуметтік сипаттамасын зерттеу. Әлеуметтік маңызды аурулар дамуының қауіп факторын анықтау. Халықтың өмір сүру салтын және жағдайын зерттеу</p>	<p>Сауалнама (авторлар әзірлеген сауалнама бойынша) Статистикалық (корреляционды талдау, айырмашылықтардың шыңайлылығы)</p>	<p>Таңдаулы зерттеулер №1 сауалнама __500__, №2 сауалнама_2000, бөлімшеде_1600_ №3 сауалнама ДДСҰ – 1807</p>
3 кезең	<p>АМСКК деңгейінде ауыл халқына ұйымдастырылған медициналық көмектің сараптамасы:</p>	<p>Әлеуметтік Статистикалық Медициналық көмектің қолжетімділігін кешенді бағалау әдісіұйымдастыру - тәжірибелік</p>	<p>№4 сауалнама _ 50_, №5 сауалнама __60_ №6 сауалнама __300_</p>
4 кезең	<p>АМСКК деңгейінде халық денсаулығын нығайту бойынша жүргізілген қайта қалпына келтіру шараларының мониторингісі және бағасы.</p>	<p>Статистикалық Әлеуметтік Логистикалық Эксперт қателіктерінің әдісі</p>	<p>Ауыл халқы Индикаторлар</p>



1 сурет – Зерттеу дизайны

Ақпараттар көзі ретінде қызмет атқарды:

- Қазақстан Республикасының нормативті-құқықтық құжаттары, Қарағанды облысы бойынша АМСКК ұйымдастыру және реттеу:

- 2005-2013 жылдарындағы Қарағанды облысы бойынша халықты әлеуметтік қорғау және бақылау Департаменті, емдеу-алдын алу мекемелерінің, оның ішінде облыстық алдын алу орталықтың нақты есеп - қисап құжаттары.

Денсаулықтың негізгі көрсеткіштерін оқу үрдісінде және ересек халық арасында кең таралған терапевтикалық аурулардың дамуының қауіп факторын анықтау кезінде зерттеу нысаны болып Қарағанды облысының ауыл халқы қарастырылды, ал қаралу бірлігі ретінде - оның тұрғыны алынды.

Сынамалы нысан ретінде Бұқар - Жырау ауданы алынды. Қаралу бірлігі ретінде медициналық және кеңес алу көмегіне жүгінген науқастар болды, сонымен қатар, АМСКК мамандары.

Ауыл халқына емдеу-алдын алу көмек жүйесінің ұйымдастырылуы Қарағанды облысының денсаулық сақтау жүйесі мысалы негізінде іске асырылды. Бақыланатын бірлік ретінде ауылдық аудандарының алдын алу - емдеу мекемелері алынды.

Оқу үрдісі барысында ауыл халқына көрсетілетін алдын алу көмектің облыс деңгейінде ұйымдастырылуына ерекше көңіл бөлінді. Алдын алу көмек сапасының іске асуы және ауыл халқының қайта қалпына келуі, АМСКК қызметінің соңғы нәтижелерін өңдеу үлгісі маңызды бағыт болды. АМСКК алдын алудың сапасын қамтамасыз етуде және қайта қалпына келтіру жұмысындағы нақты рөл бірінші, екінші және үшінші стандарттарына берілді.

Халыққа емдеу - алдын алу көмектің инновациялық моделін іске асыру тиімділігін бағалау медициналық, әлеуметтік және экономикалық тиімділігін талдау жолы бойынша жүргізілді. Медициналық тиімділіктің бағалануы негізінде негізгі демографиялық көрсеткіштердің мониторингісі, сонымен қатар, аса кең таралған терапия аурулары салдарынан болған өлімнің, мүгедектің және ауру деңгейінің динамикасы қолданылды.

Мониторинг халықтың денсаулық жағдайын бағалау, медициналық көмек ұйымы жүйесі туралы ой пікірі бойынша және зерттеу үрдісі кезіндегі бағалау көрсеткіштері мен мониторингқа арналған көрсеткіштер бойынша жүргізілді.

2012-2013 жылдары зерттелген аурулардың қауіп факторларының таралуын анықтау ауыл халқын әлеуметтік зерттеу арқылы жүргізілді. Таңдаудың жалпы көлемі 2000 адамды құрады, когортыға 1600 қосылды. Репрезентативтік жалпы қабылданған әдіс бойынша анықталды. Сауалнаманың базалық сұрақтары бойынша таңдау қателіктері 5% -дан аспады, сенім коэффициенті 0,95 % болғанда. Сауалнаманың сұрақтары ауыл халқында шылым шегу, семіздік, төмен физикалық белсенділік және т.б. қауіп факторын анықтауға бағытталған. Созылмалы жұқпалы емес аурулардың (STEPS) қауіп факторын анықтауға бағытталған ДДСҰ-ң

сауалнамасы қолданылды. Сауалнама жалпы ақпаратты, демографиялық мәліметті, жүріс тұрыстың көрсеткіштерін (шылым, ішімдікті қолдану бойынша үлгі; тамақтану рационы, физикалық белсенділік, қан қысымының жоғары болуы, диабет), физикалық қаралудың мәліметтерін (қан қысымы және пульстің жиілігі), биохимиялық көрсеткіштерін (қандағы глюкозаның деңгейі, қандағы липидтер, триглицерин және жоғары тығыздықты липопротеидті холестерин), қосалқы болатын ауруларды және дәрігерге қаралуды қамтыған.

Жылжымалы медициналық кешеннің және скринингтік зерттеулердің қорытындылары талданды.

Статистикалық талдау STATISTIKA пакетін қолданумен жүргізілді. Өртүрлі топтағы кездесетін белгілер жиілігінің қатынасы (үлесі) p былай анықталды:

$$p = \frac{k}{n} (\% \text{ болуы мүмкін}),$$

мұнда k – белгілері қызықтыратын жағдайлардың саны;

n – таңдау көлемі;

p таңдау бойынша анықталатын болғандықтан, ол генеральдың лесін кейбір қателіктермен бірге көрсетеді.

$$m_p = \sqrt{\frac{p \times (1 - p)}{n}}$$

Өртүрлі тәуелсіз жиынтықтарда кездесетін белгінің жиілік қатынасын салыстыру үшін Стьюденттің критеріі қолданылды:

$$t = \frac{p_1 - p_2}{\sqrt{m_{p1}^2 + m_{p2}^2}}$$

$p < 0,05$ болғанда ерекшеліктер статистикалық маңызды деп саналды.

Аналитикалық көрсетілу тренді (теңесу) аса кең түрде таралған болжау әдісі болып табылады. Экстраполиритті трендтің болуы – бұл кейбір кезде кездейсоқ әсерлерден тәуелсіз, уақытша қатардың негізгі тенденциясы

Әзірлеменің болжануы экстраполиритті қызмет түрін анықтау болып табылады $y = f(t)$, қаралушылардың мәліметтері негізінде, уақытқа байланысты (аурушандықтардың) зерттелетін көлемін көрсетеді. Біздің зерттеулерде екінші кезектегі қызмет қолданылды.

$$y = b_0 + b_1 t + b_2 t^2$$

Коэффициентін түзу емес қызметі мен болжамын табу үшін қолданбалы STATISTIKA пакеті бағдарламасы қолданылды.

3 2005-2013 ЖЫЛДАРЫ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША МЕДИЦИНАЛЫҚ - ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Осы зерттеуді орындау барысында облысымыздың ауыл халқына көрсетілетін медициналық көмекті іске асыруға бағытталған міндеттері анықталды. Осы көзқарас бойынша терапиялық аурулар кезіндегі негізгі медико - демографиялық көрсеткіштердің динамикасы, ауыл және облыс бойынша да берілген кезең ішінде денсаулық көрсеткіштері оқып зерттелді.

Қарағанды облысының статистика Департаментінің мәліметі бойынша 01.01.2013 жылы Қарағанды облысының тұрақты халық саны 1 362 743 адам. Облыстағы қала тұрғындарының үлесі - 78,4% құрайды, ауылды жерлерде - 21,6%. Облыстағы барлық халықтың 28,7% - балалар мен жас өспірімдер құрайды. Оның ішінде қала халқы арасындағы бала мен жасөспірімдердің үлесі - 27,4% (292 659 бала), ал ауылды жерлерде - 33,5% (98 547 бала). Облыстағы әйелдер саны - 718 893, әйелдер (52,8%), оның ішінде 146 408 - әйелдер (47,7%) ауылды жерлерде тұрады. Әйел халқының ішінде фертильді (бала тууға болатын жас) жастағы әйелдердің саны - 294 277 (40,9%) және барлық халықтың 21,6 % құрайды. Ер адамдардың саны - 643 850, ол барлық облыстың 47,2% құрайды. Қарағанды облысының аудандар мен қалаларын жеке алғандағы халықтың орташа жылдық көрсеткіші 2 кестеде берілген.

2 кестеден көріп отырғандай, зерттеу кезеңі ішінде Қарағанды облысының қала халқының саны - 5,6% (немесе 55,5 мың адам), ол қала халқының өмір сүру деңгейінің, қаланың экономикалық жағдайының жақсарғанын және туу көрсеткішінің жоғарлағанын айтады. Жыл сайын Қарағанды облысында қала халқы 0,81-1,1%, тек 2010 жылы шамалы төмен түсу 0,4% байқалған, оның себебі «шағын қалалардың мәселелері», өйткені өнеркәсіп өндірісінің жабылуы немесе төмендеуі, экономиканың диверсификациясының төмен деңгейі, халықтың өмір сүру деңгейінің төмендігі, жұмыссыздықтың жоғары болуы және тіршілікке қажетті инфрақұрылым жағдайының қанағатсыз болуы мүмкін.

2 кесте – Қарағанды облысы халқының мың халыққа шаққандағы орташа жылдық көрсеткіші (2005-2013жж. денсаулық сақтау ұйымы қызметінің және Қазақстан Республикасы халқының статистикалық «Денсаулық» жинағының мәліметі бойынша)

Қалалар мен аудандар	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013
Қарағанды	440,5	449,7	456,3	462,48	468,36	468,26	477,76	477,23	484,8
Балхаш	73,8	73,6	73,9	74,65	75,31	76,31	76,87	77,26	78
Жезқазған	96	96,8	97,2	97,01	96,83	90,39	85,49	89,18	89
Қаражал	19,4	19,2	19	19,06	19,07	19,3	19,24	19,2	19,2
Сарань	51	50,8	50,7	50,59	50,52	50,46	50,75	51,13	51,4
Сәтпаев	70,5	70,5	70,6	70,58	70,82	69,47	69,89	70,13	70,2
Теміртау	169,9	171,3	172,4	173,58	175,06	178,33	179,73	180,77	182,6
Шахтинск	57,1	56,6	56,7	56,72	56,77	56,05	56,21	56,69	57,3
Приозерск	12	12,6	12,9	13,27	13,51	13,59	13,52	13,33	13,2
Барлық қала	990,2	1001,1	1009,7	1017,9	1026,3	1022,2	1029,5	1034,9	1045,7
Абай ауданы	56,5	54,8	54,6	54,62	54,68	53,2	53,35	53,81	54,7
Ақтоғай ауданы	19,7	19,2	18,6	17,99	17,49	18,8	18,6	18,52	18,2
Бұқар-Жырау ауданы	61,4	60,8	60,4	59,98	59,72	63,67	63,39	63,24	62,9
Жана - Арка ауданы	28,8	28,5	28,3	28,22	28,25	31,18	31,54	32	32,7
Қарқаралы ауданы	44,5	43,1	41,9	40,64	39,64	41,64	40,98	40,55	39,5
Нұра ауданы	31,5	30,9	30,2	29,48	28,89	25,54	25,2	24,88	24,5
Осакаровка ауданы	37,8	37,1	36,5	35,78	35,15	34,49	33,96	33,51	33,1
Ұлытау ауданы	15,2	14,6	14,1	13,51	12,97	13,61	13,59	13,79	13,9
Шет ауданы	47,5	46,8	46,4	46,06	45,78	45,35	45,13	44,98	44,5
Барлық аудан	342,9	335,8	331	326,28	322,57	327,48	325,74	325,28	324
Қарағанды облысы	1333,1	1336,9	1340,7	1344,2	1349,3	1349,6	1355,2	1360,2	1369,7
Қазақстан Республикасы	15074,7	15308,1	15484,2	15674,0	15924,9	16323,3	16558,7	16791,4	17035,3

Облыстың қала халқы арасындағы ең үлкен халық саны Қарағанды қаласында байқалған, онда 2005 жылы халықтың 440,5 тең, 2013 жылы 484,8-ге дейін өсуі анықталған. Халықтың ең аз саны Приозерск қаласында байқалған (2005 жылы 12,0 -ден 2013 жылы 13,2- ге дейін).

2 суретте 2005–2013 жылдары Қарағанды облысы бойынша ауыл аудандарының демографиялық көрсеткіштерін зерттеу көрсетілген.



1 сурет - Қарағанды облысы бойынша ауыл халқының орташа жылдық көрсеткіші

2 суретте көрсетілгендей статистикалық мәлімет бойынша ауыл халқының саны 2005- 2013 жылдары 5,5% - ға төмендеген, бірақ берілген аралықта 2010 жылы халықтың өсуі де байқалған.

2005 жылы ауыл аудандары арасында халық санының өсуі бойынша 61,4% Бұхар - Жырау ауданы болды, ол 2013 жылы 62,9%- ға дейін өсу тенденциясына ие еді. Ең аз халық саны Ұлытау ауданында – 2005 жылы 15,2; 2013 жылы 13,9 ға дейін төмендеу тенденциясы байқалған.

Қарағанды облысы бойынша барлық халықтың жастық және жыныстық құрылым 3 кестеде берілген.

3 кесте – Қарағанды облысыбойынша барлық халықтың жас және жыныстық құрылымы (2009-2013 жж. Қарағанды облысының жыл сайынғы демографиялық мәліметтері бойынша)

Жылы Жасы	2009 жыл			2013 жыл		
	барлығы	еркек	әйел	барлығы	еркек	әйел
	1 341 207	633 284	707 923	1 362 743	643 850	718 893
0	22 691	11 616	11 075	24 249	12 470	11 779
1-4	79 664	40 751	38 913	92 125	47 012	45 113
5-9	83 017	42 667	40 350	96 777	49 501	47 276
10-14	92 599	47 264	45 335	81 154	41 816	39 338
15-19	116 778	59 014	57 764	96 901	49 385	47 516
20-24	125 856	62 929	62 927	119 739	60 018	59 721
25-29	109 093	54 493	54 600	119 422	59 906	59 516
30-34	103 286	50 161	53 125	104 505	51 818	52 687
35-39	98 224	47 375	50 849	98 925	47 379	51 546
40-44	91 541	43 551	47 990	93 138	44 383	48 755
45-49	100 210	46 855	53 355	88 871	41 489	47 382
50-54	83 815	37 964	45 851	94 115	42 951	51 164
55-59	70 346	29 812	40 534	73 690	31 825	41 865
60-64	43 799	17 865	25 934	61 505	24 655	36 850
65-69	44 057	16 544	27 513	32 755	12 616	20 139
70-74	39 525	14 441	25 084	40 771	13 824	26 947
75-79	18 821	5 919	12 902	25 043	8 136	16 907
80-84	12 956	3 126	9 830	12 408	3 347	9 061
85-89	3 697	721	2 976	5 442	1 073	4 369
90-94	942	160	782	1 007	207	800
95-99	240	50	190	143	22	121
100 &	50	6	44	58	17	41

3 кестеде берілгендей 2009 жылы облыс бойынша 60 жастағы және одан да жоғары жастағылар - 12,2%, 2013 жылы - 13,1% құрады, бұл облыс халқының қартаюын көрсетеді. Халықтың қартаю жасы үлкен адамдардың және қартайған адамдардың медициналық қызметтің және әлеуметтік көмек сұраныстарының жаңа түрлерін талап етеді.

Осыдан біз Қарағанды облысы бойынша ауыл халқының жас және жыныстық құрылымын жеке қарастырдық (4 кесте).

4 кесте – 2009-2013 жж. Қарағанды облысы ауыл халқының жас және жыныстық құрылымы. (Қарағанды облысы бойынша жыл сайынғы демографиялық мәліметтер абс. сан)

Жасы	2009 жыл			2013 жыл		
	барлығы	еркек	әйел	барлығы	еркек	әйел
Барлығы	302 202	150 783	151 419	294 358	147 950	146 408
0	5 560	2 781	2 779	5 203	2 684	2 519
1-4	20 346	10 462	9 884	20 598	10 411	10 187
5-9	22 732	11 581	11 151	24 453	12 574	11 879
10-14	26 377	13 537	12 840	21 834	11 119	10 715
15-19	28 915	15 232	13 683	26 459	13 730	12 729
20-24	27 674	14 438	13 236	24 284	13 311	10 973
25-29	22 220	11 607	10 613	22 855	12 377	10 478
30-34	21 684	11 138	10 546	20 074	10 546	9 528
35-39	20 557	10 600	9 957	20 118	10 385	9 733
40-44	20 826	10 451	10 375	19 271	9 841	9 430
45-49	21 939	11 022	10 917	19 821	9 846	9 975
50-54	17 770	8 714	9 056	20 112	10 030	10 082
55-59	14 305	6 622	7 683	15 244	7 246	7 998
60-64	9 111	4 080	5 031	12 363	5 578	6 785
65-69	9 027	3 836	5 191	6 564	2 843	3 721
70-74	7 180	3 008	4 172	7 767	3 016	4 751
75-79	2 913	958	1 955	4 265	1 617	2 648
80-84	2 094	525	1 569	1 924	549	1 375
85-89	690	135	555	869	193	676
90-94	192	39	153	216	35	181
95-99	69	16	53	39	11	28
100 &	21	1	20	25	8	17

4 кестеде берілгендей, ауыл халқының құрылымында 2009 жылы 302 202 дейін, 2013 жылы 294 358-ға дейін халық санының төмендеуі байқалады.

Жас аспектісінде ауылдықтар арасында 15-19 жастағылар (2009 жылы - 28 915, ал 2013 жылы - 26 459) және 20-24 жастағылар (2009 жылы - 27674, ал 2013 жылы - 24 284) басым келеді. Сонымен қатар, 2013 жылға Қарағанды облысының жеке аудандарымен қоса барлық халықтың жас құрылымы қарастырылды (5 кесте).

5 кесте - 01.01.2013 жыл бойынша Қарағанды облысы халқының жас құрылымы, адам

Ауданның атауы	Барлық халық	Жас құрылымы		
		0-14 жас	0-14 жас	0-14 жас
Қарағанды	479214	96689	256819	125706
Балхаш	77436	17334	41642	18460
Жезқазған	88830	20295	47497	21038
Қаражал	19166	5364	9894	3908
Саран	51171	9518	26714	14939
Сәтпаев	70262	17170	37908	15184
Теміртау	180970	35091	95708	50171
Шахтинск	57014	10712	28785	17517
Приозерск	13184	3519	7812	1853
Абай	54057	11237	27433	15387
Ақтоғай	18497	4868	9203	4426
Бұқар-Жырау	63236	14022	33842	15372
Жаңа-Арқа	32312	9151	16733	6428
Қарқаралы	40439	10204	21652	8583
Нұра	24732	6065	12718	5949
Осакаровка	33343	7363	17265	8715
Ұлытау	13909	3533	7057	3319
Шет	44971	12170	22819	9982
Барлығы:	1362743	294305	721501	346937

5 кестеде берілгендей қалаларда халықтың жас құрылымының прогрессивті түрі анықталды, онда 0 –жастан 14- жасқа дейінгі балалар саны, 50 және одан жоғары жастағы ересек адамдар санынан асып түседі (Қаражал, Сәтпаев, Приозерск қалаларында).

Халықтың жас құрылымының осындай түрі халық санының одан әрі қарай өсуін қамтамасыз етеді.

50 және одан жоғары жастағы ересек адамдар саны 0 –жастан 14- жасқа дейінгі балалар санынан асып түсетін қала халқының жастық құрылымының регрессивті түрі Қарағанды, Балхаш, Жезқазған, Саран, Теміртау қалаларында байқалады. Халықтың жастық құрылымының регрессивті түрі халық санының өсуі жоқ екенін мәлімдейді.

Аудандар бойынша талдау Ақтоғай, Жаңа-Арқа, Нұра, Ұлытау, Қарқаралы, Шет аудандарында халықтың жастық құрылымының прогрессивті түрі анықталғанын мәлімдеді. Халықтың жастық құрылымының регрессивті түрі Бұқар - Жырау, Осакаровка аудандарында анықталған. Бұл жағдайда халыққа көрсетілетін медициналық көмекті, әлеуметтік қызметтерді дұрыс жоспарлау мәселесі алдыңғы орында болуы керектігі атап өту керек. Халықтың жастық құрылымының прогрессивті түрінде балаларға және жас өспірімдерге ерекше назар

аудару қажет. Халықтың жастық құрылымының регрессивті түрінде жасы ұлғайған және қартайған адамдарға әлеуметтік көмек көрсету мәселесі артады.

Сонымен, Қарағанды облысының 9 қалалық және 9 ауылдық аудандар арасындағы медико-демографиялық көрсеткіштер салыстырыла отырып талданды. Қала халқы арасында жастық құрылымның регрессивті түрі басым екендігі, ал ауыл халқы арасында прогрессивті түрі басым болатыны анықталды. Ауылдық жерлерде бала туу көрсеткіштері жоғары және өлім көрсеткіші төмен екені байқалды. Мұндай жағдай ауыл халқының көп мөлшерде қалаға көшуімен байланысты болуы мүмкін. Статистикалық көрсеткіштердің мәліметі бойынша ауыл халқының арасында еңбекке қабілетті жастар саны басым бірақ, нақты мәлімет бойынша олардың көпшілігі қалада тұрады және дәрігерлік көмек үшін қалалық медициналық мекемелерге қаралады.


Облыстағы медико-демографиялық жағдайды сипаттайтын маңызды көрсеткіштер зерттелген (6 кесте).

6 кесте – Облыстағы медико-демографиялық жағдайды сипаттайтын маңызды көрсеткіштер (2009-2013жж. Қарағанды облысының жыл сайынғы демографиялық мәліметтері бойынша)

Көрсеткіш	2009 жыл			2013 жыл		
	барлығы	қала	ауыл	барлығы	қала	ауыл
Туу (1000 тұрғынға шаққанда)	17,3	17,3	17,5	18,1	18,3	17,3
Өлім (1000 тұрғынға шаққанда)	11,3	11,9	9,2	10,5	10,9	9,0
Табиғи өсім	6,0	5,4	8,3	7,6	7,4	8,3

6 кестеде берілгендей 2009-2013 жж. арасында облыс бойынша халықтың бала туу көрсеткішінің жоғарлауы 1,05. Облыс бойынша бала туу 17,3-тен 18,1- дейін жоғарлаған, ал ауылдық жерлерде бұл көрсеткіш 17,5 және 17,3. Егер табиғи өсу облыс бойынша 6,0 - дан 7,6 - дейін жоғарласа, онда ауылдық жерлерде бұл көрсеткіш тұрақты – 8,3. Керісінше жыл бойынша өлім көрсеткіші 11,3 - тен 10,5 - ке дейін, ал ауылды жерлерде 9,2-ден 9,0-ға дейін төмендеген. Сонымен, ресми статистикалық мәліметтер бойынша өлім көрсеткіші жыл сайын төмен, бала туу коэффициенті жоғарлаған, осыған сәйкес халықтың табиғи өсімі артқан.


Қарағанды облысы бойынша туу көрсеткіші (1000 адамға шаққандағы тірі туған бала саны, барлығы) келесі өлшемдер бойынша ауытқып отырған (3 сурет).



3 сурет – Қарағанды облысы бойынша туу көрсеткіші (1000 адамға шаққандағы тірі туған бала саны, барлығы)

3 суреттен мынаны көруге болады, 7 жыл уақыт аралығында (2006-2013 жж.) бала туудың абсолютті көрсеткіші 2,4 промилль болған. Абай, Бұқар-Жырау, Осакаровка, Нұра, Қарқаралы, Шет аудандары бойынша бұл облыстық көрсеткіштен жоғары. Жаңа -Арқа ауданында бала туу көрсеткіші 2005 жылы 15,81 болса, 2013 жылы 20,66 болған. Осакаровка ауданында бұл көрсеткіш екі есеге жоғарлаған және 2013 жылы 17,56 құраған.

Халықтың табиғи өсімі халықтың өсу қарқынының ең жалпы сипаттамасы болып саналады. Әдетте халықтың табиғи өсімінің коэффициенті жылына 1000 адамға есептеледі. Қарағанды облысы бойынша халықтың 1000 адамға шаққандағы табиғи өсімі 4 суретте көрсетілген.



4 сурет – Қарағанды облысы бойынша халықтың 1000 адамға шаққандағы табиғи өсімі

4 –суретте көрсетілгендей халықтың табиғи өсімі облыс бойынша 2005 жылдан 2013 жылға дейін 1,8 - ден 7,62 - ге дейін жоғарлаған. Жа-на-Арка ауданында 1000 адамға шаққандағы халық 8,46 - дан 13,65 - ке дейін жоғарлаған. Осақаровқа ауданында бұл көрсеткіш тек 2006 жылдан 1,38; 2013 жылы 5,03 ке дейін артқан.

Барлық себептерден жекелеген жас топтары бойынша өлім коэффициенті келесі жағдайды көрсетті (7 кесте).

7 кесте – Барлық себептерден болған жекелеген жас топтары бойынша өлім коэффициенті (2005-2013 жж. Қарағанды облысының жыл сайынғы демографиялық мәліметтері бойынша)

Жасы, жас топтары бойынша	Жасына сәйкес 1000 адамға шаққандағы өлім саны	
	2009 жыл	2012 жыл
15-19	1,06	0,97
20-24	1,97	2,69
25-29	3,21	4,48
30-34	4,99	6,20
35-39	5,97	8,74
40-44	7,31	10,29
45-49	9,50	13,64
50-54	12,41	18,12
55-59	17,16	28,68
60-64	23,98	36,86

7 кестенің мәліметі бойынша 2009 және 2012 жылдары жас ерекшеліктеріне сәйкес халықтың өлім коэффициентін салыстыру

халықтың еңбекке қабілетті 55-59 жас аралығында өлімнің жоғары екенін көрсетті, 2009 жылы 28,68; 60-64 жастағы өлім – 2009 жылы 23,98 болса, 2012 жылы 36,86 болған.

Өлімнің негізгі себептері бойынша облыстағы еңбекке жарамды жастағы барлық халықтың өлім коэффициентін зерттеу 8 кестеде берілген.


8 кесте – Өлімсебептерінің негізгі кластары бойынша облыстағы барлық еңбекке жарамды жастағы халықтың өлім коэффициенті (100 мың еңбекке жарамды жастағы адамға шаққандағы өлгендер саны) 2009, 2013жж.

Өлім себептері	Барлығы		Ауыл	
	2009ж.	2013ж.	2009ж.	2013ж.
Қатерлі ісіктердің пайда болуы	137,13	132,62	146,71	139,15
Қанайналым жүйесінің аурулары	615,92	394,32	650,48	440,24
Тыныс алу мүшелерінің аурулары	51,19	67,63	52,13	73,28
Ас қорыту мүшелерінің ауруы	58,11	84,54	64,30	89,89
Келеңсіз жағдайлар, улану, жарақаттану	142,48	134,67	147,29	133,52

8 кестеде берілгендей 2009 жылдан 2013 жыл аралығында облыста халықтың еңбекке қабілетті жасы аралығында аурулардың түрлері бойынша өлім тенденциясы байқалуда, тыныс алу мүшелері аурулары 51,19-дан 67,63-ке дейін және ас қорыту аурулары 58,11-ден 84,54-ке дейін. Созылмалы аурулардың асқынуы, атмосфералық ауаның техногендік ластануы, термикалық салқындау және медициналық көмекке уақытылы қаралмауы өлімнің себептері болуы мүмкін. Еңбекке қабілетті жастың 100 мың адамға шаққандағы өлімнің себептері ішінде 2009 жылы, сондай-ақ 2013 жылы да қанайналым жүйесі аурулары 615,92 және 394,32 басым болды.

2009 – 2013жж. аралығында ауылды жерлерде аурудың кейбір кластары бойынша халықтың еңбекке қабілетті жасы аралығында өлім тенденциясының төмендеуі байқалуда. Сонымен, қатерлі ісік аурулары 146,71-ден 139,15-ке дейін, қанайналым жүйесі аурулары 650,48 -ден 440,24-ке дейін, келеңсіз жағдайлар, жарақаттану, улану 147,29 -дан 133,52-ге дейін төмендеген. Сонымен қатар, өлімнің тыныс алу жүйесі ауруларынан 52,13-тен 73,28-ге дейін және ас қорыту жүйесі ауруларынан 64,30-дан 89,89-ға дейін жоғарлау байқалуда.

Қарағанды облысының аудандары мен қалалары бойынша 1 000 тұрғынға шаққандағы өлім көрсеткішін зерттеу келесіні көрсетті (5 сурет).




5сурет – Қарағанды облысы бойынша 1 000 тұрғынға шаққандағы өлім көрсеткіші

5 суретте берілгендей, 8 жыл ішінде облыс халқының өлім көрсеткіші облыс бойынша 2,61 промиллиге төмендеген. Ауылды аймақтар арасында өлімнің төмендеуі Абай (2,70), Нұра (2,15), Бұқар-Жырау (2,20), Осакаровка (1,83) аудандарында байқалуда. Бұл аудандар облыс орталығына жақын орналасуымен, көлік және темір жол магистральдарының болуымен сипатталады. Облыста 5 жыл бойы жылжымалы медициналық кешен қызмет етеді (ары қарай ЖМК), ол ауыл халқына медициналық көмек көрсетеді. Зерттелетін Жаңа-Арқа сияқты аудандарда өлім көрсеткіші 7,35-7,01 тұрақты екені байқалуда. Осакаровка ауданында 14,36 дан 12,53 ке дейін өлімнің төмендеуі байқалуда.

Денсаулық сақтау жүйесі жұмысы сапасының аса маңызды көрсеткіші болып нәресте өлімінің көрсеткіші жатқызылады. ДДСҰ денсаулықтың медико - әлеуметтік көрсеткіштері ішінде, ең біріншіден нәресте өлімін атап көрсететіні кездейсоқ емес. ДДСҰ шкаласы бойынша нәресте өлімінің көрсеткіші келесідей бағаланады: жоғары – 1000 тірі туылған балаға шаққанда 20-дан астам; орташа – 1000 тірі туылған балаға шаққанда 15-20; төмен – 1000 тірі туылған балаға шаққанда 15 - ке дейін.

Қазақстанда денсаулық сақтау министрлігінің мәліметі бойынша нәресте өлімі 2005 жылы 1000 тірі туылған балаға шаққанда 15,1-ден, 2013 жылы 1000 - ға шаққанда 11,3- ке дейін төмендеуі тіркелген (6 сурет).



6 сурет – Қарағанды облысы бойынша 1000 тірі туылған балаға шаққандағы нәресте өлімінің көрсеткіші

6 суретте көрсетілгендей Қарағанды облысы бойынша нәресте өлімінің көрсеткіші төмендеу тенденциясына ие. Егер бұл көрсеткіш 2005 жылы 1000 тірі туылған балаға шаққанда 10,95 құраса, онда 2013 жылы – 9,4 болды. Нәресте өлімі – халық денсаулығының маңызды көрсеткіші болып табылады, бұл бір жыл ішінде 1000 тірі туылған балаға есептегенде 1 жасқа дейінгі бала өлімі. Ол бала өлімінің үлкен бөлігін анықтайды және барлық демографиялық көрсеткіштерге әсер етеді.

Біз ауыл және қала халқының әйелдер мен ер адамдары арасындағы өлім көрсеткішінің өзгеруін талдадық (9 кесте)

9 кестенің мәліметі қалада да ауылды жерлерде де көбінесе ер адамдардың қайтыс болатынын көрсетеді. Сонымен, 2005 жылы ауыл тұрғындары арасында 1103 ер адам және 795 әйел адам қайтыс болған. Қалалы жерлерде бұл көрсеткіш ер адамдарда - 8810 және әйелдерде – 6731 құрайды. Ауыл халқының ең жоғарғы өлім көрсеткіші 2007 жылға сәйкес келеді, онда қайтыс болған ер адамдар саны 1890 болса,

әйелдердің саны – 1373. 2012 жылы 1563 ер адам, 1214 әйел адам қайтыс болған.

9 кесте – Облыста гендерлік тәуелділікке байланысты ауыл және қала халқының өлім көрсеткішінің өзгеруі (Қарағанды облысының жыл сайынғы Демографиялық мәліметі бойынша 2009- 2012жж.) абс. сан.

Жылдар	Облыс			
	ауыл		қала	
	еркек	әйел	еркек	әйел
2005	1 103	795	8 810	6 731
2006	1 100	763	9 055	6 667
2007	1 890	1 373	8 358	6 270
2008	1 818	1 383	7 653	6 172
2009	1 547	1 227	6 762	5 613
2010	1 678	1 276	6 913	5 846
2011	1 656	1 271	6 826	5 630
2012	1 563	1 214	6 876	5 852

Ер адамдар арасында өлімнің жиі кездесуі бір адамда бірнеше қауіп факторларының болуы мүмкін. Ер адамдар көбінесе шылым шегеді және көп көлемде спиртті ішімдіктерді қолданады, көбісі әркелкі жыныстық өмір сүреді. Сонымен қатар, дұрыс тамақтанбайды және үнемі күйзеліс үстінде жүреді. Қайғылы көлік оқиғалары өлімнің жиі болу себептеріне әкеледі. Статистика бойынша онда ер адамдар әйелдерге қарағанда екі есе жиі өледі. Ол көп жағдайда көлікті мас күйінде жүргізумен, шаршаумен және жол ережелерін дұрыс сақтамаумен байланысты. Аталып шыққандардың барлығы аудандар бойынша ауыл халқы денсаулығының негізгі көрсеткіштерін бағалауға мүмкіндік берді (10 кесте):

10 кесте – 2013 жылғы аудандар бойынша ауыл халқы денсаулығының негізгі көрсеткіштерінің салыстырмалы сараптамасы

Аудандар	Көрсеткіштер			
	туу	табиғи өсім	өлім	бала өлімі
Абай ауданы	17,03	3,19	13,84	6,7
Ақтоғай ауданы	15,86	6,82	9,04	7,3
Бұқар-Жырау ауданы	18,2	8,55	9,65	6,5
Жаңа -Арқаауданы	20,66	13,65	7,01	16,1
Қарқаралыауданы	18,1	10,26	7,84	6,5
Нұра ауданы	18,01	8,94	9,07	9,8
Осакаровка ауданы	17,56	5,03	12,53	11,7
Ұлытау ауданы	16,07	8,82	7,25	-
Шет ауданы	21,84	14,51	7,33	8,4
Облыс	18,09	7,62	10,47	9,4

Сонымен қатар, көптеген еркектер улану, құлау және суға бату, өндірістегі оқыс жағдайларға байланысты қайтыс болады. Uppsala

университетінің оқымыстылары ер адамдарда қан клеткаларында Y хромосомасын жоғалтуы және қысқа өмірдің ұзақтығы арасында ісік ауруларынан болатын өлімнің жоғарлауының нақты корреляциясын анықтады [241]. Ер адамдар әйелдерге қарағанда, ісік ауруларымен жиі ауырады.

10 кестеде берілгендейоблыстың барлық аудандары арасында ауыл халқы денсаулығының негізгі көрсеткіштері бойынша ең жоғарғы туу көрсеткіші Шет ауданында (21,84) және Жаңа-Арқа ауданында (20,66) болды. Ең төменгі көрсеткіш Бұқар - Жырау ауданында (18,2) және Қарқаралы ауданында (18,1) байқалған. Бұл Бұқар - Жырау ауданында мың адамға шаққандағы халықтың орташа жылдық көрсеткіші 61,4 болып отыруына қарамастан, табиғи өсім көрсеткіштері Шет ауданында 14,51 және Жаңа-Арқа ауданында – 13,65 басым болды. Төмен көрсеткіш Осакаровка ауданында – 5,03 байқалған. Өлім көрсеткіші Абай ауданында – 13,84 және Жаңа-Арқа ауданында – 7,01 аса жоғары. Жаңа-Арқа ауданында туудың жоғары болуы анықталғанына қарамастан, өлім құрылымында нәресте өлімінің жоғары болуы байқалуда (16,1). Бір жасқа дейінгі балалар өмірінде бұл перинатальды кезеңдегі патологиямен, туа біткен аномалиямен және тыныс алу мүшелерінің ауруларымен байланысты болуы мүмкін. Туу кезіндегі күтілетін өмірдің ұзақтығы 11 кестеде берілген.

11 кесте – Туу кезіндегі күтілетін өмірдің ұзақтығы (саны, жасы), (2009-2013 жж. Қарағанды облысының жыл сайынғы Демографиялық мәліметі бойынша)

Жылдар	Ауыл халқы			Қала халқы		
	екеуі де	еркек	әйел	екеуі де	еркек	әйел
2005	67,40	63,55	72,65	63,46	56,76	70,55
2006	67,44	63,38	72,47	63,32	56,59	70,35
2007	64,62	59,41	70,84	63,51	56,72	70,62
2008	65,56	60,20	70,91	64,47	58,23	70,72
2009	67,75	63,30	72,68	66,52	60,63	72,39
2010	66,99	62,85	71,86	66,41	60,69	72,11
2011	67,24	62,96	72,10	67,27	61,36	73,17
2012	68,52	64,36	73,34	67,37	61,79	73,0
2013	69,37	64,87	74,46	68,83	63,43	73,91

11 кестеде берілгендей 2005 жылмен 2013 жыл аралығында ауылды жерлерде халық өмірінің ұзақтығы 1,97 жасқа; ал қалада– 5,37 жасқа ұлғайған.

Ауылды жерде әйел өмірінің ұзақтығының әртүрлілігі еркектерге қарағанда 9,59 жасқа және қалалық жерде еркектер мен әйелдерде 10,48 жасқа үлкен. Сонымен, 2005 жылы ауылды жерлердегі еркектердің өмір сүру ұзақтығы 63,55 жасты құрады, ол 2013 жылы 64,87 - ге дейін өсу

тенденциясына ие еді. Әйелдерде бұл көрсеткіш 2005 жылы 72,65 жастан 2013 жылы 74,46 жасқа дейін өсуі байқалды. Жалпы, облыс бойынша 69,1-ге дейін тірі туылғандардың күтілетін өмір сүру ұзақтығының ұлғаюы (саны, жасы) байқалуда

Сонымен, 2005-2013жж. Қарағанды облысының ауылды аймақтарында келеңсіз демографиялық жағдай орнаған, ол ауыл халқы санының 342,9-дан 324,0-ге дейін төмендеуімен, 1000 тұрғынға шаққандағы өлім көрсеткішінің 9,2–9,0 аралығында тұрақтылығымен айқын көрінді. Демографиялық салмақтың балалар мен жасөспірімдер үлесінің азаюы есебінен, зейнеткерлер үлесінің ұлғаюы есебінен еңбекке жарамды халықтың үлесіне келуі мүмкін. Бұл жағдайлар міндетті түрде демографияның және әлеуметтік -экономиканың жағымсыз салдарына әкеледі.

3.1 Облыстың ауыл тұрғындарының сырқаттылығы

Біз аурушандықтың талдануын жеке облыс бойынша және жеке аудандар бойынша жүргізілуін дұрыс деп шештік. Мұндай әдіс халыққа медициналық көмек көрсетуді іске асыру үшін, дифференцияланған басқарудың шешімін жасап шығару қажеттілігін есепке ала отыра мақұлданған.

Аурушандықтың жалпы өзгерісі бірқатар факторлардың өзара әсерлесуінің қорытындысы болып табылады. Сонымен қатар, ол медициналық көмек сапасына, оның қолжетімділігіне, есеп - қисап құжаттарын дұрыс жүргізуге, жастық құрылымына және халықтың медициналық белсенділігіне, денсаулық сақтаудың тәжірибелік мүмкіндіктеріне байланысты. Біз Қарағанды облысында ауру кластары бойынша халықтың жалпы аурушандығын қорытындыладық (12 кесте).

12 кестеде берілген мәліметтер 2010 жылы облыс бойынша 100 000 тұрғын халыққа шаққанда аурушандық 57794,8 құраған, ал 2014 жылы – 50324,4. Бұл жалпы аурушандықтың төмендеуін көрсетеді. 2010 жылмен салыстырғанда 2014 жылы жұқпалы аурулар кезінде 100 000 тұрғын халыққа шаққанда 1883,1-ден 1654,1-ге дейін, қан аурулары кезіндегі жағдайлардың саны 1150,9 -дан 966,6; эндокринді ауруы кезінде 714,9-дан 670,7; психикалық бұзылыстар кезіндегі аурулар саны 188,3-тен 148,8; жүйке жүйесі аурулары 1440,7-ден 1356,0; ас қорыту мүшелерінің аурулары 2453,5 -тен 2043,4; тері ауруы кезінде 3544,5-тен 2238,8; жыныстық зәр шығару жүйесі аурулары 100 000 тұрғынға шаққанда 3873,0 - ден 3592,6;

Тыныс алу мүшелері аурулары 100 000 тұрғынға шаққанда 24538,0 – ден 24083,0 біршама тұрақты;сонымен қатар, қан айналым жүйесі ауруларының 100 000 тұрғынға шаққанда 1672,1-ден 1755,0-ге дейін, бұлшықет жүйесі аурулары 1697,7-ден 1755,0-ге дейін және туа біткен өзгерістер 105,8- ден 112,1- ге дейін өсуі анықталған.

12 кесте – Қарағанды облысында ауру кластары бойынша жалпы тіркелген аурушаңдық

Кластардың атауы және жеке аурулар	МКБ бойынша шифр 10	2010 жыл		2013 жыл	
		Атаулы аурумен алғаш рет тіркелген науқастар	100 мың халыққа шаққандағы аурушаңдық	Атаулы аурумен алғаш рет тіркелген науқастар	100 мың халыққа шаққандағы аурушаңдық
1	2	3	4	5	6
Барлығы	A00-T98	779788	57794,8	725175	53076,2
Оның ішінде: жұқпалы және құрт аурулары	A00-B99	25407	1883,1	21370	1564,1
Жаңа пайда болған ісіктер	C00-D48	6489	480,9	7219	528,4
Қан ауруы, қан тамырлар ауруы және иммундық механизмді кірістірумен жеке бұзылыстар, барлығы	D50-D89	15529	1150,9	13207	966,6
Эндокринді аурулар, тамақтанудың және зат алмасудың бұзылуы	E00-E90	9646	714,9	9164	670,7
Психикалық және мінез құлықтың бұзылысы	F00-09, F20-F99	2541	188,3	2033	148,8
Жүйке жүйесі аурулары, барлығы	G00-G99	19438	1440,7	18527	1356,0
Қанайналым жүйесі аурулары, барлығы	I00-I99	22561	1672,1	31176	2281,8
Көз және оның көру аппаратының ауруы, барлығы	H00-H59	37442	2775,1	31579	2311,3
Құлақ ауруы және сосцевидті өсіндісі, барлығы	H60-H95	28319	2098,9	27030	1978,3
Тыныс алу мүшелері ауруы, барлығы	J00-J99	331075	24538,0	329056	24083,9
Ас қорыту мүшелерінің ауруы, барлығы	K00-K93	33103	2453,5	27919	2043,4
Тері және тері асты аурулары, барлығы	L00-L99	47824	3544,5	30589	2238,8
Сүйек бұлшықет жүйесі және біріктіруші тін аурулары, барлығы	M00-M99	22906	1697,7	23979	1755,0
Жыныстық зәр шығару жүйесінің аурулары, барлығы	N00-N99	52256	3873,0	49086	3592,6
Туа біткен аномалия (пороктардың дамуы), деформациялар және хромосомдық бұзылыстар, барлығы	Q00-Q99	1427	105,8	1531	112,1
Белгілері, қалыпты жағдайдан ауытқу және белгілері	R00-R99	1273	94,3	917	67,1
Жарақаттар және улану, барлығы	S00-T88	76774	5690,2	76030	5564,7

Қанайналым жүйесі ауруларының ұлғаюы негізінен артериалды гипертензиямен, жүректің ишемиялық ауруымен (ЖИА) және цереброваскулярлы ауруларымен байланысты. Халық арасында артериалды гипертензия ауру санының жылдам қарқынмен өсуі, жүрек - қантамыр жүйесі аурулары салдарынан асқыну дамуының маңызды қауіп факторларының бірі болып отыр, 100 000 тұрғын халыққа шаққанда 2010 жылы 449,9 - дан 2013 жылы 2049,3-ке дейін жылдам ұлғайған. Халық арасында жүрек -қантамыр жүйесінің қауіп факторларының таралуы яғни шылым шегу, семіздік, физикалық белсенділіктің аз болуы, дұрыс тамақтанбау, артериалды гипертензияны бақылаудың жоқ болуы, халықтың ақпарат мәліметтерінен беймәлім болуы нәтижесі болып табылады.

Сонымен, Қарағанды облысы бойынша аурушандықтың көрсеткіштерін зерттеу мынаны көрсетті: жалпы аурушандықтың төмендеу тенденциясы байқалуда. Дегенмен, ауру кластары бойынша МКБ-10 сәйкес жүрек -қантамыр ауруларының және туа біткен аномалия аурулары көрсеткішінің жоғарлауы бар.

Алынған мәліметтер облыс бойынша аурушандық көрсеткішінің төмендеуіне қарамастан тыныс алу мүшелері ауруларынан 51,19-дан 67,63-ке дейін және ас қорыту ауруларынан 58,11-ден 84,54- ке дейін өлім көрсеткіштерінің жоғарлағанын дәлелдейді. 100 мың еңбекке жарамды халыққа шаққанда 2009 жылы және 2013 жылы да өлім себептерінің арасында қанайналым мүшелерінің аурулары 615,92 және 394,32 басым болды.

13 кесте – 2009, 2013, 2014жж. ауыл аудандары арасында салыстырмалы аспектіде 100 000 тұрғын халыққа шаққандағы жалпы тіркелген аурушандық

Жыл-дар	Облыс бойынша барлығы	Ауыл аудандары								Сынамалы аудан Бұқар-Жырау
		Абай	Ақтоғай	Жаңа-Арқа	Қарқаралы	Нұра	Осакаровка	Ұлытау	Шет	
2009	60312,4	72421,5	48348,0	44684,0	63213,3	63442,2	66881,9	11148,8	26446,0	39247,4
2013	53076,2	67745,9	45622,0	37145,7	55055,4	64788,2	53427,7	12883,8	24441,6	39364,0
2014	50220,97	41350,26	39843,05	32776,67	51493,77	63487,61	56677,14	13248,17	25273,38	42794,27

Осыған байланысты облыстың ауыл аудандары арасында салыстырмалы аспектіде жалпы аурушандық қарастырылды (13 кесте).

13 кестеде берілгендей, жалпы облыс бойынша барлық аурушандықтың 60312,4-тен 53076,2-ге дейін төмендеу тенденциясы байқалуда. Бірақ, сонымен қатар жеке аудандарда жалпы аурушандықтың жоғарлағаны анықталды. Сонымен, Нұра ауданында аурушандық 2009 жылмен салыстырғанда 63442,2 -ден 64788,2-ге дейін, Ұлытау ауданында 11148,8-ден 12883,8-ге дейін өскен. Сынамалы Бұқар - Жырау ауданында аурушандықтың көрсеткіші біршама тұрақты санға ие 39247,4-тен 39364,0- ге дейін.

14 кестеде берілгендей, 2005 жылы аурушандық деңгейі бойынша Қарқаралы ауданы алда болды – 2540,4, ал 2014 жылы аурушандықтың жоғары деңгейі Жаңа-Арқа ауданында – 4181,3 байқалған. Алынған мәліметтер ауыл халқы арасында қанайналым жүйесі ауруларының жоғары деңгейде жасырын түрде анықталғанын көрсетеді. Ол екінші және үшінші кезектегі алдын алу шараларының болмауынан және уақытылы ем қабылдамау салдарынан созылмалы патологияның жинақталуына әкеледі, ал қаралу және медициналық алдын алу тексерулердің қорытындысы бойынша аурушандықтың көрсеткіштеріне салыстырмалы талдау жасау, шынайы қаралған аурушандықтың деңгейін, медициналық көмектің ұйымдастыру тиімділігінің бағасын болжап қана қоймайды, сонымен қатар алдын алу шараларын жүргізуді нақты жоспарлайды.

14 кесте- Қарағанды облысының аудандары ішінде 100 000 тұрғын халыққа шаққандағы қанайналым жүйесі ауруларынан болған аурушандық

Аудандар	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014
Абай ауданы	1295,8	1552,3	1358,2	1112,9	1137,4	1307	1479,1	2525,4	2447,1	2548,7
Ақтоғай ауданы	1036,6	1793,5	2007,7	2806,3	2663,8	2688,6	2097,6	2488,5	1945,2	1316,3
Бұқар-Жырау ауданы	1289,2	1173,2	1189,2	1747,6	1398,3	1338,2	1697,7	1745,3	1648,6	1572,8
Жаңа-Арқа ауданы	1314	1874	2438,6	2220,5	2602,2	1522,8	1594,2	1820,7	4181,3	3222,1
Қарқаралы ауданы	2540,4	1760	2267,5	1743,4	2633,6	2752,9	2842,4	3079,8	3179,2	2674,9
Нұра ауданы	1054,2	1630	1484,9	1669,7	1720,1	1554,7	1765,7	1836,9	3061,7	2274,2
Осакаровка ауданы	1318,1	1677,6	1925,2	1748,7	1721	2044,1	1882	2375,3	1569,3	2059,3
Ұлытау ауданы	580,1	724,5	847,6	825,4	778,7	572,5	805,8	608,9	624,1	659,4
Шет ауданы	1018	634,2	624,1	576,9	653,1	672,7	596,1	1011,1	1174,8	1525,8
Қарағанды облысы	1502,8	1495,3	1579,7	1495,9	1545,8	1671,7	1729,4	1981,4	2281,8	1937,0

Цереброваскулярлы ауруларының таралуын зерттеу ерекше көңіл бөлуді қажет етеді. Цереброваскулярлы аурулары аурушандықтың құрылымында және халық өлімі арасында, әсіресе үлкен жастағы адамдар арасында маңызды орын алады.

Біз Қарағанды облысы бойынша емханалық мекемелерде тіркелген 100 000 ауыл халыққа шаққандағы цереброваскулярлы ауруының жаңа түрлерін анықтап, зерттедік (15 кесте).

15 кесте – Ауыл халқының 100 000 тұрғынына шаққандағы емхана мекемелерінде тіркелген цереброваскулярлы ауруының жаңа түрлері (МКБ9: 430-438)

Аудандар	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014
Абай ауданы	85,7	151,6	84,3	180,3	181	188,1	105	87,3	73,5	96,5
Ақтоғай ауданы	84,7	24,9	37,8	8,7	11,4	0	0	48,6	10,9	55,2
Бұқар-Жырау ауданы	32,3	97,3	38,2	35,7	40,2	39,3	25,2	31,6	31,7	33,5
Жана-Арқа ауданы	24,1	61,1	52,9	34	0	3,2	15,8	0	0	0
Қарқаралы ауданы	19,8	25,1	146,7	199,8	53	235,4	204,9	184,9	87,6	182,8
Нұра ауданы	103,8	111,3	86,6	106,9	34,6	58,7	79,4	80,4	130,1	164,9
Осакаровка ауданы	141,2	60,8	52,3	149,6	96,7	113,1	41,2	137,3	51,2	189,1
Ұлытау ауданы	96,7	97	107,8	114,2	46,3	14,7	7,4	29	7,2	14,4
Шет ауданы	2,1	51,6	30,2	140,6	39,3	37,5	48,7	44,4	46,9	54,3
Қарағанды облысы	233,8	139,6	171,4	151,9	151,7	142,4	194,9	209,8	148,7	144,0

15 кестеде берілгендей, цереброваскулярлы ауруының жаңа түрлері көбінесе Осакаровка ауданында анықталған, 2005 жылы – 141,2 ал, 2014 жылы - 189,1.

Соңғы жылдары тыныс алу мүшелері аурулары жүйесінің тұрақты тенденциясының қалыптасуы және көптеген жағдайда созылмалы, рецидивті ағымды қалыптастыратын тыныс алу мүшелері жүйесінің таралуының дамуы байқалуда. Көбінесе бұл аурулар әртүрлі патогенді факторларға аллергия реакциясының болуымен жүреді. Созылмалы бронх өкпе патологиялары әсіресе үлкен жастағы адамдар үшін аса қауіпті, себебі вирусты этиологиялы респираторлы ауруларының пайда болуына негіз болады да, өмір сүруге қауіп төндіреді. Қарағанды облысы бойынша тыныс алу мүшелері ауруларының зерттеу қорытындылары 16 және 17 кестеде берілген.

16 кестеде берілгендей облысымыздың барлық аудандарында тыныс алу мүшелері ауруларының жаңа түрлерінің өсуі байқалған. Ең көп жаңа түрлері 2005 жылы Абай ауданында 29464,9, ал 2014 жылы Нұра ауданында – 29417,1 анықталған.

Сонымен, облыс бойынша ауыл халқының денсаулық жағдайы төмендеу тенденциясына ие болып отыр. Бірақ, сонымен қатар аурушандықтың жеке кластары бойынша жағымсыз тенденция байқалуда. Сөйтіп, облыс бойынша қан айналу жүйесі аурулары 1502,8-ден 1937,0-ге дейін көбейіп отыр. Ауыл аудандары арасында аурушандықтың деңгейі бойынша 2005 жылы Қарқаралы ауданы – 2540,4, ал 2014 жылы Жаңа -Арқа ауданы 3222,1 алда болды. Тыныс алу мүшелері ауруының жаңа түрлері 21396,8 -ден 24083,9-ға дейін ұлғаюда.

16 кесте – 100 000 тұрғын халыққа шаққандағы тыныс алу мүшелері ауруларының жаңа түрлері (МКБ-Х: 460-519)

Аудандар	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014
Абай ауданы	29464,9	29616,8	31147,2	28788,8	31590,6	30290,6	29583,5	26227,4	26521,4	23902,9
Ақтоғай ауданы	21335,7	20852,4	25640,9	23460,4	25614,5	18809,6	18802,8	18769,2	19871,4	17686,7
Бұқар-Жырау ауданы	14071,5	13371,7	18362,4	18513,8	19375	18598,3	20646,9	20248,5	20893,1	21988,0
Жаңа-Арқа ауданы	12135,4	14068,9	17725,6	14165,8	12710,2	11390,4	10966	10842,9	12872,8	10740,0
Қарқаралы ауданы	22953,7	26104,6	23518,8	22729,3	26401,3	23978,5	25271,4	21878,9	20081,6	19756,4
Нұра ауданы	21061,1	25807	31922,8	32828,2	32366,6	31665,1	29772,5	29957	29954,5	29534,7
Осакаровка ауданы	19701,3	25054,9	29123,9	26522,8	26040,5	25384,2	30659,1	26991,1	23039,2	22988,0
Ұлытау ауданы	1128	2475,3	4195,1	1759,3	1912,1	1827,7	3716,2	3588	3536,6	3495,0
Шег ауданы	12143,3	12840,5	13513,3	12370,9	13256,9	12451,2	16096,1	16081,9	13218,1	13833,2
Қарағанды облысы	21396,8	21619,9	24105,2	25143,6	26427,6	24531,3	25393,3	25003,4	24083,9	21263,7

17 кестенің мәліметі бойынша, бронх демікпесі салдарынан болған жоғары аурушандық 2005 жылы Ұлытау ауданында – 90,2, ал 2014 жылы Шет ауданында – 54,3 анықталды. Сонымен қоса аурушандық көрсеткіші Абай ауданында 21,4 тен 45,5; Ақтоғай ауданында – 5,0 ден 16,6; Қарқаралы ауданында– 15,4 тен 30,9; Осакаровка ауданында – 23,5 тен 39,6-ға дейін жоғарлауы анықталған. Ал Бұқар-Жырау ауданында керісінше 100 000 тұрғынға шаққанда 69,5 тен 54,2 ге дейін, Ұлытау ауданында 90,2-ден 21,5-ке дейін төмендеу тенденциясы байқалуда. Аудандарда аурушандық көрсеткішінің жоғары болуы жалпы қауіп факторлары әсерінің жоғарлау деңгейіне, әсіресе темекі түтіні, бала кезінде төменгі тыныс алу жолдарының жиі жұқпалы ауруларға шалдығуы және ауаның ластануына (ғимарат ішінде, сыртта және жұмыс орындарында және т.б.) байланысты болуы мүмкін.

Сонымен қатар, ас қорыту мүшесі аурулары салдарынан болған аурушандық көрсеткіші зерттелді (18 кесте). 18 кесте берілгендей, жалпы облыс бойынша 100 000 халыққа шаққанда 4051,7-ден 1879,5-ке дейін төмендеу тенденциясы байқалуда. Ең жоғарғы көрсеткіш 2027,6-ға дейінгі төмендеу тенденциясы 2005 жылы Абай ауданында –7778,5 байқалған. Ас қорыту жүйесі аурулары салдарынан төмен аурушандық 2005 жылы Ұлытау ауданында – 431,9-дан 2014 жылы 803,8-ге дейін ұлғаю тенденциясы байқалған.

17 кесте – 100 000 тұрғын халыққа шаққандағы бронх демікпесінің аурушандығы

Аудандар	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014
Абай ауданы	21,4	23,7	18,3	31,2	12,8	32	43,1	33,4	31,3	45,5
Ақтоғай ауданы	5	51,5	21,6	5,4	22,9	42,6	26,9	37,8	81,7	16,6
Бұқар-Жырау ауданы	69,5	78,8	53,1	48,2	40,2	40,8	37,9	45,8	33,3	54,2
Жаңа-Арқа ауданы	37,8	104,9	45,8	63,7	24,8	9,6	3,2	3,1	15,4	39,3
Қарқаралы ауданы	15,4	23	19,2	21,8	20,2	69,7	56,1	49,3	62,6	30,9
Нұра ауданы	31,5	64,1	33,2	36,9	34,6	35,2	39,7	40,2	40,7	41,2
Осакаровка ауданы	23,5	29,4	13,7	33,1	28,4	40,6	17,7	41,8	36,1	39,6
Ұлытау ауданы	90,2	0	28,7	21,7	46,3	29,4	29,4	14,5	21,5	21,5
Шет ауданы	14,6	29,8	21,6	30,2	41,5	52,9	48,7	35,6	38	54,3
Қарағанды облысы	38	37,3	26	30,2	28,6	39,8	35,2	36,5	40	40,5

18 кесте – 100 000 тұрғынға шаққандағы ас қорыту мүшесі аурулары


Аудандар	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014
Абай ауданы	7778,5	7854,1	7995,3	8696,1	8346,1	11193,2	9909,3	8248,8	5107,6	2027,6
Ақтоғай ауданы	1485,2	2540,8	4328,4	3952,8	3052,5	3157,1	4195,1	3848,9	3743,3	2187,4
Бұқар –Жырау ауданы	1311,8	1194,6	1589,4	1583,0	1418,4	1770,1	1779,7	1826,0	1555,1	1830,7
Жаңа -Арқа ауданы	1764,6	2321,5	2836,8	2263,0	1968,5	1865,8	2212,2	1876,9	1604,9	1748,7
Қарқаралы ауданы	4997,0	5919,4	6025,8	6195,1	4232,9	4261,5	4416,0	3965,0	4075,4	3927,6
Нұра ауданы	1960,4	2605,4	2969,9	3064,5	2876,0	3160,2	3352,8	3159,3	3122,7	3218,9
Осакаровка ауданы	3656,2	3596,1	3382,3	4284,6	3792,0	3943,2	4034,9	3974,8	2978,9	3702,2
Ұлытау ауданы	431,9	509,8	682,4	557,5	678,5	682,6	728,5	710,4	789,1	803,8
Шет ауданы	1289,2	912,9	680,2	710,9	670,6	595,5	686,9	853,3	918,0	1018,8
Қарағанды облысы	4051,7	3896,5	3717,2	3527,3	2212,9	2453,5	2371,1	2300,0	2043,4	1879,5

Қалалықтармен салыстырғанда ауылдықтардың қаралу көрсеткіші төмен екенін айта кету керек, ол ауылды елді мекендерде медициналық көмектің қолжетімділігінің төмен болуымен түсіндіріледі. Халықтың денсаулық жағдайы білім алумен, өмір сапасымен, еңбектің қанағаттанарлығымен өзара байланысты. Бұл көрсеткіштер қалаға қарағанда ауылды жерлерде біршама төмен, ол ауыл тұрғындарының денсаулық жағдайына жағымсыз түрде әсер етеді. Ауыл халқының денсаулық жағдайының төмен деңгейі медициналық көмектің оның деңгейлерінде қызмет ету механизмін біршама белсенді етіп әзірлеуін қажет етеді.


Бізбен алынған статистикалық мәліметтер аурушандықтың төмендегенін көрсетеді, дегенмен ЖМК-ң мәліметі бойынша асқынған ауру түрлері көптеп анықталуда, ол уақытылы ауру белгілерін және емдеу шараларын қолданбауын, халықтың өз денсаулығына немқұрайлықпен қарайтынын айтады. Сондықтан, АМСКК деңгейінде таралған аурулардың негізгі қауіп факторлары бойынша науқастарды оқытуға мамандар көңіл бөлулері керек.

Қанайналым жүйесі аурулары кезінде негізгі эпидемиологиялық көрсеткіштердің болжауын оқып білу үшін, оның ішінде цереброваскулярлы ауруы, тыныс алу, ас қорыту ауруларының жеке кластар бойынша аурушандығын болжау жүргізілді (сурет 7,8,9,10,11,12,13,14,15).

Қала Ауыл




7 сурет - Қала халқы арасында қан айналым мүшелері аурулары кезінде аурушандықты болжау



8 сурет – Ауыл халқы арасында қанайналым мүшелері аурулары кезінде аурушандықты болжау


7 суретте көрсетілгендей, қанайналым мүшелері аурулары кезінде аурушандықты болжауды зерттеуде, Қарағанды облысы бойынша қала халқының аурушандық деңгейі нақты статистикалық ұлғаю тенденциясына ие және болжамды түрде 100 000 тұрғынға шаққанда 2016 жылы 2918,2 құрайтынын көрсетті. 8 суреттің мәліметі бойынша есептелген болжау 2016 жылға қарай ауыл халқы арасында 100 000 тұрғынға шаққанда 2596,8-ге дейін қанайналым мүшелері ауруларының көбеюі күтілуде екенін көрсетті.

Қарағанды облысы



9 сурет – Қарағанды облысының барлық халқы арасында қан айналым мүшесі аурулары кезіндегі аурушандықтың болжануы


9 суреттің мәліметі бойынша, бұл есептелген болжау 2016 жылға қарай облыс халқы арасында қанайналым мүшелері ауруларының аурушандығы 100 000 халыққа шаққанда 3160,9-ға дейін өсуі күтілуде.



10 сурет – қала халқы арасында цереброваскулярлы аурулары кезінде аурушандықтың болжануы

11 сурет – ауыл халқы арасында цереброваскулярлы аурулары кезінде аурушандықтың болжануы


10 суретте көрсетілгендей, цереброваскулярлы аурулары кезінде аурушандықтың болжануын оқу барысында Қарағанды облысы бойынша қала халқының аурушандық деңгейі нақты статистикалық ұлғаю тенденциясына иә және болжамды түрде 100 000 тұрғынға шаққанда 2016 жылға қарай 294,03 құрайтынын көрсетті. 11 суреттің мәліметі бойынша есептелген болжау 2016 жылға қарай ауыл халқы арасында 100 000 тұрғынға шаққанда 6,08-ге дейін цереброваскулярлы ауруларының төмендеуі күтілуде екенін көрсетті.




12 сурет – Қарағанды облысының барлық халқы арасында цереброваскулярлы ауруларының аурушандығының болжануы

12 суреттің мәліметі бойынша есептелген болжау 2016 жылға қарай облыс халқы арасында 100 000 тұрғынға шаққанда церебро-

васкулярлы ауруларының 261,07-ге дейін төмендеуі күтілуде екенін көрсетті.




13 сурет - Қала халқы арасында тыныс алу мүшелері ауруларының аурушандық болжануы



14 сурет - Ауыл халқы арасында тыныс алу мүшелері ауруларының аурушандық болжануы

13 суретте көрсетілгендей, тыныс алу мүшелері аурулары кезінде аурушандықты болжауды зерттеуде, Қарағанды облысы бойынша қала халқының аурушандық деңгейі нақты статистикалық ұлғаю тенденциясына ие және болжамды түрде 100 000 тұрғынға шаққанда 2016 жылы 190,06 құрайтынын көрсетті. 14 суреттің мәліметі бойынша есептелген болжау 2016 жылға қарай Қарағанды облысы бойынша ауыл халқының аурушандық деңгейі нақты статистикалық төмендеу тенденциясына ие және болжамды түрде 100 000 тұрғынға шаққанда 2016 жылы 132,70 құрайтынын көрсетті.

Қарағанды облысы



15 сурет – Қарағанды облысының барлық халқы арасында тыныс алу мүшелері ауруларының аурушандығының болжануы

15 суреттің мәліметі бойынша есептелген болжау 2016 жылға қарай облыс халқы арасында 100 000 тұрғынға шаққанда тыныс алу мүшелері ауруларының 191,05-кетөмендеуі күтілуде екенін көрсетті.

3.2 Ауыл тұрғындарының мүгедектігі

Тұрғылықты жерін ескере отырып, алғашқы реттік мүгедекті зерттеу барысында, қалалық жерлерде мүгедектік біршама көп екені белгілі болды – 132239 адам (58,3%); 6 жыл ішінде ауылды жерлерде 94759 адам (41,7%) мүгедектік деп саналды. Талдау кезеңінде қала халқының алғашқы мүгедектіктің үлес салмағы 2008 жылдан бері 58,0% - дан 2013 жылы 56,7% - ға дейін төмендегені тіркелген. Сәйкесінше ауыл халқы ішінде мүгедектің үлесі 42,0% -дан 43,3% - ға дейін жоғарлаған (19 кесте).

19 кесте – Қазақстан Республикасында тұрғылықты жер бойынша алғашқы реттік мүгедектің көрсеткіші

Жыл	Барлық мүгедектік	Қала халқы						Ауыл халқы					
		барлығы		еңбекке қабілетті жас		зейнеткерлік жас		барлығы		еңбекке қабілетті жас		зейнеткерлік жас	
		абс	%	абс	%	абс	%	абс	%	абс	%	абс	%
2008	36884	21402	58,0	19102	89,2	2300	10,8	15346	42,0	14457	94,2	889	5,8
2009	38272	22663	59,2	20679	91,2	1984	8,8	15609	40,8	14793	94,8	816	5,2
2010	37749	22311	59,1	20284	90,9	2027	9,1	15438	40,9	14601	94,6	837	5,4
2011	38322	22593	58,9	20543	90,9	2050	9,1	15730	41,1	15050	95,7	680	4,3
2012	37923	21722	57,3	19411	89,4	2311	10,6	16201	42,7	15372	94,9	829	5,1
2013	37983	21548	56,7	19157	88,9	2391	11,1	16435	43,3	15514	94,4	921	5,6

Ауылды жерлерде де қалалық жерлерде де АМТ (алғашқы мүгедек болып табылғандар) контингентінде мүгедектік еңбекке қабілетті жас аралығында басым, сәйкесінше 94,8% және 94,8% құрайды.

Сонымен, ересек жастағы халық ішінде алғашқы реттік мүгедектік көрсеткішті қалыптастыруда барлық категориялы халық арасында еңбекке қабілетті жастағы адамдар үлесін қосуда.

Қазақстан Республикасының тұрғылықты жерін ескере отырып, алғашқы реттік мүгедектіктің ауырлығы 20 кестеде берілген.

20 кесте – Қазақстан Республикасының тұрғылықты жерін ескере отырып, алғашқы реттік мүгедектің ауырлығы

Жыл	Барлық мүгедектік	Қала халқы						Ауыл халқы					
		барлығы		I-II топтағы мүгедектік		III топтағы мүгедектік		барлығы		I-II топтағы мүгедектік		III топтағы мүгедектік	
		абс	%	абс	%	абс	%	абс	%	абс	%	абс	%
2008	36884	21402	58,4	14448	67,1	7090	32,9	15346	41,6	9247	60,3	6099	39,7
2009	38272	22663	59,2	15058	66,4	7605	33,6	15609	40,8	9309	59,6	6300	40,4
2010	37749	22311	59,1	14921	66,9	7390	33,1	15438	40,9	9407	60,9	6031	39,1
2011	38322	22593	58,9	15041	66,6	7551	33,4	15730	41,1	9580	60,9	6150	39,1
2012	37923	21722	57,3	14920	68,7	6802	31,3	16201	42,7	10472	64,6	5729	35,4
2013	37983	21548	56,7	15153	70,3	6395	29,7	16435	43,3	10824	65,8	5611	34,2

Тұрғылықты жерін ескере отырып, ересек халықтың алғашқы реттік мүгедектік ауырлығын талдау (I және II топтағы мүгедектіктің жиынтық үлес салмағы), оның аса жоғары ауырлығы қала тұрғындарына тән екенін көрсетті. Сөйтіп, қала тұрғындары арасында I-II топтағы мүгедектердің үлес салмағы орташа - 67,7%, ауылды жерлерде – 62,0% құрайды. Сол уақытта, үшінші топтағы мүгедектіктің үлесі ауыл тұрғындарында жоғары болды (37,9% сәйкесінше 32,3%). 6 жыл бойы бақылау уақыты аралығында алғашқы реттік мүгедектіктің ауырлық деңгейі 2008 жылы 67,1%-дан 2013 жылы 70,3%-ға дейін қалалық жерлерде де, сондай - ақ ауылды жерлерде де 2008 жылы 60,3%-дан 2013 жылы 65,8%-ға дейін ұлғайған, бірақ ауыл тұрғындарында алғашқы реттік мүгедектіктің ауырлығы қала тұрғындарымен салыстырғанда біршама төмен. Ауыл тұрғындары арасында ересек жастағы халықтың алғашқы реттік мүгедектік құрылымы 21 кестеде берілген.

21 кесте – Ауыл тұрғындарында аурулардың класы бойынша ересек жастағы халықтың алғашқы реттік мүгедектің құрылымы

Ауру кластары	2008 ж.		2009 ж.		2010 ж.		2011 ж.		2012 ж.		2013 ж.	
	абс	%	абс	%	абс	%	абс	%	абс	%	абс	%
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
Барлығы	15346	-	15609	-	15438	-	15730	-	16201	-	16435	-
Туберкулез	1330	8,6	1405	9,0	1436	9,3	1522	9,7	1510	9,2	1629	9,9
Қатерлі ісіктердің пайда болуы	2218	14,4	2393	15,3	2344	15,2	2373	15,1	2481	15,3	2597	15,8
Эндокриндік аурулар, заг алмасу және тамақтанудың бұзылуы	569	3,7	596	3,8	602	3,9	606	3,8	605	3,7	594	3,6
Психикалық бұзылыстар және жүріс – тұрыстың бұзылуы	1141	7,4	1136	7,3	1029	6,7	1056	6,7	1123	6,9	1017	6,2
Жүйке жүйесі аурулар	525	3,4	530	3,4	538	3,5	520	3,3	524	3,2	540	3,2
Көз аурулары	1266	8,2	1145	7,3	1057	6,8	1044	6,6	1029	6,3	1087	6,6
Құлақ ауруы және сосцевидті өсінді	251	1,6	238	1,5	217	1,4	236	1,5	225	1,4	249	1,5
Қанайналым жүйесі аурулар	3585	23,3	3663	23,5	3719	24,1	3830	24,3	3963	24,5	4005	24,3
Тыныс алу мүшелерінің аурулары	299	1,9	304	1,9	322	2,1	300	1,9	290	1,8	294	1,8
Ас қорыту мүшелерінің аурулары	301	1,9	247	1,6	247	1,6	245	1,5	303	1,9	318	1,9
Сүйек - бұлшық ет жүйесі және біріктіруші тін аурулары	994	6,4	1039	6,6	1032	6,7	1010	6,4	1065	6,6	1103	6,7
Зәр бөлу-жыныстық жүйесі аурулары	236	1,5	243	1,5	239	1,5	241	1,5	313	1,9	319	1,9
Жарақаттар	2302	14,9	2245	14,4	2238	14,5	2247	14,3	2217	13,7	2105	12,8
Вируспен шақырылған адамның имунды тапшылық вирусы (АИТВ)	1	0,006	2	0,01	-	-	-	-	-	-	1	0,006
Кәсіптік аурулар (улану)	5	0,03	3	0,02	6	0,04	11	0,07	7	0,04	11	0,07
Ион сәулелері әсерінің салдары	38	0,2	34	0,2	24	0,1	10	0,06	7	0,04	8	0,05
Басқа аурулар	346	2,2	386	2,5	388	2,5	479	3,0	539	3,3	558	3,4

Тұрғылықты жерін ескере отырып, бірінші реттік мүгедектіктің нозологиялық құрылым деңгейін оқып білу, ауыл тұрғындарына қарағанда қала тұрғындарында топ бойынша аурулардың деңгейі жоғары екенін көрсетті.

Талдау жасалған кезең бойында қалалық және ауылды жерлерде де орташа жылдық көрсеткіш бойынша мүгедектікке әкелуші негізгі себеп, қанайналым жүйесі аурулары сәйкесінше -25,1% және 24% (21 кесте) болды. Қалалық тұрғындар арасында екінші орынды тұрақты түрде қатерлі ісіктердің пайда болуы 19,1%, бұл көрсеткіш ауылдықтарда біршама төмен - 15,2%. Барлық жарақаттардың үлес салмағы 13,2% үшінші орынға тиісілі, бұл көрсеткіш ауыл тұрғындарында 14,1% құрайды. Төртінші орында туберкулез - 8,3%, ол көбінесе ауыл тұрғындарында жиі кездесті - 9,3%. Ары қарай қала мен ауыл тұрғындарында бірдей деңгейде байланыстырушы тін-6,6% және сүйек – бұлшықет жүйесі аурулары болды. Біршама төмен үлес салмағымен көз аурулары - 5,3% алтыншы дәрежелі орында болды, бірақ сонымен қатар, ауыл тұрғындарында алғашқы мүгедектік құрылымда көз ауруларына бесінші орын тиісті болса, байланыстырушы тін - 6,9% және сүйек-бұлшықет жүйесі ауруларында бұл көрсеткіш жоғары болды. Жетінші орында біршама төмен үлес салмағымен қалалықтарда - 5,1% психикалық бұзылыстар ауруы болды, бірақ ауыл тұрғындарында бұл көрсеткіш сәл жоғары болды 6,8%. Нозологиялық құрылымдағы басқа топтардың үлесі 3,8%-дан 0,01%-ға дейін ауытқып отырды. Қала және ауыл тұрғындарында дәрежелі орындарды үлестіру сәйкесінше келесідей болды: сегізінші орын – эндокринді аурулар, тамақтанудың бұзылуы және зат алмасу 2,8% - 3,8%; тоғызыншы орын – жүйке жүйесі аурулары 3,5% - 3,3%; оныншы орын – басқа да аурулар 2,8% - 2,8%; он бірінші орын – ас қорыту мүшелері аурулары – 2,1% - 1,7%; он екінші орын – тыныс алу мүшелері аурулары 1,8% - 1,9%; он үшінші орын – зәр бөлу- жыныстық жүйесі- 1,7% - 1,6%; он төртінші орын – құлақ ауруы және сосцевидтік өсінді - 0,9% - 1,5%; он бесінші орын – кәсіптік аурулар - 0,8% - 0,05%; он алтыншы орын – ион сәулелерінің әсері салдары 0,1% - 0,15%. Аурулардың класс бойынша алғаш мүгедектікке шығуын гендерлік құрылымын оқып білу әйелдер мен ер адамдарда АМ нозологиялық құрылымда біршама айырмашылық анықталды. Сонымен, ерлерде бірінші орында – қанайналу жүйесі аурулары 29,9% болды, ал әйелдерде басты рөлді қатерлі ісіктердің пайда болуы – 25,3% алды. Екінші кезекте ерлердің мүгедектікке ұшырауына – 17,3% (орташа жылдық) әртүрлі жағдайда алған жарақаттар, ал әйелдер арасында ҚЖА (16,8%) болды. Ерлер арасында үшінші орында – қатерлі ісіктердің пайда болуы 12,4%, ал әйелдерде сүйек – бұлшықет және біріктіруші тін аурулары 9,3% алды. Ерлер арасында төртінші орында – туберкулез 9,4%, ал әйелдер арасында әртүрлі жағдайда алған жарақаттар – 7,9%. Бесінші орында нозологиялық құрылым бойынша ерлерде көз ауруы - 5,6%, ал әйелдерде туберкулез - 7,6%. Ерлерде психикалық бұзылыстар мен жүріс – тұрыстың бұзылулары – 5,5% алтыншы орынды алды, ал әйелдерде

сәйкесінше 6,6% көз аурулары болды. Жетінші орында ерлер арасында сүйек – бұлшықет және біріктіруші тін аурулары – 4,8%, ал әйелдерде психикалық бұзылыстар мен жүріс – тұрыстың бұзылулары – 6,4%. Сегізінші орында ерлерде жүйке жүйесі аурулары 3,1%, ал әйелдерде эндокриндік аурулар, тамақтанудың бұзылуы және зат алмасу 4,7% болды. Тоғызыншы орында ерлерде эндокриндік аурулар, тамақтанудың бұзылуы және зат алмасу – 2,7%, ал әйелдерде басқа аурулар – 4,1% болды. Оныншы орында ерлерде тыныс алу және де басқа да аурулар 1,9%, ал әйелдерде жүйке жүйесі аурулары – 3,9%. Нозологиялық құрылымдағы басқа аурулардың үлесі 1,8% дан 0,008% - ға дейін ауытқып отырды. Ерлер мен әйелдер арасында дәрежелі орындардың орналасуы сәйкесінше келесідей болды: он бірінші орын – ас қорыту аурулары - 1,8% - 2,2%; он екінші орын - тыныс алу мүшелерінің аурулары 1,9% - 1,8%; он үшінші орын – зәр бөлу – жыныстық жүйесі аурулары - 1,6% - 1,9%; он төртінші орын – құлақ ауруы және сосцевидтік өсінді - 0,9% - 1,4%; он бесінші орын – кәсіптік аурулар - 0,8% - 0,08%; он алтыншы орын – ион сәулелері әсері салдары 0,18% - 0,008%.

Сонымен, нозологиялық құрылымның гендерлік белгі бойынша жүргізілген талдауы осы көрсеткіштердің ішінде алғашқы реттік мүгедектік жынысқа байланысты үлкен айырмашылық болатынын анықтады.

Қарағанды облысының, сондай- ақ Қазақстан Республикасының «Мүгедектердің орталық дерек қоры»(МОД) ақпараттық жүйесінің мәліметі бойынша 2007-2012жж. алғашқы реттік мүгедектер құрылымының негізгі нозологиясы қанайналым жүйесі аурулары болды. 2007-2012 жж. қанайналым жүйесі аурулары салдарынан болған алғашқы реттік мүгедектердің қарқынды көрсеткіші 22 кесте берілген (10 мың тұрғынға шаққанда).

22 кесте – 2007-2012 жж. қанайналым жүйесі аурулары салдарынан болған алғашқы реттік мүгедектердің қарқынды көрсеткіші (10 мың тұрғынға шаққанда)

Жылдар	2007	2008	2009	2010	2011	2012
10 мың халыққа шаққандағы АМ	10,3	9,2	9,5	11,8	10,6	9,8

Қарағанды облысында ересек жастағы адамдар арасында қанайналым жүйесі аурулары салдарынан болған алғашқы реттік мүгедектік көрсеткішінің қарқынды өзгеруін талдай отыра, оның тенденциясының 2007 жылы 10 мың халыққа 10,3 - тен 2012 жылы 9,8- ге дейін, 2010 ж. – 11,8-ге дейін төмендегенін айтуға болады. Нозология бойынша қанайналым жүйесі аурулары салдарынан болған алғашқы реттік мүгедектіктің құрылымы 23 кесте көрсетілген.

23 кесте – Нозология бойынша қанайналым жүйесі аурулары салдарынан болған алғашқы реттік мүгедектің құрылымы

Нозология	2007		2008		2009		2010		2011		2012	
	абс	%	абс	%	абс	%	абс	%	абс	%	абс	%
Ревматизм	43	4,3	39	4,0	45	4,5	39	4,0	46	4,4	29	3,0
АГ	22	2,2	14	1,5	20	2,0	17	1,7	12	1,1	9	0,9
ЖИА	337	33,9	332	34,6	350	35,0	333	33,9	344	32,9	348	35,7
ЦВА	468	47,1	463	48,2	466	46,6	480	48,9	521	49,9	491	50,4
Басқа аурулар	124	12,5	112	11,7	118	11,8	112	11,4	121	11,5	97	9,9
Барлығы	994		960		999		981		1044		974	

Қанайналым жүйесі аурулары салдарынан болған алғашқы реттік мүгедек деңгейінің нозологиялық құрылымын зерттеу мынаны анықтады; қанайналым жүйесі аурулары арасында басты нозология болып цереброваскулярлы аурулар болды, орташа жылдық деңгейі - 48,5%, екінші орында – ЖИА, орташа жылдық көрсеткіші - 34,3%, үшінші орында жүрек – қантамыр жүйесі ауруларының басқа түрлері - 11,5% (23 кесте). Жалпы Қарағанды облысында қанайналым жүйесі аурулары (ҚЖА) салдарынан болған алғашқы реттік мүгедектік (АМ) 2007 жылмен салыстырғанда 2012 жылы 2,3%-ға төмендеген.

Қарағанды облысында ЦВА салдарынан болған алғашқы реттік мүгедектік орташа жылдық көрсеткіш 48,7% бола тұра 2007 жылы 47,1%-дан 2012 жылы 50,4%-ға дейін (+3,3%) керісінші өсу тенденциясына ие болды. 24 кестеде Қарағанды облысында қанайналым жүйесі аурулары салдарынан болған мүгедектер саны және олардың жыныс бойынша, сонымен қатар жұмыспен қамтылуы бойынша орналасуы көрсетілген.

24 кесте – Қарағанды облысында қанайналым жүйесі аурулары салдарынан болған алғашқы реттік мүгедектердің саны және олардың жынысы мен еңбек етуі бойынша орналасуы

Жыл-дар	Аймақтар	Барлығы	Оның ішінде жұмыс істейтіндер	Алғаш рет анықталған мүгедектердің (%)	Ерлер		Әйелдер	
					абс.	%	абс.	%
2007	ҚР	7747	3020	38,9	5414	69,9	2333	30,1
	Қарағанды облысы	994	507	51,0	681	68,5	313	31,5
2008	ҚР	8757	3419	39,0	6334	72,3	2423	27,7
	Қарағанды облысы	960	497	51,8	667	69,5	293	30,5
2009	ҚР	9422	3646	38,7	6900	73,2	2522	26,8
	Қарағанды облысы	999	492	49,2	698	69,9	301	30,1
2010	ҚР	9289	3559	38,3	6826	73,5	2463	26,5
	Қарағанды облысы	981	489	49,8	686	69,9	274	30,1
2011	ҚР	9577	3700	38,6	7034	73,4	2543	26,6
	Қарағанды облысы	1044	546	52,3	747	71,5	297	28,5
2012	ҚР	9479	3507	37,0	6914	72,9	2565	27,1
	Қарағанды облысы	974	506	51,9	710	72,9	264	27,1

ҚР-да қанайналым жүйесі аурулары салдарынан болған алғашқы реттік мүгедектердің (24 кесте) жалпы саны 2009 жылы 7747 адамнан 2011 жылы 9577 адамға дейін өскен, сонымен қатар 2012 жылы 9479 адамға дейін біршама төмендеген. 2007-2012 жж. аралығында Қарағанды облысында қанайналым жүйесі аурулары (ҚЖА) салдарынан болған алғашқы реттік мүгедек болып табылғандар (АМТ) санының өзгеруі 2007 жылы 994 адамнан 2012 жылы 474 адамға дейін төмендеу тенденциясына ие болса, ал 2011 жылы біршама 1044 адамға дейін көбейгенін көрсетті. Жалпы 6 жыл ішінде Қарағанды облысында қанайналым жүйесі аурулары салдарынан болған мүгедектікті ретроспективті бақылауға 5952 адам алынды, жылына бұл сан орташа – 992 адамды құрайды. Жұмыс істеушілердің саны Қарағанды облысында қанайналым жүйесі аурулары салдарынан болған алғашқы реттік мүгедектіктің ішінде республикалық көрсеткіштен жоғары болды және бұл көрсеткіш 2007 жылы 51,0% -дан 2012 жылы 51,9% аралығында пайыздық қатынаста ауытқып отыр. Талдау жасалған кезең ішінде Қарағанды облысында зерттелетін мүгедектік контингентінің жынысы құрылымында әйелдердің үлес салмағы ер адамдарға қарағанда біршама төмен болды және 2007 жылы 30,1%, 2008 ж. – 30,5%, 2009 ж. – 30,1%, 2010 ж. – 30,1%, 2011 ж. – 28,5%, 2012 ж. – 27,1% құрады. 25 кестеде мүгедектік топ бойынша қанайналым жүйесі аурулары салдарынан болған алғашқы реттік мүгедек болып табылғандардың таралуы берілген.

25 кесте - Мүгедектік топ бойынша қанайналым жүйесі аурулары салдарынан болған алғашқы реттік мүгедектердің таралуы

Мүгедек-тік топ	2007		2008		2009		2010		2011		2012	
	абс	%	абс	%	абс	%	абс	%	абс	%	абс	%
1 топ	133	13,4	129	13,4	137	13,7	130	13,2	151	14,5	173	17,8
2 топ	641	64,5	592	61,7	627	62,8	607	61,9	624	59,8	558	57,3
3 топ	220	22,1	239	24,9	235	23,5	244	24,9	269	25,7	243	24,9
Барлығы	994		960		999		981		1044		974	

Қарағанды облысында (АМТ) мүгедектіктің ауырлығына байланысты алғашқы реттік мүгедектің таралу сараптамасы (25 кесте) I және II топтағы мүгедектер (2007ж. - 77,9%, 2008 ж. - 75,1%, 2009 ж. - 76,5%, 2010 ж. - 75,1%, 2011 ж. - 74,3%, 2012 ж. - 75,1%) басым болғанын көрсетті. Сонымен қатар, соңғы 2 жылда I топтағы мүгедектер санының 2011 жылы 1,3% және 2012 жылы 3,3% көбеюі байқалуда.

Зерттелетін контингентте III топтағы мүгедектер орташа 24,3% құрайды, ол мүгедектік патологиясының ауырлығымен, қосымша басқа да аурулармен және соның салдары ретінде тіршілік ету деңгейінің шектеулілігімен түсіндіріледі. Қанайналым жүйесі аурулары салдарынан болған жас ерекшелік топтағы алғашқы реттік мүгедектік 26 кестеде берілген.

26 кесте - Қанайналым жүйесі аурулары салдарынан болған жас ерекшелік топтағы алғашқы реттік мүгедектік

Жыл	Барлығы	16-39 жас		40 жастан зейнеткерлік жасқа дейін		Зейнеткерлік жас	
		абс.	%	абс.	%	абс.	%
2007	994	29	2,9	895	84,0	70	7,1
2008	960	24	2,5	870	90,6	66	6,9
2009	999	30	3,0	895	89,6	74	7,4
2010	981	33	3,4	883	90,0	65	6,6
2011	1044	31	3,0	945	90,5	68	6,5
2012	974	63	6,5	807	82,6	104	10,8

26 кестеде берілгендей, облыстағы орта жастағы мүгедектердің (40 жастан зейнеткерлік жасқа дейін) үлес салмағы аса жоғары, сонымен қатар, бұл көрсеткіш тұрақты 80% (сараптама уақыты кезеңінде орташа – 87,9%) құрайды. Жас ерекшелік топта 18-жастан 39 жасқа дейін 2007 жылы 2,9%, 2012 жылы 6,5%-ға дейін өсу тенденциясы байқалған, мұндай көрсеткіштер 2007 жылы 7,1%, 2012 жылы 10,8% зейнеткерлік жас арасында да байқалған.

Сонымен, Қарағанды облысында қанайналым жүйесі аурулары салдарынан болған алғашқы реттік мүгедектің деңгейі 2007 жылы 10 мың халыққа 10,3-тен 2010 жылы 11,8, және 2012 жылы 9,8 аралығында ауытқып отырған. Ауыр мүгедектікке алып келетін, жүрек – қантамыр жүйесі аурулары арасында алдыңғы орында цереброваскулярлы аурулары алады, орташа жылдық деңгейі – 48,5%, екінші орында – 34,3% орташа жылдық көрсеткішпен жүректің ишемиялық ауруы (ЖИА) үшінші орында – жүрек - қантамыр жүйесінің басқа аурулары 11,5% алады. Жұмысшылардың саны Қарағанды облысында қанайналым жүйесі аурулары салдарынан болған алғашқы реттік мүгедектіктің ішінде республикалық көрсеткіштен жоғары болды, әйелдердің үлес салмағы ер адамдардың үлес салмағына қарағанда біршама төмен болды. Зерттелетін контингентте мүгедектіктің ауыр тобы басым болды, сонымен қатар соңғы 2 жыл ішінде 1 топ мүгедектердің 2011 жылы 3%-ға және 2012 жылы 3,3%-ға өсуі байқалуда.

2009-2013 жж. аралығында біз Қарағанды облысы бойынша 18 – жасқа дейінгі балалар арасында алғашқы реттік мүгедектікке сараптама жасадық (27 кесте).

27 кесте – Қарағанды облысы бойынша 18 – жасқа дейінгі балалар арасындағы алғашқы реттік мүгедектік

Жасы	Жылдар				
	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.
18 жасқа дейін	2362	2382	2256	2127	2080
16 жасқа дейін	507	549	551	572	588
16 жастан 18 жасқа дейін	47	31	43	32	36

27 кестеде берілгендей, мүгедек – балалардың көбісі 16 жасқа дейінгі жас ерекшелік топта басым екенін дәлелдейді. Қарағанды облысы бойынша жасөспірімдердің алғашқы реттік мүгедектіктің көрсеткіші (16-18 жас) 28 кестеде берілген.

28 кесте – 2009-2013 жж аралығында (10 000 балаға шаққанда) Қарағанды облысы бойынша жас өспірімдердің алғашқы реттік мүгедектің көрсеткіші

Жылдар	Алғашқы реттік мүгедектіктің көрсеткіші
2009	10,3
2010	4,7
2011	10,3
2012	5,2
2013	9,6

28 кестеде көрсетілгендей, алғашқы реттік мүгедектік көрсеткішінің азаюы байқалған, 10 000 балаға шаққанда 2009 жылы – 10,3, ағымдағы жылдың 10000 тұрғынына шаққанда 9,6 құрады. Жыныстық ерекшелік бойынша жасөспірімдер арасында алғашқы реттік мүгедектің таралуы 29 кестеде берілген.

29 кесте – 2009-2013 жж. аралығында Қарағанды облысы бойынша жасөспірімдер мүгедектігінің құрылымы (%)

Жылдар	Жынысы	
	ұлдар	қыздар
2009	55,3	44,7
2010	51,6	48,4
2011	50,4	49,6
2012	53,6	46,4
2013	52,8	47,2

29 кестеден көріп отырғандай, 16-18 жас аралығындағы мүгедек - жасөспірімдер арасындағы алғашқы реттік мүгедектік ер балалар арасында басым екенін көрсетті, оның орташа көрсеткіші - 52,7%, қыздар үшін - 47,3%.

Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау Заңында балаларда мүгедектік топ 16 жастан бастап анықталатыны айтылған. 2009-2013жж. аралығында Қарағанды облысы бойынша қала және ауыл халқы арасында алғашқы реттік мүгедектің ауырлық құрылымы 30 кестеде берілген.

30 кесте - 209-2013 жж. аралығында Қарағанды облысы бойынша мүгедектің ауырлығы бойынша бірінші реттік мүгедектің құрылымы

Жыл	Анықталғаны		Оның ішінде анықталғаны					
			1 топтағы мүгедек - бала		2 топтағы мүгедек - бала		3 топтағы мүгедек - бала	
	Қала	Ауыл	Қала	Ауыл	Қала	Ауыл	Қала	Ауыл
2009	47	17	-	9	18	3	29	5
2010	31	29	-	8	13	4	18	17
2011	43	30	-	5	16	9	27	16
2012	32	31	1	2	13	7	18	22
2013	36	14	1	2	14	4	21	8

30 кестеден көріп отырғандай, мүгедек–балалардың көп үлесі үшінші топтағы мүгедек-балаларға сәйкес келеді. 2009 жылдан 2012 жылдар аралығында мүгедек–балалардың саны ұлғайып келеді. Қала және ауыл тұрғындары арасындағы мүгедек–балалардың көбісі үшінші топқа сәйкес келеді.

